



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



INTERNATIONAL UNIVERSITY
OF TOURISM AND HOSPITALITY



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

**«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК САБАҚТАРЫ:
ЖҰМАБЕК ТӘШЕНЕВТИҢ МҰРАСЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

11 сәуір 2025 ж.

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«УРОКИ НАЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕРЕСА И ГОСУДАРСТВЕННОСТИ:
НАСЛЕДИЕ ЖУМАБЕКА ТАШЕНЕВА»**

11 апреля 2025 г.

**MATERIALS
OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND THEORETICAL CONFERENCE
"LESSONS OF NATIONAL INTEREST AND STATEHOOD:
THE LEGACY OF ZHUMABEK TASHENEV"**

April 11, 2025



**«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК САБАҚТАРЫ:
ЖҰМАБЕК ТӘШЕНЕВТИҢ МҰРАСЫ»**

атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

11 сәуір 2025 ж.

3 том

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической конференции

**«УРОКИ НАЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕРЕСА И ГОСУДАРСТВЕННОСТИ:
НАСЛЕДИЕ ЖУМАБЕКА ТАШЕНЕВА»**

11 апреля 2025 г

Том 3

MATERIALS

of international scientific and theoretical conference

**" LESSONS OF NATIONAL INTEREST AND STATEHOOD: THE LEGACY
OF ZHUMABEK TASHENEV"**

April 11, 2025

Volume 3

УДК 378
ББК 74.58
Ш77

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы – Ректор Шоқпаров Әлібек Жұмабекұлының
Редакциялық алқалығымен

Редакциялық алқа:

Шалабаева Л.И., Искаков Т.Б., Динашева Л.С.,
Абдрасилов Т.К., Сандыбаева А.Д., Малдыбек А.Ж.

Ұлттық мүдде және мемлекетшілдік сабақтары: Жұмабек Тәшеневтің мұрасы/ Уроки национального интереса и государственности: наследие Жумабека Ташенева / Lessons of National Interest and Statehood: the Legacy of Zhumabek Tashenev - Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары/ Материалы международной научно-теоретической конференции/ Proceedings of the International Scientific and Theoretical Conference. -Түркістан: ХТЖМУ, 2025. -Түркістан: Халықаралық туризм және меймандостық университеті, 2025. - 129 б.

ISBN 978-601-08-5030-9

«Ұлттық мүдде және мемлекетшілдік сабақтары: Жұмабек Тәшеневтің мұрасы» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы жинағы.

Материалдар жинағы элеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, студенттер мен магистранттарға және экономика, туризм, философия, мәдениет, тарих мәселелеріне қызығушылық танытатын қалың көпшілікке арналған.

Сборник материалов международной научно-теоретической конференции «Уроки национального интереса и государственности: наследие Жумабека Ташенева».

Материалы предназначены для научных работников, преподавателей, студентов и магистрантов в области социально-гуманитарных наук и широкой общественности, интересующейся вопросами экономики, туризма, философии, культуры, истории.

ISBN 978-601-08-5030-9

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Бимендин Б., Қабар Х. Орталық Азия ықпалдастығы: жаңа мүмкіндіктер	5
Тулеев Ж. М. Бағалау оқу мен оқытудың нәтижесіндегі білім сапасының көрсеткіші	12
Убайдуллаев М.М., Сүлейменова Г.М. Әлеуметтік желіде балалардың қауіпсіздігін кибербуллингтен қамтамасыз ету	19
Ерғазы Ж.Б., Сүлейменова Г.М. Қазақстандағы тастанды балалар тағдыры және олардың санын азайту жолдары	24
Сейтқазы Б. Е., Сүлейменова Г.М. Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы	33
Дүйсенби А.С., Сүлейменова Г.М., Жамелов Б.А. Жаһандану үдерісі қазақстанның білім беру жүйесіне әкелетін мүмкіндіктері мен кедергілері.	38
Иса Ж.Н., Сүлейменова Г.М. Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары	45
Әбзелбек Қ. Ғ., Сүлейменова Г.М. ҚР денсаулық сақтау саласын дамыту тұжырымдамасы: халықтың денсаулығын жақсартудағы шешімдер	52
Тұңғұшбай А.Ғ., Сүлейменова Г.М. Қазақстанның геоэкономикалық маңызын арттыру стратегиясы	61
Дауренұлы А., Сүлейменова Г.М. Қазақстандағы биоәртүрліліктің төмендеуінің жағымсыз салдарын алдын алу	68
Қалдыхан А.Қ., Сүлейменова Г.М. Жаңартылған энергия көздеріне көшудің Шымкент қаласындағы кәсіпкерлер үшін тиімділігі	73
Шапи А.А., Сүлейменова Г.М., Битанова А.Б. Мемлекеттің тұрғын үймен қамтуға бағытталған бағдарламалары	80
Бөрібай Ә.С., Сүлейменова Г.М., Амалбекова Б.А. Қытай халық республикасының инвестициялары және оның Қазақстанда алатын орны	88
Жанәлі А.Ә., Сүлейменова Г.М. Жаһандық жылыну процесінің Қазақстан өңірлеріне әсер етуі	95
Бауыржанқызы А.Ә., Сүлейменова Г.М. Цифрлық жүйеге көшу: Шымкент қаласының денсаулық сақтау саласына ықпалы	102
Мүтәліп Ш.Н., Сүлейменова Г.М. Қазақстан республикасындағы жоғарғы оқу орындары және халықаралық стандарттар	110
Еркебай Құдайберген, Сүлейменова Г.М., Баубекова Н.Ә. Мәдени институттар: театрдың рухани құндылықтарды дамытудағы рөлі	119

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Болат Бимендин

Ш.Айманов атындағы № 20 орта мектебінің директоры

Хайрым Кабар

Ш.Айманов атындағы № 20 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

(Астана, Қазақстан)

Hairy73@mail.ru

Аннотация. Мақалада Орталық Азия аймағындағы ықпалдастықтың жаңа мүмкіндіктері мен оның даму перспективалары талданады. Орталық Азияның саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын нығайту қазіргі таңда аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызды құрамдас бөлігіне айналуға. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан мемлекеттері арасындағы өзара ықпалдастық пен ынтымақтастықты тереңдетудің жаңа жолдары қарастырылған. Сондай-ақ, аймақтық интеграцияның жаңа мүмкіндіктері мен халықаралық аренада Орталық Азияның рөлі туралы ойлар өрбітілген. Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығының келешегі мен тиімділігін арттыру жолындағы қадамдар мен тетіктер қарастырылады.

Кілт сөздер: Орталық Азия, интеграция, Қазақстан, экономика, қауіпсіздік

Аннотация. В статье анализируются новые возможности интеграции и перспективы ее развития в Центрально-Азиатском регионе. Укрепление политических, экономических и культурных связей Центральной Азии в настоящее время становится важной составляющей региональной безопасности и стабильности. Предусмотрены новые пути углубления взаимодействия и сотрудничества между Казахстаном, Кыргызстаном, Узбекистаном, Таджикистаном и Туркменистаном. Также были высказаны мысли о новых возможностях региональной интеграции и роли Центральной Азии на международной арене. Будут рассмотрены шаги и механизмы по повышению перспектив и эффективности сотрудничества стран Центральной Азии.

Ключевые слова: Центральная Азия, интеграция, Казахстан, экономика, безопасность

КІРІСПЕ. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия елдері қиын жағдайға тап болды. КСРО шеңберінде одақтас республикалардың экономикалық өзара тәуелділігінің жоғары деңгейіне жеткен еді. Аталған байланыс жүйесінің ыдырауы үлкен проблема тудырды. Алайда Орталық Азиядағы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің даму деңгейі посткеңестік кеңістіктің Еуропалық бөлігіндегі республикаларға қарағанда төмен еді. Сондықтан оларға орталықтандырылған жүйенің ыдырауының салдарын жеңу қиынырақ болды. Сонымен қатар Орталық Азия елдері әлемдік мұхиттан қашықта орналасуына байланысты әлемдік нарықтан оқшауланды. Сондықтан олар жан-жақты дағдарысты жеңу үшін бір-бірімен ынтымақтастықта болуы керек болатын. Ең алдымен су-энергетика саласын тиімді реттеу сияқты көптеген мәселелер

туындады. Оларды шешу мақсатында аймақтық деңгейде мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеу үшін ұйымдар құрылды. Бірақ ортақ проблемалар мен жақындастырушы факторлардың болуына қарамастан, толыққанды интеграциялық бірлестік құру жөніндегі жобалар ешқашан іске аспады.

ТМД-дағы ықпалдастық қарқыны мен сипатына наразылықтың артуына байланысты Орталық Азия елдері жеке одақтар құруға талпыныс жасай бастады. 1993 жылғы 29 шілдеде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық интеграцияны тереңдету шаралары туралы Алматы үкіметаралық келісімге қол қоюы Орталық Азиядағы жекелеген процестердің бастауы болды, оған кейін Қырғызстан қосылды. Мемлекеттердің негізгі мақсаттары қолданыстағы өндірістік байланыстар үзілгеннен кейін ортақ экономикалық міндеттерді шешу, өңір елдерінің экономикалық әлеуетін дамыту, энергетикалық ресурстарды бөлу, өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б. жобаларды қамтыды. [11].

1994 жылғы 30 сәуірде Қазақстан, Өзбекстан және Қырғыз Республикасы арасында «Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдардың, жұмыс күшінің еркін қозғалысын көздейтін және келісілген кредиттік-есеп айырысу, бюджеттік, кедендік және валюталық саясатты қамтамасыз ететін» Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қол қойылды. Бұл Орталық Азия одағын (ОАО) құрудың бастамасы болды. Сонымен қатар, саяси саладағы ынтымақтастық күшейе түсті: 1995 жылы мемлекет басшылары деңгейінде тиісті бағыттардағы қатынастарды реттеу үшін институттар құрылды. Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі (ОАЫЖДБ) құру туралы шешім қабылданды. [10].

ОАО шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласында Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы келісімдерді қоса алғанда, бірқатар келісімдерге қол қойылды. Алайда мемлекет басшыларының Орталық Азиядағы ықпалдастық туралы көзқарастарының әртүрлі болуына, мемлекеттер ішіндегі өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелерге назар аудару қажеттігіне байланысты ОАО тек 1998 жылға дейін ғана өмір сүрді, аймақтағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселесі біртіндеп тоқырай бастады. [6].

1998 жылы ОАО Тәжікстан қосылғаннан кейін, аталған ұйым Орталық Азия Экономикалық Қоғамдастығы (ОАЭҚ) болып қайта құрылды. Су-энергетика, агроөнеркәсіп, көлік саласындағы өзара іс-қимыл, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы үйлестіру сияқты ынтымақтастық салалары ұсынылды. Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру жолындағы алғашқы қадам ретінде еркін сауда аймағын құруға ерекше назар аударылды. Бұл бағыттар 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған ОАЭҚ Интеграциялық даму стратегиясы және 2002 жылға дейінгі Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимыл бағдарламасы сияқты құжаттарды қабылдаумен нығайтылды. Еркін сауда аймағын қалыптастырудың аяқталуынан кейін кедендік, төлем және валюталық одақтар құрылады, нәтижесінде тауарлар, қызметтер мен капиталдардың бірыңғай нарығы қалыптасады деп болжанды. Жалпы ОАЭҚ шеңберінде 50-ден

астам экономикалық жоба бекітіліп, 160-қа жуық көпжақты құжат жасалды, бірақ олардың көпшілігі ешқашан іске асырылған жоқ. Мұның басты себептерінің бірі ОА елдері өңірден тыс сауда серіктестеріне көбірек көңіл бөлуінде еді. [6].

Радикалды исламизмнің ықпалының күшеюіне байланысты өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы көпжақты ынтымақтастықты жандандыру, терроризмге және діни экстремизмге қарсы күрес саясатын әзірлеу мақсатында 2001 жылы Ташкентте өткен кезекті саммитте ОАЭҚ Орталық Азия Ынтымақтастығы Ұйымына (ОАБІҰ) айналдыру туралы шешім қабылданды. Осылайша, экономикалық назар аймақтағы тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз ету мәселелеріне ауысты [2].

Алайда өңір мемлекеттерінің интеграциялық құрылымдар құру және ынтымақтастықты күшейту жөніндегі белсенді қызметіне қарамастан, алға қойған мақсаттарына қол жеткізе алған жоқ. Бірыңғай нарық құрылмады. ОА елдерінің экономикасы одан әрі алшақтай түсті.

Орталық Азия ықпалдастығының алдыңғы кезеңдегі сәтсіздігінің себептеріне үңілген кезде, 1990-2000 жылдардың басындағы Орталық Азиядағы ықпалдастық идеялардың ауқымы нақты экономикалық құралдармен қамтамасыз етілмегендігі назар аударады.

2. «Орталық Азия бестігі» және ынтымақтастықтың жаңа кезеңі

2016 жылы Өзбекстанда Ш.Мирзиесевтің билікке келуімен және жүргізілген ауқымды реформаларға байланысты өңірлік көп векторлы ынтымақтастықты жаңғыртудың жаңа кезеңі басталды. Ташкент сыртқы саясатының басты басымдығы ретінде көршілермен ынтымақтастыққа айрықша назар аударды, осыған байланысты өңір мемлекеттерімен диалог қайтадан жанданды. Мәселен, 2018 жылғы наурызда Астанада барлық Орталық Азия мемлекеттері басшыларының қатысуымен алғашқы консультативтік кездесу өтті. Бұл оқиға сыртқы күштердің қатысуынсыз, Орталық Азия елдерінің өздері өткізген алғашқы кездесуі болды. Саммитте: су-энергетикалық проблема, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өңірдің сауда-экономикалық ынтымақтастық пен транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық бағыттағы өзекті мәселелері талқыланды. [11].

Келесі консультативтік кездесу 2019 жылғы 29 қарашада Ташкентте өтті. Саммитте өңірдегі ынтымақтастықтың бірыңғай көзқарасын келісудің маңыздылығы атап өтілді. Көп жылдардан бері шешілмеген маңызды мәселелер бойынша келісімдерге қол жеткізіліп, істің ілгерілеуіне айтарлықтай екпін берді. Осыған байланысты өзбек көшбасшысы Ташкентте Орталық Азия елдерінің инвестициялық форумын құруды, сондай-ақ сауда-өнеркәсіп палаталары басшыларының жыл сайынғы кездесулерін өткізуді ұсынды. Өңірдегі қауіпсіздік мәселелерінің маңыздылығы, энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ Орталық Азияның мәдени-гуманитарлық және туристік әлеуеті ерекше атап өтілді. 2019 жылы Ш.Мирзиесев ұсынған Орталық Азиядағы көлік жүйесін бірлесіп дамыту жөніндегі келісімге 2023 жылы қол қойылды. Ташкентте өткен кездесуде Эмомали Рахмонның өңірлік жобаларды қаржыландыру үшін Орталық Азияның инвестициялық қорын құру туралы

айтқан ұсынысы іс жүзінде аяқсыз қалды. Сарапшылар бұл жобаның маңыздылығын мойындайды, алайда оған қаржы бөлуге ешкім асықпауда. [2].

Президент Қ.Тоқаевтың алтыншы консультативтік кездесу қарсаңында жарияланған бағдарламалық мақаласында «аймақ тұрғындарының тағдыры шешілуіне байланысты болатын маңызды мақсаттар мен міндеттері тізімінде» өңірлік қауіпсіздік қамтамасыз ету мәселесі бірінші тұрғаны кездейсоқ емес екенін көруге болады. [10].

3. Орталық Азия елдері ынтымақтастығына сыртқы факторлардың мүддесі

Қытай мен АҚШ Орталық Азияны стратегиялық маңызды аймақ ретінде қарастырғанымен, олармен ынтымақтастық жасаудағы көзқарастары әр түрлі. Қытайдың негізінен екіжақты механизмдер және мәдени дипломатиямен бекітілген инфрақұрылым мен сауда арқылы экономикалық тәуелділікті құруға бағытталған. АҚШ керісінше, өзара әрекеттесу моделінің бөлігі ретінде адам құқықтары мен тұрақты дамуға баса назар аудара отырып, қауіпсіз және демократиялық ортаны құруға басымдық береді. Екі держава да ОА елдеріндегі тұрақтылық пен экономикалық өсудің маңыздылығын атап өткенімен, олардың әдістері мен жұмыс бағыттары олардың аймақтағы кең стратегиялық мақсаттарын көрсетеді. [3].

Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиялық мақсаттарына экономикалық ықпалды кеңейту, негізгі ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету және «Бір белдеу, бір жол» бастамасы сияқты инфрақұрылымдық жобалар арқылы аймақтық байланыстарды нығайту кіреді. Екінші жағынан АҚШ аймақтағы қауіпсіздікті, демократияны және адам құқықтарын нығайтуға, сондай-ақ қытайдың, әсіресе АҚШ үшін маңызды салаларда өсіп келе жатқан ықпалына қарсы салмақ түсіруге тырысады.

Орталық Азия елдері әлемдік державалармен белсенді өзара іс-қимыл жасай отырып, ықпалды сыртқы ойыншылардың мүдделерін өңірлік басымдықтар және Орталық Азия ішіндегі мемлекетаралық қатынастар арқылы теңестіру барған сайын қиындап барады. Аталған тепе-теңдікті сақтау барлық қатысушы елдер үшін өте маңызды. [4].

Мысалы «Орталық Азия-АҚШ» Саммитінен кейінгі сөзінде АҚШ бұрынғы президенті Джо Байден стратегиялық автономияға және аймақтық әлеуетті нығайтуға, әсіресе қауіпсіздік пен экономикалық тәуелсіздікке баса назар аударды. Оның көзқарасы жаһандық жеткізу тізбегінің тұрақтылығына және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа баса назар аудара отырып, әлеует пен өзара байланысты нығайту болып табылады. [5].

ҚХР Коммунистік партиясының Төрағасы Си Цзиньпин «Орталық Азия-Қытай» саммитінде ұзақ мерзімді интеграцияға және ынтымақтастықтың «жаһандық тұрақтылық пен өркендеудің» кеңірек салдарына баса назар аударады. Ол Орталық Азияны Қытаймен тығыз байланыстыратын ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға басымдық бере отырып, «Бір белдеу, бір жол» сияқты бастамаларды жүзеге асыруға мүдделі. Бұл жағдай аймақтағы АҚШ пен ҚХР мүдделерінің ықтимал қақтығысын көрсетеді. [8].

Ибн Халдун университеті жанындағы Г.Алиев атындағы Еуразиялық зерттеулер орталығының сарапшысы Эльданиз Гусейнов және Орталық Азиядағы IWPR өңірлік директоры Абахон Султоназаров АҚШ пен Қытайдың Орталық Азиямен өзара іс-қимыл форматтарын талдап, Орталық Азия елдерінің ынтымақтастық үрдісін сыртқы күштерге бергісі келетінін атап өткен. Бұл тұрақты кездесулер мен стратегиялық ынтымақтастық сияқты белгілі бір жетістіктерге ие болғанымен, осы процестерге қатысатын державалардың мүдделерін ескеру қажеттілігін және олардың арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін қоса алғанда қиындықтар туғызады-деп атап көрсетеді. [12].

4. Орталық Азия елдері ынтымақтастығындағы Ресейдің мүддесі

Ресей Орталық Азия елдеріне экономикалық процестерді «Үлкен еуразиялық әріптестік» деп аталатын бірыңғай интеграциялық контурға біріктіруді ұсынады. Шығыстанушы Леонид Млечиннің пікірінше: «осы макроөңірдің қақ ортасында орналасқан Қазақстан сөзсіз ұтымды позицияда, ал Ресей Астанамен «достық-саяси қатынастарды барынша нығайту маңызды».

«Орталық Азияның рөлі артып келеді. Қазақстан-өңірдің дәл орталығында. Орталық Азияда орасан зор байлық шоғырланған. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «әлемнің жаңа экономикалық географиясы қалыптасып жатыр, ал Қазақстан жаһандық Солтүстік пен оңтүстікті, Батыс пен Шығысты байланыстыратын жолдардың қиылысында тұр»-деді. Біз үшін осындай маңызды көршімізбен достық-саяси және серіктестік-экономикалық қатынастарды жан-жақты дамытып, нығайтуымыз керек»-дейді- Л.Млечин. [7].

Ресей Президенті жанындағы ұлттық тарихи жады орталығының сарапшысы Александр Макушин: «Ресей мен Қазақстан жалпы интеграциялық процестер туралы айтып қана қоймай, посткеңестік кеңістіктегі нақты интеграцияның маңызды шарты болып табылатын экономиканы дамыту өте қажет деп санайды. Ресейлік бизнестің Қазақстанға салған 55 миллиард доллары үлкен сома болып көрінеді, бірақ бүгінде бүкіл өңірдің өркендеу кеңістігі салынып жатқанын ескерсек, бұл онша көп емес»-дейді.

Ресей мен Қазақстан Президенттері Владимир Путин мен Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың өзекті мәселелерін талқылап, үнемі келіссөздер жүргізіп отырады. В.Путин: «Қазақстан еліміздің негізгі экономикалық әріптестерінің бірі ретінде берік орнықты» -деген еді.

Соңғы жылдарда Ресей мен Қазақстан арасында энергетика саласының дамуы айтарлықтай жанданды. Біріншіден, бұл «Орта Азия-Орталық» газ құбырын кері пайдалану жөніндегі мемлекетаралық жоба, нәтижесінде Ресейден Қазақстан арқылы Өзбекстанға табиғи газ үздіксіз жеткізіледі. Екіншіден, Қазақстанның солтүстігінде «Газпром» ауқымды газ тарату желісін салуға бастама жасады, ал «Интер РАО» Көкшетау, Семей және Өскеменде үш ЖЭО салуға кірісті. Үшіншіден, «Росатом» қазақстандық атом электр станциясында алдағы құрылыс үшін ядролық технологияларды әлеуетті жеткізушілердің қысқа тізіміне енді. 2025 жылы «Сибур» (Атырау облысында полиэтилен өндіретін зауыт салу) және «Ростсельмаш» (Қазақстан аумағында комбайндарды құрастыру) серіктестікте екі жаңа серпінді ресейлік-қазақстандық жобаны іске асыру күтілуде. [3].

2026 жылы Каспийдегі қазақстандық верфтерде «Қаламқас-теңіз» жобасы үшін теңіз платформаларының құрылысы басталады. Бұл жоба Қазақстанға 6 млрд доллардан астам тікелей инвестиция әкеледі деп күтілуде. [3].

Жалпы Қазақстанда Ресейдің қатысуымен 23 мыңнан астам компания жұмыс істейді, ал өнеркәсіптік кооперация шеңберінде шамамен 53 млрд доллар сомасына 171 жоба іске асырылуда.

Қазіргі кезеңде барлық сыртқы «ойыншылар» Орталық Азия елдері арасындағы өзара іс-қимылды дамытуға мүдделі. Орталық Азия елдерінің позицияларын жеке-жеке және «Орталық Азия бестігі» ретінде нығайту ұлы державалардың ешқайсысына зиян тигізбейді. Жекелеген мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты жолға қоймай, өңірді тұрақтандыруға қол жеткізу мүмкін емес. Ресей үшін бұл жерде тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау, әсіресе еңбек мигранттарының ауқымды ағындары мен діни экстремизм мен терроризмнің таралу қаупінің күшеюі жағдайында ерекше маңызды болып қала береді. [9].

Тіпті аймақтың географиясы сыртқы ойыншылардың қызығушылығына байланысты өзгеруі мүмкін. Қазіргі уақытта Орталық Азия елдерінің әлемдік экономикаға қатысуы мен дамуының әртүрлі модельдерінің, мемлекеттердің прагматикалық көзқарастарының болуы-экономикалық қатынастарды кеңейту, көлік байланыстарын жақсарту, өзара сауда үшін кедергілерді жою сияқты көпжақты ынтымақтастық мәселелерін шешу сияқты нақты міндеттерді алға тартады. Бүгінгі таңда мемлекет көшбасшыларының аймақтық ынтымақтастықты ілгерілетуге деген өзара қызығушылығы мен саяси еркі бар екендігі де маңызды.

5. Біздің мүддеміз қандай және тиімді түйін

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатында Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастарға әрқашан ерекше көңіл бөлінді. Сонымен бірге сыртқы саясаттың Орталық Азия векторына тұжырымдамалық тәсілдер жеткілікті деңгейде пысықталмады, ұзақ мерзімді стратегия жасалмады.

Орталық Азия елдері өңірішілік ынтымақтастығының баяулауы мынадай факторларға байланысты:

1. Сыртқы державалардың күшті қатысуы. Дербестікке ұмтылуы мүмкін басқа аймақтық бірлестіктерден айырмашылығы;

2. Экономика және қауіпсіздік мәселелеріне назар аудару. Орталық Азияның сыртқы ойыншылармен өзара іс-қимылы көбінесе экономикалық интеграцияға және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа бағытталған;

3. Орталық өңірлік үйлестіруші органның болмауы. ЕО-дан айырмашылығы, ОА-да саясатты немесе интеграциялық күш-жігерді үйлестіретін жоғары басқару органының болмауы, бұл аймақты өзінің ынтымақтастығын институттандыру үшін сыртқы құрылымдарға тәуелді етеді.

Орталық Азияда дамып келе жатқан процестерді қарастыратын болсақ, соңғы ширек ғасырдан астам уақыт бұрын орын алған оқиғаларға ұқсас көптеген нәрселерді көреміз.

Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Президент Қ. Тоқаев: «біз батыстық және өзге де үрдістердің ықпалымен біздің мәдениетімізге жат құндылықтарды

енгізетіндерге, сонымен қатар әлемнің дуалистік негізіне қайшы келетіндерге де жол бермейміз» деген еді.

Конференциялар, форумдар өткізу, сондай-ақ негіздемелік келісімдерге қол қою туралы бастамалар ерте ме, кеш пе іске асырылады деп болжауға болады. Бірақ жаңа экономикалық ынтымақтастық институттарын құру қиынырақ болады.

«Жақын арада Орталық Азияда интеграциялық бірлестіктің тұрақты форматын құру екіталай. Алайда, геосаяси қысым жағдайында Орталық Азия мемлекеттері өздерін посткеңестік мемлекеттердің жиынтығы ретінде емес, сыртқы әлеммен байланыс үшін тұрақты және перспективалы аймақ ретінде көрсетуге тырысады. Әлемдік істерде тұтастай алғанда өңірдің өкілдік деңгейін арттыруға саяси сұраныс практикалық ынтымақтастық үшін алғышарттардың объективті болмауымен қаншалықты бәсекелес болатынын таяу жылдары көруге болады», - деп жазады ЕҚЫҰ ғылыми қызметкері Дарья Рекеда.

Егер тарихқа жүгінетін болсақ, дәл осы себептерден Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Орталық Азия терминін ұсынған еді. Әлемдік істерде тұтастай алғанда өңірдің өкілдік деңгейін арттыруға саяси сұраныс практикалық ынтымақтастық үшін алғышарттардың объективті болмауымен қаншалықты бәсекелес болатынын біз алдағы жылдары көруіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. ТМД Атқару комитетінің ресми сайты. Алғашқы Консультативтік кездесу.
2. ТМД Атқару комитетінің ресми сайты. Екінші Консультативтік кездесу.
3. RIA.ru. АҚШ Орталық Азия үшін күреске дайындалуда. Олар Ресейді немесе Қытайды ығыстыра ма?
4. ИТАР-ТАСС. «Встреча глав МИД «пятерки» стран Центральной Азии и РФ».
5. Е.Г.Махмутова. «Центральная Азия в поисках собственной интеграционной модели». Вестник МГИМО., 2018 ж., №4
6. «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы Шарт». Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан мемлекетаралық Кеңесінің негізгі құжаттар жинағы. Бішкек., 1998.
7. Г.Саидазимова. «Интеграция в Центральной Азии: реалии, вызовы, возможности». Орталық Азия және Кавказ. 2000 ж., № 3
8. С.Жуков. «Экономическое взаимодействие на постсоветском пространстве». Әлеуметтік-саяси және экономикалық зерттеулер журналы. 2006 жыл., 1 том.
9. Жуков С., Резникова О. Кавказ и глобализация// Әлеуметтік-саяси және экономикалық зерттеулер журналы. 2006 ж., 1 том.
10. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жұмыс (консультативтік) кездесуі.

11. Өзбекстан Республикасының БҰҰ-дағы Тұрақты өкілдігінің ресми сайты. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуінің бірлескен мәлімдемесі.,

12. Казанцев А.А. Большая игра» с неизвестными правилами: мировая политика и Центральная Азия. Еуразия Мұрасы. 2008

БАҒАЛАУ ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕГІ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Тулеев Ж. М.

*Молда Мұса атындағы жалпы білім беретін мектебі, директордың
бейінді ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі
(Түркістан, Қазақстан)
zhumakhan0610@mail.ru*

Аннотация. Бұл мақалада оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалау арқылы оның құзыреттілігін бағалау қажеттілігі айтылған. Қазіргі кезде оқушының білімділігі ғана емес, ең бастысы, оның құзыреттілігін, яғни жеке тұлғалық қасиеттерін, айналамен дұрыс қарым-қатынасын, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеу, өзіндік білімін көтеру сияқты қабілеттерін бағалай отырып, оны шынайы өмірге әзірлеуге бағыттары келтірілген. Бағалаудың әрбір түрінің құндылықтары мен ерекшеліктері, критерилері жан-жақты талдаған. Әрбір бағалау түрінің пән ерекшелігіне қарай толықтырып, дамытып отырудағы мұғалім шеберлігіне ерекше мән берілген.

Кілт сөздер: тікелей, жазбаша, ауызша, өзіндік есеп, сенімділік, жарамдылық.

Аннотация. В данной статье отмечена необходимость оценки компетентности учащегося путем оценки его знаний, умений и навыков. В настоящее время приведены ориентиры для подготовки ученика к реальной жизни, оценивая не только его знания, но и, самое главное, его компетентность, то есть личностные качества, правильное отношение к окружающей среде, способности к саморазвитию, саморегуляции, самообразованию. Всесторонне проанализированы ценности и особенности, критерии каждого вида оценки. В зависимости от специфики предмета каждого вида оценивания особое значение придается мастерству учителя в дополнении и развитии.

Ключевые слова: прямая, письменная, устная, самоотдача, надежность, пригодность

Annotation. This article notes the need to assess the competence of the student by assessing his knowledge, skills and abilities. Currently, guidelines are given for preparing a student for real life, assessing not only his knowledge, but, most importantly, his competence, that is, personal qualities, the right attitude to the

environment, the ability to self-development, self-regulation, self-education. Values and features, criteria of each type of assessment are comprehensively analyzed. Depending on the specifics of the subject of each type of assessment, special importance is attached to the teacher's skill in complementation and development.

Keywords: direct, written, oral, dedication, reliability, suitability

Қазіргі білім беру жүйесінің ерекшелігі – оның негізгі құралы – құзыреттілік. Бұл білім алушының қандай да бір іс-әрекетке деген құзыреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Яғни оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалау арқылы оның құзыреттілігін бағалауымыз қажет. Қазіргі кезде оқушының білімділігі ғана емес, ең бастысы, оның құзыреттілігін, яғни жеке тұлғалық қасиеттерін, айналамен дұрыс қарым-қатынасын, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеу, өзіндік білімін көтеру сияқты қабілеттерін бағалай отырып, оны шынайы өмірге әзірлеуге тиістіміз[1, 15 б].

Сондықтан да қазіргі кездегі бағалау оқыту үдерісінің әрі маңызды әрі салмақты бөлігі болып табылады. Бағалау – өмір талабы. Бағалау дегеніміз – алдымызға жүйелі түрде бір мақсат қойып, оған жету жолында өз қабілетімізді дамыта отырып, кездескен қиыншылықтарды жеңу, демек адамның өмір толқынында өзін-өзі тәрбиелеуі болып табылады. Бұл үдерістің балалық шақтан бастау алып, болашаққа жол сілтері сөзсіз. Алдымыздағы оқушыны өзін-өзі бағалауға үйрете отырып, оның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру арқылы өмірге икемдеу ұстаз атаулының негізгі міндеттерінің бірі деп түсінемін.

Оқыту дедуктивті сипатта болғандықтан, біз оны тікелей бақылай алмаймыз. Ол нәтиже арқылы, яғни оқушылар не істеді, не айтты – сол арқылы ғана анықталады. Оқушылармен жұмыс жүргізетін зерттеушілер мен практик-мамандар оқушылардың білім алатынына шек келтірмесе де, нақты нені үйренгеніне көз жеткізу үшін олардың жетістіктерін бағалауға тиіс.

Бағалау дегеніміз – «зерттеліп отырған білім беру факторларына қатысты оқушылардың мәртебесін ресми түрде анықтауға тырысу». Мектепте зерттеліп отырған білім беру факторы деп оқушының әр салада қол жеткізген жетістігін (оқу, жазу, есеп шығару, ғылым) айтамыз. Оқушының жетістігі мәселесі – күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірі. Қабылданған стандарттар оқушылардың білімі үшін жүктелетін жауапкершілік көпшілік назарында болатынын айғақтайды.

Бұл мәселеге қатысты екі нәрсені айта кеткен жөн: бірінші – мектептердің осылай есеп беруінің нәтижесінде емтихан білімді бағалау тәсіліне айналса, білімді бағалау, өз кезегінде, тестілеуден басқа да білімді өлшеу тәсілдерін қамтиды (бұл турасында айтылады). Зерттеушілер мен практик-мамандар «оқытудың нәтижесі болды ма, жоқ па» деген сауалдың жауабын білгісі келеді. Осы орайда студенттердің білім нәтижелерін бақылаудың тестілеуден басқа да тәсілдері бар екенін айта кеткен жөн. Екінші, контенттік тұрғыдан қарастыратын болсақ, негізгі бағалануы қажет нәтиже – оқушылардың дағдысы. Бірақ зерттеушілер мен практик-мамандарды оқытудың басқа түрлері де қызықтыруы мүмкін. Мысалы, «оқушылар жаңа көзқарастар мен өзіндік бақылау жолдарын үйренді ме немесе контенттік оқыту нәтижесінде олардың мүдделері,

құндылықтары, өзіндік тиімділігі мен ынтасы артты ма» деген сауалға жауап іздеуі ықтимал.

Осыған байланысты оқыту нәтижесін бағалау жолдары туралы айтатын боламыз. Мұндай тәсілдерге тікелей бақылау, жазбаша жауап беру, ауызша жауап беру, өзгенің бағалауы және өзіндік есеп жатады[2, 75 б].

Тікелей бақылау дегеніміз – оқыту нәтижелі болды ма, жоқ па дегенді бағалау мақсатымен оқушылардың мінез-құлқын бақылау. (Тікелей бақылаудың есептік бақылаудан айырмашылығы – есептік бақылау кезінде мұғалімдер оқушылардың мінез-құлқын бақылау нәтижесі туралы есеп береді.) Мұғалімдер тікелей бақылауды ұдайы жүргізіп отырады. Химия пәнінің мұғалімі балалардың зертханалық әдістерді білгенін қалайды. Сондықтан зертханада жұмыс істейтін оқушылардың дұрыс тәсілді таңдауын үнемі қадағалап отырады. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі балалардың баскетбол добын лақтыруын бақылай отырып, олардың бұл дағдыны қаншалықты жақсы меңгергенін бағалай алады. Бастауыш сынып мұғалімі балалардың мінез-құлқына қарап, олардың сыныптың ішкі тәртібін қаншалықты дұрыс игергеніне баға береді.

Зерттеушілер өзіндік қорытынды жасамай, зерттеу әділ жүргізілген жағдайда аталған әдістің пайдасы көп. Мінез-құлықтың қандай болатынын алдын ала белгілеп, кейін оқушылардың мінез-құлқы стандартқа қаншалықты сай келетінін бақылау осы зерттеу әдісінің маңызын арттыра түседі.

Бұл әдістің кемшілігі – олар өздері байқай алатын жағдайға ғана көңіл аударады да, іс-әрекеттің негізгі себептері – танымдық және аффективтік процестерді назардан тыс қалдырады. Мысалы, химия пәнінің мұғалімі оқушылардың зертханадағы жұмыс тәртібіне жетіктігін білгенімен, жұмыс істеу барысында олардың не ойлайтынын немесе іске қаншалықты сенімді екенін білмейді.

Тағы бір кемшілік – іс-әрекетті бақылау оқытудың іске асқанын білдіргенімен, қандай да бір істің орындалмай, назардан тыс қалуы оқыту процесі іске аспады дегенді білдірмейді. Оқыту нәтижемен бірдей емес. Нәтижеге оқытудан басқа да факторлар әсер етеді. Оқушылардың ынтасы төмен болғандықтан немесе өздерін жайсыз сезінгендіктен, сондай-ақ оқу процесіне қатыссыз іс-әрекетпен айналысқандықтан, бар білгенін көрсете алмауы мүмкін. «Нәтиже көрсете алмады» деген қорытынды жасамас бұрын, оған әсер ететін осы сияқты басқа факторларды анықтап алуымыз керек. Бұл кей жағдайда негізсіз көрінуі мүмкін және оқушылар әдетте барынша тырысып оқиды, ал олардың жақсы нәтиже көрсете алмауы «оқыту процесі дұрыс ұйымдастырылмаған» деген шешім шығаруға итермелейді.

Жазбаша жауап бер. Көп жағдайда мұғалім оқыту нәтижелерін оқушылардың жазбаша бақылау жұмыстары, шағын тестілер, үй тапсырмалары, тоқсандық курс жұмыстары және рефераттарына сүйене отырып бағалайды. Жазбаша жұмыстар негізінде және оқушылардың дағдыларды игеру деңгейін бақылай отырып, мұғалім оқыту процесі дұрыс бағытта ма, берілген материалды оқушылардың толық түсінбеуіне байланысты қосымша білім берудің қажеті бар ма деген мәселені шешуі қажет. Мұғалімнің ойын балалардың сабақ басталар алдында жазған бақылау жұмыстары да дәлелдеп берді. Осыған байланысты,

жана сабақты түсіндірген соң мұғалім оқушыларға тағы да бақылау жұмысын береді. Оқушылардың көрсеткіштері мұғалімнің «оқушылар сәл де болса білімге қол жеткізді» деген қорытынды шығаруына түрткі болады.

Бұл тәсілдерді қолданудың салыстырмалы түрдегі жеңілдігі мен әртүрлі материалды қамту мүмкіндігі аталған әдістің басқалардан артықшылығын көрсетеді. Қазіргі кезде технологиялық жетістіктерді (мысалы компьютерлер, кликерлер) қолдана отырып, көптеген жазбаша жауаптардың электрондық нұсқасын жасауға болады. Жазбаша жауаптар оқыту нәтижесін білдіргенімен, оқушылар қандай да бір жетістікке қол жеткізген жағдайда, олардың мінез-құлқына әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды да ескеру қажет. Жазбаша жауаптар оқушылардың жетістіктеріне, яғни олардың жазбаша жұмыстарына әсер ететін ешқандай сыртқы фактордың (мысалы, шаршау, ауыру, көшіру) болмағанына біздің сенуімізді талап етеді. Сондықтан біз балалардың нәтижесі мен соған сәйкес алатын бағаларына әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды да анықтауға тиіспіз.

Ауызша жауап беру Ауызша жауап – мектеп мәдениетінің ажырамас бөлігі. Мұғалімдер балаларға сұрақ қойып, олардың берген жауабына қарай оқу нәтижесін бағалайды. Сабақ кезінде оқушылар да сұрақ қоя алады. Егер олардың сұрағынан қандай да бір нәрсені түсінбегені байқалса, онда оқыту қажетті деңгейде өткізілмеді деген шешім шығаруға болады.

Біз жазбаша жауап сияқты, ауызша жауапты да оқушылар білімінің нақты көрсеткіші деп қабылдаймыз. Алайда үнемі солай болуы мүмкін емес. Себебі ауызша жауап беру – тапсырманың бір түрі. Ал кейбір оқушылар жана терминдерге, сөйлеген кездегі қобалжуларға, тілдік қиындықтарға байланысты өздерінің білетінін ауызша жеткізе алмауы мүмкін. Оқушылар мұғалімдердің айтқанын қайталай алғанымен, мұндай қайталаулар оқушының ойын нақты жеткізе алмайды.

Өзгенің бағалауы. Оқытуды бағалаудың тағы бір әдісі – жеке адамдардың (мысалы, мұғалімдер, ата-аналар, әкімгерлер, зерттеушілер, құрдастары) оқушылардың білімін сандық және сапалық тұрғыдан бағалауы.

Мұндай бағалаудың артықшылығы – оқушылардың өздеріне (мысалы, осыдан кейін айтылатын өзіндік есеп) қарағанда, оларды бақылаушылардың пікірі шындыққа жанасуы мүмкін. Бағалауды қандай да бір іс-әрекетке (мысалы, түсіну, ынталандыру, көзқарастар) бастайтын оқыту процесіне қатысты қолдансақ та артық емес және олар тікелей бақылау кезінде қол жеткізу мүмкін емес деректерді анықтауға көмектеседі. Өзгенің бағалауы кезінде, тікелей бағалаумен салыстырғанда, қорытынды көбірек жасалады. Оқушының үйрену жылдамдығын, түсіну тереңдігін немесе көзқарасын нақты бағалау онша оңай шаруа емес. Бұл тәсіл бақылауға қатысушылардан оқушылардың немен айналысатынын есте сақтауды талап етеді. Олар тек позитивті немесе негативті жағдайларды ғана есте сақтаса, бақылау тоқтатылады.

Өзіндік есеп. Өзіндік есеп дегеніміз – адамдардың өздерін бағалауы мен өздері туралы мәлімдемелері. Өзіндік есептің бірнеше түрі бар: сауалнама, сұхбат, еске түсіру, дауыстап ойлау және диалог[3, 124 б].

Сауалнама кезінде респонденттерге сұрақтар беріп, олардың өз ойын білдіруін өтінеді. Сауалнамаға қатысушылар өздері айналысып жүрген істері жайлы айтып, біліктіліктің қандай деңгейіне жеткенін бағалаумен қатар, осы іспен қашаннан бері айналысып жүргені туралы ойын бөлісе алады. Өзіндік есеп кезінде респонденттерден кейде өз нәтижелерін сандық көрсеткіш арқылы бағалауын өтінеді.

Сұхбат деп сұхбат алушы талқылауға, сұрақ немесе тақырып беріп, респонденттің оған ауызша жауап беруін айтамыз. Сұхбатқа, негізінен, жеке адамдар қатысады, алайда топтық сұхбаттар да болады. Зерттеуші оқу контексін сипаттап, оқушылардан мұндай жағдайда қалай білім алатынын сұрауы мүмкін. Жауаптар өте қысқа болса немесе респонденттер жауап бергісі келмесе, олардың қанағаттандырарлық жауап беруі үшін сұхбат алушылар мүмкіндік туғызуы тиіс.

Еске түсіру тәсілі бойынша адамдарға бір тапсырма беріледі де, сол тапсырманы орындау кезінде не ойлағандарын еске түсіруі қажет болады. Сұхбат алушылар оларға түрлі сұрақтар қояды (мысалы, осы тапсырманы орындай алмаған кезде қандай ойда болдың?»). Зерттеу барысы видеотаспаға жазылып алынған жағдайда респонденттер жазбаны қайта көріп, сұхбат алушылар сұрақ қойған кезде болған жағдайды еске түсіреді. Зерттеуге қатысушылар ойларын ұмытып қалмауы үшін бұл тәсілді зерттеу аяқтала салысымен қолдану керек.

Дауыстап ойлау дегеніміз – оқушылардың қандай да бір тапсырманы орындау барысында өз ойларын, әрекеттерін, сезімдерін сыртқа шығаруы. Ойды дауыстап айтуды немесе вербалдауды зерттеушілердің таспаға жазып отыруы түсіну деңгейін анықтауға көмектеседі. Яғни бұл тәсіл респонденттерден ойды дауыстап айтуды талап етеді. Көп оқушы сабақта дауыстап ойлауға үйренбеген. Ұялшақ немесе ойларын ашық білдіруге қиналатын кейбір адамдарға бұл тәсіл орынсыз көрінуі мүмкін. Осыған байланысты, зерттеушілер олардың ойын еркін білдіруі үшін бар мүмкіндікті жасауы қажет [4, 65 б].

Өзіндік есептің тағы бір түріне *диалог* жатады және оны оқу процесі барысындағы екі немесе одан көп адамның әңгімелесуі деп анықтауға болады. Дауыстап ойлау сияқты, диалогті де таспаға жазып, оқытуға әсер ететін факторларды анықтау мақсатымен кейінірек талдаған дұрыс. Диалог оқушылардың тапсырманы орындауы барысындағы нақты қарымқатынасты қамтығанымен, олардың нәтижесін талдау кезінде нақты жағдайдан тыс жағдаяттар да талдануы мүмкін.

Өзіндік есеп тәсілін таңдап алу бағалау мақсатымен сәйкес келуі керек. Сауалнама көптеген материалды қамтиды. Сұхбаттар аз ғана мәселені терең зерттеуге көмектеседі. Еске түсіру тәсілі кезінде респонденттер белгілі бір әрекет кезіндегі ойларын еске түсіруі тиіс. Дауыстап ойлау дәл қазір санада орын алған ойды білдірсе, диалог әлеуметтік қарым-қатынас үлгілерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Өзіндік есеп тәсілдерін құрастырып, оны басқару аса күрделі емес. Сауалнаманы толтыру және оған баға беру де оңай. Алайда оқушылардың жауаптарына қатысты нәтижені қорытындылау кезінде қиындық туындауы мүмкін. Сондықтан жан-жақты зерттеліп, дәлелденген бағалау жүйесіне сүйенген жөн. Өзіндік есепке байланысты туындауы мүмкін тағы бір мәселе

оқушылардың беретін жауаптарына байланысты. Айталық, олардың берген жауабы әлеуметтік тұрғыдан дұрыс болғанымен, олардың ұстанымдарына қаншалықты сәйкес келеді? Оқушылардың берген жауабы олардың нақты мінез-құлқымен үйлесе ме? Жас балалар өз ойларын нақты жеткізе ала ма? Зерттеушілер берілген мәліметтердің құпия сақталатынына кепілдік беру арқылы ғана шынайы жауапқа қол жеткізе алады.

Өзіндік есептің мәнін аша түсу үшін бірнеше бағалау тәсілін (мысалы, өзіндік есеп, тікелей бақылау, ауызша және жазбаша жауаптар) қолдануға болады. Зерттеуді үшінші сыныпта оқитын оқушылардан бастап жүргізген артық емес, өйткені олардың өзіндік есептері олардың ұстанымдары мен әрекеттерінің шынайы көрсеткіші деген көзқарас бар. Алайда жаңа мәселе туындамас үшін зерттеушілер аталған тәсілді абайлап қолданғаны жөн.

Бағалау мәселелері Қазіргі білім саласында жауапкершілікке ерекше мән берілуіне байланысты, бағалау кезінде біраз мәселені есте сақтау керек. Бағалау критерийімен қатар, мектептер мен мұғалімдерді бағалау тиімділігі жөнінде де сөз болады.

Бағалау критерийлері. Бағалау әдістерінің сыртында бағалаудың маңызды үш критерийі бар: сенімділік, жарамдылық және кемсітуге жол бермеу [5, 95 б].

Сенімділік бағалаудың тұрақты жүргізіліп отыруын білдіреді. Яғни бұл – оқуға әсер ететін қандай да бір фактор кездеспеген жағдайда баға нәтижесі салыстырмалы түрде болады деген сөз. Мысалы, алгебра пәні бойынша тестілеудің сенімділігі таңертең немесе кешке берілген бақылау жұмысында оқушылардың ұқсас нәтиже көрсетуін білдіреді. Мұнда оқушыларға бақылау жұмысында қандай сұрақтар келетіні туралы айтылмайды. Сенімділіктің бағалаудағы маңызы аса жоғары. Себебі бағалау сенімсіз болған жағдайда жүргізілген зерттеулер қате қорытындыға ұрындырады.

Жарамдылық дегеніміз – қол жеткізген дәлелдерге сүйене отырып, оқушылар туралы мәліметтің дұрыстығын растау. Жарамдылық бағалаудың өзін емес, оның сапасын анықтайды. Оқушылардың қандай да бір дағдысын (мысалы, оқу) немесе психологиялық факторды (мысалы, қызығушылық) бағалау кезінде зерттеушілер оқушылардың көрсеткіші – балл саны бойынша қорытынды шығарады. Яғни оқушылардың қызығушылық деңгейін бағалау кезінде олардың көрсеткіші төмен болса, зерттеушілер оның шынымен де солай екеніне көз жеткізуі қажет. Зерттеу үшін жарамдылықтың маңызы аса жоғары. Себебі зерттелуі қажет бір фактордың орнына басқасын зерттеген жағдайда зерттеу нәтижесі де өзгереді.

Кемсітуге жол бермеу - оны топтың сипатына қарай әр оқушының көңіліне келуі мүмкін (жынысы, этникалық тобы, діні) айырмашылықтарды бағалау тәсілінен алыс болу деп анықтауға болады. Бағалау кезінде кемсітушілікке жол бермеудің маңызы зор. Өйткені кемсітушілік орын алған жағдайда нәтижелер оқушының жеке басының қасиетіне қарай бұрмалануы (бағаны көтеру немесе төмендету) ықтимал. Сондай-ақ математика сабағында футболға қатысты бақылау жұмысын жүргізгенде, математикаға еш қатысы жоқ болса да, футбол ойнайтын оқушылардың жақсы нәтиже көрсетуі мүмкін екенін де естен шығармаған жөн.

Мектеп пен мұғалімдердің тиімділігін бағалау. Қазіргі білім саласында мектеп пен мұғалімдердің тиімділігін бағалау кеңінен қолданылуда. Бұл тәсіл оқушылардың жетістігінің себебін анықтауға жәрдемдеседі. Оқушының оған дейінгі жетістігі мен өмірінің негізгі кезеңдері (мысалы, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, жынысы) білім беру факторларынан (мысалы, мектеп, оқушы) бөлініп алынады. Олай болса, тиімділік мектеп пен мұғалімге қатысты қолданылады. Аталған өлшемді мектептерде бағалау мен қаржыландырудың негізі ретінде қолдануға болады.

Мектеп пен мұғалімдердің тиімділігін бағалау тәсілінің артықшылығымен қоса, кемшіліктері де баршылық. Оқыту көптеген процестерге қатысты болса, оның тек кейбірі ғана мектеп пен мұғалімге тиесілі. Оларға тікелей қатысты болуы мүмкін барлық факторларды бақылап отыру мүмкін емес. Сондай-ақ оқушылардың барлық жетістігі мектептер мен мұғалімдерге тиесілі деу де – қате түсінік, өйткені баға – олардың оқыту процесіне қосқан үлесінің көрсеткіші ғана.

Оқыту процесін жетістікпен тең дәрежеде қарау да – бағалаудағы кемшіліктердің бірі. Алайда, айтып өткеніміздей, жетістік – тек тиімділік көрсеткіші ғана және ол оқытуды толығымен қамти алмайды. Мектеп пен мұғалімнің тиімділігін бағалау әдісі қысқамерзімдік зерттеулерге қарағанда, ұзақ уақыт жалғасатын зерттеулер үшін аса тиімді. Жеке студенттердің өсуі мен жетістігін бақылау мұғалімдерге оқыту процесін оқушылардың қажеттіліктеріне қарай саралап, оларды ынталандыруына мүмкіндік бере алады. Тағы бір айта кетер жайт – студенттердің нәтижесі бойынша түрлі көрсеткіштерді (бақылау жұмыстары, рефераттар, сынып жұмысына қатысуы) қамтитын мұндай сараланған бағалау әдісі оқыту процесін нақты сипаттауға мүмкіндік береді. Бақылау жұмыстарын олардың нәтижелері оқушылардың әр оқу бағдарламасында қол жеткізген дағдыларын еш қатесіз көрсетерліктей құрастыру керек және олар жоғарыда айтылған сенімділік, валидтілік, кемсітуге жол бермеу сияқты өлшемдерге сай болғаны жөн[6,125 б].

Қорыта айтқанда, бағалау оқушы көрсеткіші ғана емес, ол тәрбиелік мәні зор құрал болып табылады. Сыныптастарын бағалауы, жұптық, топтық бағалау арқылы ойын жинақтап, өзін-өзі реттеп, өзін және сыныптастарын тани алады. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы оқуға деген қызығушылығын арттырып, білім алуға көп көмегін тигізеді, өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатынын түсінеді. Оқушыларды үйрете жүріп, өзіміздің де үйренеріміз көп. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім» деп нақтылап айтуға болады, қазіргі таңда енгізіліп жатқан түрлі бағдарламалардың оқушы бойына дұрыс таралуы нағыз ұстаздың ғана қолынан келетін іс деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: “Дарын”, 2004. -348 б.
2. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. ҚазМемҚызПУ-нің РОӘК ұсынған. Алматы, «Полиграфия - сервис Ко ». 2012, - 330 б.

3. Безрукова В.С. Педагогика. Учебное пособие. – Ростовн/Д: Феникс, 2013. – 318 с.
4. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзыретті педагогтарды даярлау негіздері. Оқу құралы. –Алматы: 2009. -240 б.
5. Беркімбаева Ш.К., Құнантаева К.К., Қалиев С.Қ. және т.б. Педагогика тарихы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ. 2009. - 370 б. 1
6. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы мен практикасы. -Алматы: «Нұрлы Әлем», 2004. -304 б.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН КИБЕРБУЛЛИНГТЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Убайдуллаев М.М.¹, Сүлейменова Г.М.²

¹12 сынып оқушысы,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

E-mail: ubajdullaevmejrlan@gmail.com

²тарих пәні мұғалімі,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

(Шымкент, Қазақстан), E-

mail:suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Бұл ғылыми жұмыс Қазақстандағы кибербуллингтің таралуын, оның себептері мен салдарын зерттеуге бағытталған. Зерттеуде балаларды кибербуллингтен қорғау үшін қолданылатын әдістер мен олардың тиімділігі талданады. Сондай-ақ, интернеттегі қауіпсіздікті арттыруға арналған ұсыныстар әзірленді. Зерттеу нәтижелері балалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді жолдарын анықтауға көмектеседі.

Кілт сөздер: кибербуллинг, балалардың қауіпсіздігі, интернет, әлеуметтік желілер, онлайн қатерлер, ақпараттық технологиялар, Қазақстан, заңнамалық шаралар, киберқауіпсіздік, алдын алу.

Аннотация. Данное научное исследование направлено на изучение распространенности кибербуллинга в Казахстане, его причин и последствий. В работе рассматриваются методы защиты детей от кибербуллинга и их эффективность. Также разработаны рекомендации по повышению безопасности в интернете. Результаты исследования помогут определить эффективные пути обеспечения кибербезопасности детей.

Ключевые слова: кибербуллинг, безопасность детей, интернет, социальные сети, онлайн-угрозы, информационные технологии, Казахстан, законодательные меры, кибербезопасность, профилактика.

Annotation. This research focuses on the prevalence, causes, and consequences of cyberbullying in Kazakhstan. The study examines existing methods of protecting children from cyberbullying and evaluates their effectiveness. Additionally,

recommendations for enhancing online safety are developed. The findings help identify effective strategies for ensuring children's cybersecurity.

Key words: cyberbullying, child safety, internet, social networks, online threats, information technology, Kazakhstan, legislative measures, cybersecurity, prevention.

КІРІСПЕ. Заманауи ақпараттық технологиялар дәуірінде әлеуметтік желілер балалардың қарым-қатынас, білім алу және өзін-өзі таныту алаңына айналды. Алайда, бұл ортада кибербуллинг мәселесі өзекті болып отыр. Кибербуллинг – электрондық коммуникациялар арқылы жүзеге асатын қорқыту, қорлау әрекеттері, және ол балалардың психикалық денсаулығына теріс әсер етеді. Соңғы жылдары Қазақстанда бұл құбылыстың өсіп келе жатқаны байқалады. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы деректеріне сәйкес, мектеп жасындағы әр сегізінші бала кибербуллингке ұшыраған. Осыған байланысты, зерттеу әлеуметтік желілерде балаларды қорғаудың тиімді әдістерін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында статистикалық мәліметтер талданып, қауіпсіздікті арттыруға арналған нақты ұсыныстар әзірленді. Бұл жұмыс балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және кибербуллингтің алдын алуға ықпал етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстанда кибербуллинг өзекті мәселеге айналды. 2022 жылғы деректер бойынша, жасөспірімдердің 13%-ы, оның ішінде ұлдардың 15%-ы, қыздардың 12%-ы кибербуллингке ұшыраған [1]. Оның негізгі түрлеріне қорлау, жалған ақпарат тарату, қорқыту, жеке мәліметтерді жариялау және әлеуметтік оқшаулау жатады.

Балаларды қорғау үшін бірнеше шаралар қабылдануда: 2022 жылы "Балаларды кибербуллингтен қорғау" заң жобасы қабылданып, интернет-платформаларға заңды өкілдіктерін ашу міндеттелді [2]. Мектептерде ақпараттық сабақтар өткізіліп, ата-аналарға арналған нұсқаулықтар жариялануда [3]. Сонымен қатар, ЮНИСЕФ сияқты ұйымдар да жобалар іске асыруда.

Балалардың қауіпсіздігін арттыру үшін құпиялылық баптауларын дұрыс орнату, ата-аналық бақылау құралдарын қолдану, цифрлық сауаттылықты дамыту, әлеуметтік желі платформаларының қауіпсіздік функцияларын пайдалану ұсынылады. Бұл әдістерді кешенді қолдану интернеттегі қауіпсіздікті арттыруға көмектеседі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аталған тақырыпты зерттеуімді әрі қарай нақтылау үшін, әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды. Олардың бірі-**қоғамдық сауалнама**. Бұл белгілі бір мәселе төңірегіндегі сұрақтарды кең аудиторияға қою арқылы олардан тез арада мәлімет және пікірлер жинауға бағытталған **сандық зерттеу әдісі**, сонымен қатар әрбір қатысушыға бірдей сұрақтар қойылғандықтан, ақпараттың бірдей форматта жинақталуы қамтамасыз етіледі. Кейбір адамдар үшін өз пікірін анонимді түрде беру ыңғайлырақ болғандықтан, бұл зерттеу әдісі шынайы жауаптар алудың ықтималдығын арттыра түседі, себебі сауалнама онлайн түрде, ғаламтор

желісінде жүргізілген. Статистика келесідей болды: Зерттеу нәтижелері кибербуллингтің жастар арасында өзекті мәселе екенін көрсетті. Сауалнамаға 59 адам қатысты, олардың 67%-ы 5 пен 24 жас аралығындағы жастар, бұл жас буынның кибербуллингке ұшырау қаупі жоғары екенін көрсетеді. Жыныстық құрам теңдей бөлінген, бұл кибербуллингтің гендерлік шектеусіз әмбебап проблема екенін айқындайды. Қатысушылардың көпшілігі әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады, бұл олардың кибербуллингке тап болу ықтималдығын арттырады. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің кең таралуы балалар мен жасөспірімдерді онлайн қауіп-қатерлерге осал етеді. Осыған байланысты, киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру маңызды. Сауалнамаға сәйкес, қатысушылардың көпшілігі кибербуллинг туралы хабардар болғанымен, қосымша ақпараттандыру қажет. Бұл әсіресе ата-аналар мен мұғалімдер үшін маңызды, себебі олар балаларды интернеттегі қауіптен қорғауға ықпал ете алады. Кибербуллингтің негізгі құрбандары – балалар мен жасөспірімдер, бірақ кез келген адам бұл мәселеге тап болуы мүмкін. Осылайша, зерттеу нәтижелері интернеттегі қауіпсіздікті арттыру үшін кешенді шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді. Әлеуметтік желілердегі мазмұн модерациясын жақсарту, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған оқу бағдарламаларын енгізу – кибербуллингтің алдын алудың негізгі қадамдары болып табылады.

7. Кибербуллингтің салдары қандай деп ойлайсыз? (бірнеше жауап беру мүмкіндігі бар)



Психологиялық мәселелер басты салдар ретінде көрсетілген. Дегенмен басқа салдарлары да айтарлықтай маңызды. Кибербуллингтің ең жиі кездесетін салдары ретінде психологиялық мәселелердің көрсетілуі мәселенің тереңдігін көрсетеді. Бұл нәтижелер балалардың эмоционалдық жағдайын тұрақты бақылаудың маңызды екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, мектептерде психологтардың белсенді жұмысын ұйымдастыру қажет болуы мүмкін. Сауалнаманың соңғы екі сұрағы ашық сұрақтар болып табылады, және қатысушылардың жауаптары төмендегідей:

8. Кибербуллингтен балаларды қорғау үшін ұсыныстар

5 Ответы

ID ↑	Имя	Ответы
1	anonymus	Мектеп бағдарламасына киберқауіпсіздік пәнін енгізу керек.
2	anonymus	Ата-аналарға арналған киберқауіпсіздік семинарларын өткізу қажет деп ойлаймын
3	anonymus	Әлеуметтік желілерде кибербулингті анықтайтын автоматтандырылған жүйелерді дамыту.
4	anonymus	Балалардың интернеттегі уақытын шектеу маңызды болмақ.
5	anonymus	Кибербуллингке қарсы қатаң заңдар қабылдау қажет

Қатысушылардың ұсыныстары кибербуллингпен күресте әртүрлі шараларды қамтиды, соның ішінде білім беру, ата-аналарды оқыту және заңнамалық шаралар. Көпшілігі киберқауіпсіздік сабақтарын мектеп бағдарламасына енгізу қажеттігін атады, бұл балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Сонымен қатар, ата-аналарды оқыту және олардың балалардың онлайн әрекеттерін қадағалау қажеттілігі де баса айтылды. Әлеуметтік желілерде автоматтандырылған жүйелерді қолдану кибербуллингтің алдын алу үшін тиімді құрал ретінде қарастырылады, ал қатаң заңдар қабылдау кибербуллингке қарсы қатаң шараларды қажет ететінін көрсетеді.

9. Кибербуллингтің жеке тәжірибеге әсері

3 Ответы

ID ↑	Имя	Ответы
1	anonymus	Менің інім кибербуллингтің құрбаны болғандықтан, ол мектепте қиындықтарға тап болды
2	anonymus	Досым әлеуметтік желілерде қорқытулар алды, бұл оның психологиялық жағдайына әсер еткен сияқты.
3	anonymus	Кибербуллингке ұшырағам, бұл менин озиме деген сенімділігімді төмендетті

Жеке тәжірибелер кибербуллингтің нақты адамдарға қалай әсер ететінін көрсетеді. Қатысушылардың жауаптарынан көріп отырғанымыздай, кибербуллингтің салдары психологиялық қиындықтарға, мектептегі қиындықтарға және өзіне деген сенімділіктің төмендеуіне әкеледі. Бұл жауаптар кибербуллингтің жеке тұлғаларға тигізетін терең әсерін және бұл мәселемен күресудің маңыздылығын айқын көрсетеді. Кибербуллингке ұшыраған адамдардың жағдайлары олардың өмір сапасына елеулі әсер етеді, бұл мәселені шешу үшін барлық мүдделі тараптардың белсенді қатысуы қажет екенін көрсетеді.

Зерттеудің **сапалық зерттеу әдісі-сұхбат**. Талқыланып отырған мәселеге байланысты ақпарат жинау мақсатында Сұхбат беруші «Қазақстан» РТРК» АҚ

Шымкент қалалық филиалының Аға режиссеры - Жайлау Мұхаммед-Қанапия Қайратұлынан сұхбат алынды. Сұхбат берушіден аталған мәселенің өзектілігіне баға беру, оның себеп-салдары мен шешу жолдарына байланысты ұсыныс беру сұралды. Осы тақырыптағы мәлімет пен аса құнды көзқарасты тыңдау үшін осы маманнан сұхбат алу дұрыс шешім болғанына сенімдімін. Сұхбат барысында алынған мәліметтерді қысқаша талдап, мынандай шешімге келдім: Зерттеу нәтижелері Қазақстанда кибербуллингтің өзекті мәселе екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері бойынша, балалар мен жастар кибербуллингке ең жиі ұшырайтын топ ретінде анықталды. Қатысушылардың 66%-ы әлеуметтік желілерді күнделікті қолданатындықтан, олар онлайн қауіп-қатерлерге осал келеді. Кибербуллингтің негізгі салдары психологиялық мәселелер болып табылады (48%). Зерттеу барысында киберқауіпсіздікті күшейту үшін бірнеше негізгі шаралар анықталды. Бұл – мектеп бағдарламасына киберқауіпсіздік пәнін енгізу, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған тренингтер өткізу және әлеуметтік желілерде автоматтандырылған бақылау жүйелерін дамыту. Сонымен қатар, кибербуллингке қарсы заңдарды жетілдіру қажеттілігі атап өтілді. Foresight талдауы көрсеткендей, цифрлық сауаттылықты арттыру, технологиялық шешімдерді дамыту және заңнамалық шараларды қатаңдату – болашақта мәселені шешудің негізгі бағыттары. PEST талдауы саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлардың бұл мәселеге айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Қорытындылай келе, кибербуллингпен күрес кешенді шараларды қажет етеді. Ақпараттық жұмыстарды күшейту, балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналарды оқыту – осы бағыттағы басты қадамдар болып табылады. Бұл шаралар кибербуллингтің алдын алуға және балаларды онлайн кеңістікте қорғауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысы барысында кибербуллинг мәселесін терең зерттеуге бағытталған бірнеше қадамдар жасалды. Бұл жұмыс барысында кездескен негізгі қиындықтардың бірі — шынайы әрі сенімді дереккөздердің шектеулігі болды. Қазақстанда бұл тақырып бойынша ақпараттар әлі де жеткіліксіз, ал қолда бар мәліметтерді талдау мен жүйелеу айтарлықтай күш-жігерді талап етті. Соған қарамастан, зерттеу жүргізу процесі барысында алынған білім мен тәжірибе зерттеу жұмысына құнды үлес қосты.

Бұл жұмыста зерттеу әдістерін тиімді қолдану арқылы кибербуллинг мәселесінің ауқымы, оның себептері мен салдары терең қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар әзірленді. Олар мәселені шешуге қажетті стратегиялық шараларды ұсына отырып, алдағы қадамдарға негіз бола алады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ұсыныс:

- ❖ Цифрлық сауаттылықты дамыту: Балалар мен ата-аналарға арналған тренингтер, вебинарлар және оқу бағдарламалары арқылы интернет қауіпсіздігін үйрету. Бұл шаралар балалардың интернеттегі қауіпсіздігі туралы хабардарлығын арттырады.
- ❖ Мектептерде киберқауіпсіздік сабақтарын енгізу: Оқу бағдарламаларына балаларды кибербуллингтен қорғау туралы арнайы

пәндерді қосу қажет. Бұл оқушылардың интернеттегі жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- ❖ Интернет-платформаларды жетілдіру: Кибербуллингке қарсы күресте әлеуметтік желілер мен интернет-платформалардың тиімділігін арттыру қажет. Автоматтандырылған хабарлау жүйелерін енгізу осы мақсатқа қызмет етеді.
- ❖ Қоғамдық ақпараттандыру: Киберқауіпсіздік мәселесін теледидар, әлеуметтік желілер және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен талқылау.
- ❖ Заңнамалық шараларды нығайту: Балаларды қорғау бойынша заңнаманы жетілдіру және оның қатаң орындалуын қадағалау.
- ❖ Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарға арналған ақпараттық материалдар дайындап, балалардың интернеттегі әрекеттерін қадағалауға көмектесетін құралдарды ұсыну.

Зерттеу барысында қол жеткізілген негізгі нәтижелер кибербуллингің ауқымын анықтап қана қоймай, оның алдын алу үшін қажетті қадамдарды белгілеуге мүмкіндік берді. Осы процесте менің жеке дағдыларым айтарлықтай дамыды: алынған деректерді жүйелеу, талдау және оларды қолдану қабілеттерім жаңа деңгейге жетті.

Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған мәліметтер зерттеудің негізгі сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік берді. Әлеуметтік сауалнама нәтижелері мен сарапшы пікірлерін талдау арқылы балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді шаралардың маңыздылығы анықталды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп жасындағы балалардың денсаулығына қатысты мінез-құлқы (HBSC): Халықаралық зерттеуінің деректері (2024, наурыз 27) - <https://hls.kz/archives/42864>
2. Қазақстандағы Буллинг: статистика, заңнама және ең белгілі оқиғалар. Liter.kz (2022, қараша 3)- <https://liter.kz/bulling-v-kazakhstan-statistika-zakonodatelstvo-i-samyegromkie-intsidenty-1667380309/>
3. Ата-аналарға балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған кеңестер (2023, тамыз 8)- <https://www.gov.kz/situations/316/811?lang=kk>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАСТАНДЫ БАЛАЛАР ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САНЫН АЗАЙТУ ЖОЛДАРЫ

Ерғазы Ж.Б.¹, Сүлейменова Г.М.²

¹Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
12 сынып оқушысы

(Шымкент, Қазақстан), E-mail: zaniaergazy@gmail.com

²Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
тарих пәні мұғалімі, E-mail: suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандағы тастанды балалар мәселесі көбінесе ерте жүктілік пен ата-ананың экономикалық-әлеуметтік жағдайының төмендігіне байланысты. Сауалнама қорытындылары халықтың бұл мәселе туралы хабардар екенін және оны шешу үшін жыныстық тәрбиені жақсарту мен ата-аналарды жауапкершілікке тарту қажет екенін көрсетті. Сонымен қатар, қоғамда бала асырап алу мәдениеті толық қалыптаспаған. Зерттеу барысында түрлі дереккөздер талданып, мәселені кешенді зерттеу арқылы нақты шешім жолдары ұсынылды. Бұл жұмыс зерттеу дағдыларын дамытып, ақпаратты талдап, жүйелеуге мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: тастанды балалар, ерте жүктілік, балалар үйі, әлеуметтік жағдай, асырап алу, жетімдер саны, стигматизация, әлеуметтік реформалар, психологиялық және қаржылық қолдау, бейімделу мәселесі.

Annotation. The research results indicate that the issue of abandoned children in Kazakhstan is primarily caused by early pregnancy and the poor socio-economic conditions of parents. The survey findings show that the public is aware of this problem and believes that improving sexual education and holding parents accountable are necessary solutions. Additionally, the culture of child adoption is not yet fully developed in society. Throughout the research, various sources were analyzed, and a comprehensive study of the issue allowed for concrete solutions to be proposed. This work has contributed to the development of research skills, enhancing the ability to analyze and systematize information effectively.

Keywords: abandoned children, early pregnancy, orphanage, social situation, adoption, number of orphans, stigmatization, social reforms, psychological and financial support, adaptation problem.

КІРІСПЕ

Жетім балалар көбінесе балалар үйлерінде немесе арнайы мекемелерде тәрбиеленеді және олардың басым бөлігі әлеуметтік игілікпен қатар, психологиялық және эмоционалдық қолдауды қажет етеді. Қазақстандағы балалар үйлерінің жағдайы әртүрлі: кейбірі жақсы жабдықталғанымен, кейбірінде қажетті жағдайлар толық жасалмаған. Тастанды балалар мәселесінің негізгі себептері – отбасының төмен әлеуметтік жағдайы мен ата-ананың жауапсыздығы. Сонымен қатар, қоғамда мұндай балалардың ересек жасқа жеткенде қоғамға бейімделуі мен өзін-өзі қамтамасыз етуі қиын болатыны туралы пікірлер бар. Жетімдер жұмыс табуда, баспана алуда және қоғамға интеграциялануда қиындықтарға тап болады. Мемлекеттік қолдау жүйелері болғанымен, олар барлық қажеттіліктерді толық өтемейді. Қазақстанда жетім балалардың жағдайы толық жасалмаған және ерекше назар аударуды қажет етеді.

Елімізде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны деңгейі соңғы жылдарда төмендеп келе жатса да, балалар үйінен шыққан азаматтар әлі де әлеуметтік-психологиялық көмек қажет етеді. 2021 жылы ОКҚ онлайн брифингінде мәселеге қатысты мына статистика айтылды: “Қазіргі таңда 23 мыңдай тастанды балалар бар, оның тек 4 мыңға жуығы балалар үйінде тұрады. Ал соңғы 10 жылда тастанды балаларға арналған ұйымдардың саны 114-ке

қысқарды. Бүгін осындай ұйымдардың тек 96-сы жұмыс істейді.” Осыған орай, аталған мәселе бойынша тиімді шаралар қолданып, қоғам хабардарлығын барынша арттыру қажет. Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстандағы тастанды балалар мәселесінің қазіргі жағдайын талдап, олардың санын азайтуға бағытталған шаралардың тиімділігін арттыру. Бұл үшін соңғы үш жылдағы статистикалық деректерді талдау, жетімдерге арналған бағдарламалардың тиімділігіне баға беру және алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау көзделеді. Осы зерттеу аясында мәселенің негізгі аспектілері қарастырылып, оларды шешу жолдары ұсынылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Көптеген отбасылар кедейлік, жұмыссыздық немесе қарызға бату салдарынан балаларының игілігін қамтамасыз ете алмай, оларды мемлекет қарауына өткізеді. Статистикаға сүйенсек, 2020 жылы кірісі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың саны 12%-ға артып, 140,6 мыңға жеткен[4]. Бұл балалардың әлеуметтік мекемелерге өткізілуінің бір себебі болып табылады. Кейбір жағдайларда ажырасқан ата-аналардың бірі баласынан бас тартып, оны мемлекет қамқорлығына тапсырады. 2023 жылы Ұлттық статистика бюросы бойынша, ажырасудың жалпы коэффициенті 2,02 құрады (1000 адамға)[5]. Бұл жалпы отбасы тұрақтылығының төмендегенін және баланың жетімдер үйіне тапсырылу қаупін артқанын көрсетеді. Ата-ана тарапынан агрессия, физикалық немесе психологиялық қысым балалардың қорғансыз қалуына алып келеді. Қазақстанның тұрмыстық зорлық-зомбылық статистикасы алаңдатарлық күйде: ЮНИСЕФ пен Қазақстандағы өкілетті органдардың бірлескен зерттеулері бойынша, ересектердің шамамен 75%-ы балалардың тәртібін бақылау мақсатында күш жұмсауды дұрыс деп санайды. Оған қоса, 2-14 жас аралығындағы әрбір екінші бала отбасында зорлықпен тәртіпке салу актілеріне душар болады[6]. Мұндай жағдайларда балалар жиі үйінен қашып, әлеуметтік мекемелерге немесе мемлекет қарауына өткізіледі.

2021 жылы Ресейде жүргізілген зерттеу балалардың 48%-ы оқу үлгерімінде қиналатынын, ал 63%-ы әлеуметтік байланыс орнатуда қиындықтарға тап болатынын анықтады[8]. Бұл тастанды балалардың балалар үйінен шыққаннан кейін ересек өмірге бейімделу мәселелерінің күрделілігін растайды. Жетімдер үйінен шыққан жастардың басты мәселелерінің бірі–тұрақты баспананың болмауы. Жетімдерге баспана бөлінгенімен, оны алу үшін кезекте тұрып ұзақ уақыт күту қажет. Патронарлық бөлімдердің де қызметі қанағаттандарлық емес. Экономикалық зерттеулер институтына сүйенсек, патронат тәрбиешілер қажетті құзыреттердің жетіспеуінен балаларды қайта мекемелерге өткізеді. Осылайша, соңғы 5 жылда "бас тарту" саны 64,2%-ға өсті: 2017 жылғы 109 баладан 2021 жылғы 179 балаға дейін. Оған қоса, жетімдер үйінде тәрбиеленген балалар психологиялық травмаларды жиірек басынан кешіреді. Бұл жағдай “Жетімдік және адам капиталының жойылуы: бұл ересек жасқа дейін жалғаса ма?” атты Кэтлин Бигл және Стеан Деркон социологтарының зерттеу жобасында сипатталған. Тастанды балалар ересек өмірде қолдау мен сүйеніштің

жоқтығынан эмоционалдық тұрақсыздыққа душар болады, ал бұл оларды құқық бұзушылыққа немесе тәуелділікке алып келуі мүмкін.

Баспана мәселесі бойынша Отбасы банк балалар үйінің тәрбиеленушілеріне депозиттік шоттар ашуға мүмкіндік береді. Жетім балаларға 20% жеңілдікпен баспана беру қарастырылған. Бірақ онда кезекте тұрғандардың саны өте көп: 2022 жылы 534 бала тұрғын үймен қамтамасыз етілген болса да, мыңдаған бала әлі де кезекте тұр. Бұдан басқа 36 ұйымнан тұратын Балаларды қолдау орталықтары мен «Милосердие» қорының қолдауымен жүзеге асырылған «Қазақстан без сирот» жобасы да жетімдер үшін баспана мәселесімен айналысады. Алайда, 2024 жылы 62 мыңнан астам жетім бала баспана кезегінде тұрғаны тіркелген[10]. Бұл жүйенің баяулығы балалардың болашақта тұрақты өмір сүруіне кедергі жасайды, сондықтан тұрғын үй бағдарламаларын қайта қарау қажет. Жетім балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуі және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша тәлімгерлік бағдарламалар көмектеседі. Мысалы, "Дара" қорының бағдарламалары оларды қажетті дағдыларға үйретіп, болашақ мамандықтарына бағыттайды. Қор жобалары іске қосылғаннан кейін Қазақстанда 48 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті және 68 инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары ашылды. 330-дан астам бала осындай бағдарламалар арқылы қолдау алып, өз тәлімгерлерін тапқан[14]. Қазақстандағы жетімдер санының бір қор үшін көп болуына байланысты осындай фондтар мен жалпы тәлімгерлердің санын көбейту қажет. Ал патронаттық тәрбие жүйесі балалардың қауіпсіз ортада тәрбиеленуін қамтамасыз етіп, олардың дамуына ықпал етеді. Мысалы, Ұлттық асырап алу патронаттық ата-аналарды арнайы курстар арқылы дайындайды. Одан басқа, Балалардың құқықтарын қорғау комитеті балаларды мемлекеттік мекемелерден патронаттық отбасыларға орналастыру үрдістерін жүргізеді. Аталғандарға қарамастан, 2021 жылы 179 бала отбасына орналастырылғаннан кейін кері қайтарылды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда жоғары көрсеткіш (64% өсу)[15]. Демек, патронаттық тәрбие жүйесіне жетілдіру жұмыстары қажет.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Зерттеуде социологиялық зерттеудің әртүрлі әдістері қолданылды. Бұл әдістер көптеген респонденттерден аз көлемде мәліметтер жинауға ыңғайлы. Зерттеу барысында сандық зерттеу әдісі ретінде сауалнама пайдаланылды. Сауалнама – зерттеуде қолданылған алғашқы әлеуметтанулық әдіс болды. Қатысушылар өз жауаптарын онлайн сауалнама ретінде пайдаланылған Forms платформасы арқылы жіберді.


Сауалнамадан жалпы 49 адам өтті және 47 жауап алынды.

ОТВЕТЫ	КОЛИЧЕСТВО ПРОСМОТРОВ	ПРОЦЕНТ ОТВЕТОВ	СРЕДНЕЕ ВРЕМЯ ОТКЛИКА
49	81	60.5%	02:31


Сурет-1

Сауалнама жалпы 8 сұрақты қамтыды және оның соңғы сұрағы ашық сұрақ болып табылады.

Сауалнаманың алғашқы 2 сұрағы аудиторияны анықтауға бағытталған. Сауалнамадан өтушілердің 55% 16-20 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастар болып табылады. 40-тан жоғары жастағы қатысушылар барлық жауаптардың 21% құрайды, ал қалған 17% 26-30 жас аралығына және 6% 21-30 жас аралығына тиесілі.




Сурет-2



Сурет-3

Екінші сұрақ сауалнамадан өтушілердің жынысын анықтайды. Жалпы 47 сауалнамадан өткен адамдардың ішінде 28-сі – әйел, 19-ы – ер адам.

Келесі сұрақ сауалнама өтушілердің Қазақстандағы жетімділік мәселесінің қаншалықты білетінін анықтауды көздейді. Сауалнамадан өтушілердің 53% аздап біледі, 38% жақсы біледі, ал қалған 9% мүлдем білмейді. Бұл тастанды балалар мәселесі Қазақстанда жақсы танылған дегенді білдіреді.



Сурет-4




Төртінші сұрақ тастанды балалар проблемасының негізгі себептеріне байланысты қойылған. 47 жауаптың көпшілігі 72% көрсеткішімен ерте жүктілікті белгілеген. Одан кейін, балаға күтім жасау жауапкершілігінен бас тарту(49%) және ата-аналардың әлеуметтік жағдайының нашарлығы(47%) салыстырмалы ұқсас пайызбен көрсетілген.

Сурет-5

Бесінші сұрақ «Тастанды балаларға кім жауапкершілік алу керек деп ойлайсыз?» деген сұрақ болып табылады. 47 жауаптың 22-сі «Барлығы бірдей жуакершілікті бөлісуі тиіс» деген жауап болса, 19-ы «Ата-ана» нұсқасын таңдады.

Келесі сұрақ сауалнама өтушілер тастанды балалар санын азайту үшін қандай шараларды енгізу қажет деп санайтынын анықтауға бағыттылған. 83 пайыз адам жастар арасында жыныстық тәрбие беру деп жауап берсе, 55 пайызы ата-аналарға психологиялық және қаржылық көмек көрсету нұсқасын белгіленген. Демек, басым жағдайда ата-ана жауапкершілікті алу керек.




Сурет-6



Сурет-7

Жетінші сұрақ тастанды балаларды асырап алуға қазақстандық отбасылар қаншалықты дайын екендігіне қатысты қойылған. 32 жауап «Дайын, бірақ көп емес» деген көзқарасқа сай болса, 15 жауап толық қарама-қарсы жауапты қолдайды, ал қалған 15 жауап «Ия, бірақ көрсетілетін тегін қызметтер жеткіліксіз» деген нұсқаға сай. Сонда бұл Қазақстан халқының көп бөлігі бала асыруға толыққанды дайын емес екенін көрсетеді.



Сурет-8

Сауалнаманың соңғы, ашық сұрағы «Тастанды балалар мәселесі жөнінде тағы қандай шараларды ұсынар едіңіз?» деген сұрақ болып табылады. Өтушілердің кей бөлігі сауалнамада бар шараларды қайта жазса, басқа бөлігі өзінің бөлек нұсқаларын жазған.

Шаралар	Уақыт
Тастанды балалар мәселесі жөнінде тағы қандай шараларды ұсынар едіңіз?	
Асырап алған балалардың жағдайын үнемі бақылауда ұстау, балала...	20.10.2024, 20:38:40
Отбасында жақсы тәрбие болу керек	20.10.2024, 19:20:30
-	20.10.2024, 18:58:57
Тастанды балаларды жай мектептерде оқыту	20.10.2024, 18:57:19
Психикалық ауытқуы бар әйелдерге босануға тиым салу	20.10.2024, 17:58:15
Шет елге берілген балаларды қадағалау	20.10.2024, 17:57:27

Сурет-9

Сауалнама жауаптарын қорытындылайтын болсақ, халықтың басым бөлігіні жетімділік мәселесі туралы біледі. Проблеманың себептері көбінесе ерте жүктілік және ата-ананың нашар экономикалық-әлеуметтік жағдайында болуына байланысты. Тастанды балалар мәселесін шешу үшін көпшілік жыныстық тәрбиені қолдау мен тастанды балалардың ата-анасын жауапқа тарту керек деп ұсынды. Жалпы, Қазақстан отбасылары оның тұрғындарының ойынша бала асырауға толыққанды дайын емес.

T 8. Тастанды балалар мәселесі жөнінде тағы қандай шараларды ұсынар едіңіз?

Менің ойымша тастанды баланың ата-анасын жауапкершілікке тартып, ең алдымен бала асырап алуды жеңілдету емес, бала тастауды қиындату керек. Яғни тастаған жағдайдың өзінде айыппұл немесе алимент төлеу секілді

T 8. Тастанды балалар мәселесі жөнінде тағы қандай шараларды ұсынар едіңіз?

Әлеуметтік желідегі цензура күшейту және оқушылар арасында жүктілікті болдырмау жөнінде түсіндірмелер жүргізу арқылы кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің қателіктерінің алдын алу керек .

Сурет-10

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында жетім балаларды асырап алу мәдениеті, балалар үйлерінің жағдайы, қоғамның тастанды балаларға көзқарасы және алдын алу шаралары сияқты негізгі мәселелер қарастырылды. Жетім балаларды асырап алу мәдениетін дамыту үшін әрбір жетім бала сапалы психологиялық және қаржылық қолдауға ие болуы қажет. Алайда, анықталған басты алшақтық – асырап алушыларға көрсетілетін қолдаудың жеткіліксіздігі мен бюрократиялық кедергілер. Бұл мәселені шешу үшін құжат рәсімдеу процесін жеңілдетіп, асырап алушыларға арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру ұсынылады. Балалар үйлерінің барлық аймақтарда заманауи талаптарға сай жабдықталуы және толық материалдық әрі қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі маңызды. Дегенмен, қазіргі таңда барлық мекемелерде бұл талаптар орындалмай отыр. Балалар үйлерінің жағдайын жақсарту үшін қаржыландыруды арттырып, кадр тапшылығын шешу мақсатында әлеуметтік жұмыстарды күшейту қажет. Қоғамда тастанды балаларға деген жағымды көзқарас қалыптастыру да маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Қазіргі таңда оларға деген стигматизация байқалады, бұл олардың қоғамға бейімделуіне кері әсер етеді. Бұл жағдайды өзгерту үшін БАҚ пен қоғамдық ұйымдардың қатысуымен тастанды балалар туралы ақпараттандыру жұмыстарын күшейтіп, қоғамдастықтың көзқарасын өзгерту қажет. Алдын алу шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылып, отбасылардың тұрақтылығы қамтамасыз етілуі тиіс. Алайда, қазіргі кезде жыныстық тәрбие жеткілікті деңгейде дамымаған, ал отбасы жоспарлау бойынша тренингтер аз ұйымдастырылады. Бұл мәселені шешу үшін жасөспірімдерге арналған

жыныстық білім деңгейін көтеру және ата-аналарға психологиялық көмек көрсететін орталықтардың санын арттыру ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында негізгі қиындық – жетімділік мәселесіне қатысты ақпараттың аздығы болды. Қажетті деректерді табу көп уақыт пен күш жұмсауды талап етті. Сондай-ақ, сауалнама нәтижелерінің әртүрлілігі оларды талдау кезінде қиындықтар туғызды. Дегенмен, жаңа әдістерді меңгеріп, зерттеу дағдыларымды жетілдірдім. Ақпаратты жинақтап, талдау және қорытынды жасау қабілетім артты. Тастанды балалар мәселесі өзекті болып қала береді. Мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асқанымен, балалар үйлерінің жағдайы толық шешілмеген. Қоғамдағы біржақты көзқарас пен бюрократиялық кедергілер бұл проблеманы ушықтырады. Жетімділікке қарсы шараларды күшейтіп, қоғамда мәселені кеңінен насихаттау арқылы оны азайтуға болады. Зерттеу мақсатына жетіп, көтерілген мәселелердің маңыздылығын көрсетті. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне ұсыныстар: жетімділік мәселесіне қатысты ақпараттандыруды арттыру, мектептерде жыныстық тәрбиені күшейту, қолданыстағы бағдарламаларды сараптау, бала асырап алу үрдісін жеңілдету, тастанды балалардың ата-аналарына жаза қолдану, балалар үйлерін қаржыландыруды арттыру. Бұл шаралар бала асырап алу жүйесін жетілдіріп, жыныстық білім деңгейін көтеруге, отбасы құру мәдениетін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, балалар үйлеріне қолдау күшейтіліп, қоғамда жетім балаларға оң көзқарас қалыптасады. Нәтижесінде, тастанды балалар саны азаяды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бек Тілеуов, «Қазақстанда қанша жетім бала бары айтылды», ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2021 https://baq.kz/kazakstanda-kansha-zhetim-bala-bar-ekeni-aytyldy_252768/
2. Әдина Ерқараева, «Тастанды балалар тағдыры толғандырады», Jas Alash, 2021 <https://zhasalash.kz/news/tastandy-balalar-tagdyry-tolgandy rady-16577/>
3. Еділ Аспанов, «Қазақстанда жетімдер саны 22 мыңнан асады», ҚазАқпарат, 2023 <https://taulik.kz/15425/aza-standa-zhetimder-sany-22-my-nan-asady>
4. «Қазақстанда кедейлер саны артты», «Деловая жизнь Казахстана» ақпараттық порталы, 2023 <https://dzhk.kz/blog-nalogi-almaty/kazakstanda-kedejler-sany-artty>
5. «Браки и разводы в 2023 году», ҚР Ұлттық статистика бюросы, 2023 <https://stat.gov.kz/ru/news/na-1000-brakov-prihoditsya-333-razvoda-/>
6. Валера Калиев, «Балаларға зорлық-зомбылық көрсетілуін тоқтатайық», ЮНИСЕФ Қазақстан, 2021 <https://www.unicef.org/kazakhstan/kk/%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D2%93%D0%B0-%D0%B7%D0%BE%D1%80%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%B7%D0%BE%D0%BC%D0%B1%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%BA%D3%A9%D1%80%D1%81%D0%B5%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%83%D1%96%D0%BD->

[%D1%82%D0%BE%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B0%D0%B9%D1%8B%D2%9B](#)

7. Аян Бекжанұлы, «Қазақстанда 100 мыңнан астам мүгедек бала бар: омбудсмен үш министрліктің жұмысын сынға алды», Azattyq Ruhy, 2022 <https://azattyq-ruhy.kz/society/47990-kazakstanda-700-mynnan-astam-mugedek-bala-bar-ombudsmen-ush-ministrliktin-zhumysyn-synga-aldy>

8. Телицына А. Ю., «Социальная адаптация детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в замещающих семьях», 2021 https://psyjournals.ru/journals/ssc/archive/2021_n2/ssc_2021_n2_Telitsyna.pdf

9. «Социальное и вторичное сиротство в Казахстане», Economic Research Institute(Qazaqstan), 2023»<https://eri.kz/ru/Mnenija/id=131>

10. «Более 62 тысяч детей-сирот стоит в очереди на получение жилья в Казахстане», 2022<https://usynovite.kz/bolee-62-tysyach-detej-sirot-stoit-v-ocheredi-na-poluchenie-zhilya-v-kazahstane/>

11. Александра Ермолаева, «Право сироты на квартиру восстановили в суде в Павлодаре», 2024<https://www.nur.kz/society/2113872-pravo-sirotы-na-kvartiru-vosstanovili-v-sude-v-pavlodare-video/>

12. Скалей Евгения, «Как в Казахстане помогают детям-сиротам и почему так важно наставничество», 2023<https://standard.kz/ru/post/kak-v-kazahstane-pomogayut-detyam-sirotam-i-pocemu-tak-vazno-nastavnicestvo>

13. Венера Касумова, «Благотворительные организации Казахстана: чем занимаются и кому доверять», 2021<https://informburo.kz/cards/blagotvoritelnye-organizacii-kazahstana-cem-zanimayutsya-i-komu-doveryat>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Сейтқазы Б. Е.¹, Сүлейменова Г.М.²

¹12 сынып оқушысы,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

E-mail: ubajdullaevmejrlan@gmail.com

²тарих пәні мұғалімі,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

(Шымкент, Қазақстан),

E-mail: suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Бұл зерттеу Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы мен болашағын қарастырады. Жұмыста инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері, инфрақұрылымдық және кадрлық қамтамасыз етілуі, сондай-ақ осы саладағы негізгі проблемалар мен оларды шешу жолдары талданады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, инклюзивті білім беруді тиімді дамыту үшін мұғалімдерді арнайы даярлау, мектептерді инфрақұрылымдық тұрғыда бейімдеу және қоғамның бұл мәселеге көзқарасын өзгерту қажет.

Сонымен қатар, қаржыландыруды арттыру мен инклюзивті білім беру әдістемелерін жетілдіру маңызды. Жүргізілген сауалнама нәтижелері халықтың инклюзивті білім беру туралы хабардарлығының орташа деңгейде екенін және жүйені жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу барысында инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруге арналған нақты ұсыныстар ұсынылады.

Кілт сөздер: Инклюзивті білім беру, білімге қолжетімділік, ерекше қажеттіліктер, мұғалімдерді даярлау, инфрақұрылым, әлеуметтік теңдік, құқықтық база, қаржыландыру, қоғамдық көзқарас.

Annotation. This study examines the current state and future of the inclusive education system in Kazakhstan. The research analyzes the legal framework, infrastructural and personnel support, as well as key challenges and solutions in this area. The findings indicate that for effective development of inclusive education, it is necessary to train teachers, adapt school infrastructure, and change societal perceptions. Additionally, increasing funding and improving inclusive teaching methodologies are crucial. Survey results show that public awareness of inclusive education is at an average level, highlighting the need for improvements. The study provides specific recommendations for enhancing the inclusive education system.

Keywords: Inclusive education, access to education, special needs, teacher training, infrastructure, social equality, legal framework, funding, public perception.

Кіріспе

Инклюзивті білім беру – әрбір баланың сапалы білім алуын қамтамасыз ететін маңызды жүйе. Ол мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу арқылы олардың әлеуметтенуіне, тұлғалық дамуына және тең мүмкіндіктерге қол жеткізуіне ықпал етеді. Қазақстанда бұл сала соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқанымен, көптеген мәселелер әлі де шешілмеген. Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, мұғалімдердің инклюзивті білім беруге дайындығының төмендігі және оқу бағдарламаларының икемсіздігі – осы саланың басты қиындықтары болып табылады. Бұл зерттеу инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі жағдайын талдап, оны жетілдірудің мүмкін жолдарын, оның ішінде нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, педагогтердің біліктілігін арттыру және арнайы оқу-әдістемелік құралдарды дамыту сияқты маңызды аспектілерді қарастырады.

Негізгі бөлім: Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз етілгенімен, оны іске асыруда инфрақұрылымдық және кадрлық мәселелер сақталуда. ЮНИСЕФ деректеріне сүйенсек, еліміздегі мектептердің тек 60%-ы ғана ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайын. Бұл көрсеткіш білім беру жүйесінде әлі де көптеген өзгерістер мен жетілдірулер қажет екенін көрсетеді.

Басты мәселелердің бірі – инклюзивті орта қалыптастыру үшін мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуының жеткіліксіздігі. Арнайы пандустардың, лифтілердің, тактильді бағыттаушы жолақтардың, арнайы жабдықталған сыныптардың жетіспеуі балалардың толыққанды білім

алуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, инклюзивті білім беруге арналған оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі де өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оған қоса, мұғалімдердің ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайындығы да маңызды фактор болып отыр. Білікті кадрлардың тапшылығы, арнайы педагогтер мен тьюторлардың аздығы білім беру сапасына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты, инклюзивті білім беру жүйесін тиімді дамыту үшін кешенді шаралар қабылдау қажет, оның ішінде мұғалімдерді қайта даярлау, мектеп инфрақұрылымын жақсарту және арнайы әдістемелерді енгізу маңызды қадамдардың бірі болмақ.

Зерттеу нәтижелері

Сауалнама нәтижелері Қазақстанда инклюзивті білім беру жайлы хабардарлық орташа деңгейде екенін аңғартады. Жүйені тиімді ету үшін мұғалімдердің даярлығын арттыру, қаржыландыру мен инфрақұрылымдық қолдауды күшейту қажеттілігі басым. Қоғам ішінде ақпарат тарату мен қабылдауды жақсарту да өзекті. Алдағы жылдарда бұл салада оң өзгерістер болады деп үміттенгендер саны едәуір болса да, әлі де сенімсіздік бар. Дегенмен, халықтың едәуір бөлігі жеке бастамалар арқылы қолдау көрсетуге дайын екенін білдіруде, бұл инклюзивті білім беруді дамытуға қоғамның әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Зерттеу қорытындыларын түйіндеу: Әлеуметтік сауалнама нәтижесінде сандық және сапалық мәліметтер алынды:

№	Сауалнама сұрағы	Жиі кездесетін жауап
1	«Инклюзивті білім беру» ұғымымен таныстық деңгейі	Орташа дәрежеде таныспын (35%)
2	Инклюзивті білім берудің жүзеге асу тиімділігі	Орташа тиімді (40%)
3	Негізгі кедергі факторлар	Мұғалімдердің жетіспеушілігі (30%)
4	Мұғалімдердің кәсіби даярлығын арттыру маңыздылығы	Өте маңызды (60%)
5	Қоғамдық ақпараттану мен қабылдау деңгейі	Орташа ақпараттану, қолдау (35%)
6	Саясаткерлер назар аударуы тиіс басым бағыт	Мұғалім біліктілігі (40%)
7	Алдағы 5-10 жылдағы перспективалар	Әжептәуір сенімдімін (35%)
8	Жеке қолдау көрсету ниеті	Әбден мүмкін (30%)

Зерттеу нәтижелерін талдау: PEST және GAP талдау

Қазіргі жағдай	Мақсат	Анықталған алшақтықтар	Алшақтықты жою жолдары
----------------	--------	------------------------	------------------------

Көптеген мектептерде инклюзивті білім беру үшін қажетті инфрақұрылым жоқ: пандустар, лифтілер, арнайы жабдықталған дәретханалар жеткіліксіз.	Барлық мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолайлы және бейімделген инфрақұрылымның болуы.	Мектептердің физикалық қолжетімділігі жеткіліксіз, қажетті құралдар мен ресурстардың болмауы.	Мемлекеттік деңгейде қаржыландыруды арттыру, инклюзивті инфрақұрылымды дамытуға бағытталған нақты бағдарламаларды іске қосу.
Мұғалімдердің көпшілігі инклюзивті білім беру әдістерін меңгермеген және тәжірибесі жеткіліксіз.	Мұғалімдердің барлығы инклюзивті педагогика әдістерін меңгеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалармен тиімді жұмыс істей алуы.	Мұғалімдерді оқыту бағдарламаларының шектеулігі және арнайы курстардың жетіспеушілігі.	Мұғалімдерге арналған тұрақты біліктілікті арттыру курстарын енгізу, барлық білім беру мекемелеріне инклюзивті педагогиканы қамту.
Ерекше қажеттіліктері бар балалардың тек 15-20%-ы жалпы білім беру мектептеріне қабылданған.	Ерекше қажеттіліктері бар барлық балалардың жалпы білім беру жүйесіне қатысуы.	Ерекше қажеттіліктері бар балаларды толық қамту үшін қолжетімділік пен қолдау механизмдерінің жеткіліксіздігі.	Жалпы білім беру мекемелерін инклюзивті сыныптарды ашуға бейімдеу, арнайы білім беру ресурстарын көбейту.
Қоғамда инклюзивті білім беру жайлы жеткіліксіз түсінік және стигма сақталған.	Қоғамда ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға деген оң көзқарасты қалыптастыру.	Қоғамдық ақпараттандыру деңгейінің төмендігі және стигма.	Ақпараттық науқандарды өткізу, инклюзивті білім беру туралы түсіндіру жұмыстарын арттыру, медианы және қоғамдық ұйымдарды жұмылдыру.

Нормативтік-құқықтық база бар, бірақ ол толыққанды іске асырылмаған және заңдардың орындалуына бақылау жеткіліксіз.	Инклюзивті білім беру бойынша заңдардың толыққанды іске асуы және тиімді бақылау жүйесінің болуы.	Құқықтық бақылау және нормативтік актілерді орындау механизмдерінің жеткіліксіздігі.	Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, заңдарды орындауға арналған бақылау тетіктерін енгізу.
---	---	--	---

Қорытынды

Инклюзивті білім беру – Қазақстандағы білім беру жүйесінің маңызды бөлігі. Ол барлық балаларға, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға, тең мүмкіндіктер беруді және сапалы білім алуды қамтамасыз етуді көздейді. Алайда, бұл жүйені тиімді дамыту үшін кешенді шаралар қажет.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беруді дамыту барысында инфрақұрылымдық, кадрлық және әдістемелік қиындықтар кездесуде. Арнайы жабдықталған сыныптардың жетіспеуі, мұғалімдердің жеткілікті деңгейде дайын болмауы және оқу бағдарламаларының икемсіздігі – негізгі мәселелердің қатарында. Осыған байланысты, арнайы педагогтерді даярлау мен қайта даярлау, оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру және оқыту әдістерін жаңғырту маңызды қадамдар болып табылады.

Бұл зерттеу нәтижелері негізінде мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелеріне инклюзивті білім беруді жетілдіруге арналған нақты ұсыныстар беріледі. Оның ішінде заңнаманы жетілдіру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, ата-аналармен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды күшейту сияқты бағыттар қарастырылады. Осылайша, кешенді шаралар арқылы инклюзивті білім беру жүйесін тиімді дамытуға және әрбір балаға сапалы білім алуға мүмкіндік жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Number of children with special educational needs exceeds 162,000 in Kazakhstan (Сәуір 26, 2023) https://en.inform.kz/news/number-of-children-with-special-educational-needs-exceeds-162-000-in-kazakhstan_a4061324/
2. 75% of children with disabilities in Eastern and Central Europe and Central Asia left out of inclusive, quality education - UNICEF (Наурыз 7, 2019) <https://www.unicef.org/kazakhstan/en/press-releases/75-children-disabilities-eastern-and-central-europe-and-central-asia-left-out>
3. Қазақстандағы ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайы (2019) <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/4611/file/Situation%20Analysis-2019.pdf>
4. Білікті педагогтар даярлауда өзекеті мәселелер көп (Ақпан 19, 2020) https://kaznpu.kz/kz/10561/press/?_utl_t=vk
5. Еліміздегі мектептердің 88% инклюзивті білім беруге жағдай жасады <https://www.gov.kz/memleket/entities/ile-boraldai/press/news/details/865346>

6. Қазақстанда инклюзивті білім берудің үздіксіз жүйесінің ұлттық моделі енгізіледі (Наурыз 5, 2024)
<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/720387>

7. Creating conditions for inclusive education in Kazakhstan
https://research.nu.edu.kz/ws/portalfiles/portal/47412003/DARA_Report_FINAL_Jan11_2020_ENG_4_.pdf

ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘКЕЛЕТІН МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН КЕДЕРГІЛЕРІ

Дүйсенби А.С.¹ Сүлейменова Г.М.², Жамелов Б.А.³

¹ Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы

² Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәнінің эксперт-мұғалімі Email: (suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz)

³ Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәнінің эксперт- мұғалімі (Шымкент,Қазақстан) Email: (zhamelov.baglan@bk.ru)

Аннотация. Қазіргі таңда, көптілділік білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан да, оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту мақсатында мектептерде бірнеше тілді меңгеру талап етіледі. Алайда, кейбір оқушылар үшін бұл қиындық тудырады, себебі әрбір тілдің грамматикалық құрылымы мен лексикалық ерекшеліктері әртүрлі. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби дайындығы көптілді білім берудің тиімділігіне әсер етеді. Егер педагогтар жеткілікті әдістемелік қолдауға ие болмаса, онда оқыту сапасы төмендеуі мүмкін. Сондықтан да, көптілді білім берудің дамуы өзекті мәселе болып табылады.

Кілт сөздер: көптілділік, білім беру жүйесі, оқыту сапасы, тілдік дағдылар, педагогикалық дайындық.

Annotation. Currently, multilingualism plays an important role in the education system. Therefore, in order to develop students' language skills, mastering several languages is required in schools. However, for some students, this presents difficulties, as each language has different grammatical structures and lexical features. In addition, the professional training of teachers affects the effectiveness of multilingual education. If educators do not receive sufficient methodological support, the quality of teaching may decrease. Therefore, the development of multilingual education is an urgent issue.

Keywords: multilingualism, education system, teaching quality, language skills, pedagogical training.

Кіріспе. Жаһандану Қазақстанның білім беру жүйесіне оң және теріс әсерін тигізуде. Цифрлық технологиялардың жедел дамуы, халықаралық

ынтымақтастықтың кеңеюі және инновациялардың енгізілуі аясында Қазақстанның білім беру жүйесі жаңа әлемдік стандарттарға бейімделу қажеттілігімен бетпе-бет келуде. Бір жағынан, жаһандану халықаралық білім беру ресурстарына, жаңа оқу әдістемелеріне және технологияларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, ол мәдени бірегейлікті жоғалту қауіпін тудырып, педагогтардың өзгермелі жағдайларға тез бейімделу қажеттілігін алға тартады. 2020 жылдан бері 1,2 миллионнан астам Қазақстандық студенттер мен мектеп оқушылары қашықтықтан оқытуға өтті, бұл цифрлық технологияларды белсенді енгізудің нәтижесінде мүмкін болды. Қазақстандағы 90%-дан астам мектеп ғаламторға қосылған, ал 500,000 мектеп оқушысы қашықтықтан оқыту үшін қажетті техникамен қамтамасыз етілді [1][3]. Сондай-ақ, Астанада өткізілген ұлттық конференцияда инклюзивті және қауіпсіз мектептердің қажеттілігі атап өтілді, мұнда барлық балалар, мүмкіндіктеріне қарамастан, білім алуға тең қолжетімділікке ие болуы тиіс идеясы қорғалды [4]. Бұл білім беру жүйесінің жаһандану жағдайлары мен нақты талаптарға бейімделуінің, сонымен бірге ұлттық мәдени бірегейлікті сақтай отырып, барлық адамдар үшін сапалы білім берудің маңыздылығын айқындайды. COVID-19 пандемиясы цифрлық дағдылардың маңыздылығын көрсетті. Алайда, мектептердің жабылуы балалардың психикалық денсаулығына теріс әсер етіп, осал топтар үшін білімге қолжетімділікті шектелді. ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі Артур ван Дизен: "Біздің бұрынғы 'нормамызға' қайта оралуға мүмкіндігіміз жоқ. Бізге жаңа түсінік қажет," деп атап өткен[2]. Сонымен қатар, жаңа технологиялардың дамуы нәтижесінде мәдени бірегейлікті жоғалту қауіпімен байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атап көрсеткеніндей: "Біздің басты міндетіміз — бірегей мәдени құндылықтарды жаһанданудың нақты шарттарына бейімдеу арқылы сақтау". Демек, ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтап, жаңа заманға бейімделуде жергілікті және жаһандық ықпалдар арасындағы тепе-теңдікті іздеп, әлемдегі түрлі мәдениеттердің үйлесімді өмір сүруіне ықпал ететін жолдарды қарастыру керек.

Материалдар мен әдістер. 2020 жылғы «Қазақстанның білім сапасын халықаралық зерттеулердегі нәтижелері: артта қалу себептерін зерттеу» тақырыбындағы К.М. Нағымжанова мен Г.З. Әділғазинов жүргізген зерттеу жұмысында[10]: 75% оқытушылар жаңа әдістемелерді үйренуге ынталы, бірақ ресурстардың жетіспеушілігі проблемалары аталады; Жаһанданған білім беру жүйесі шетелде білім алу, халықаралық жобаларға қатысу және көпмәдениетті ортада оқу мүмкіндігі ашылатыны айтылады. Студенттердің 70%-ы халықаралық тәжірибе алуды маңызды деп санағанымен, кейбір студенттер үшін бұл бәсекелестіктің артуына және стресстік жағдайларға әкелуі мүмкін. Статистика көрсеткендей, студенттердің 55%-ы жаһанданған білім беру жүйесіне байланысты стресс деңгейінің артуын байқайды[10]. Осы зерттеу жұмысын зерделей отырып, өзімнің сұрақтарыма да жауап таптым. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның білім беру жүйесі жаһандану әсерінде түрлі кедергілермен бетпе-бет келді. Бұл үдеріс еліміздің мәдени бірегейлігін сақтау үшін күрделі мәселелер тудырды. Жаһандану барысында ақпараттық технологиялардың дамуы мен шетелдік білім беру үлгілерінің енгізілуі білім беру жүйесіне елеулі

өзгерістер енгізді, бірақ бұл өзгерістер кейде ұлттық құндылықтар мен мәдени ерекшеліктердің жойылуына әкеліп соғуы мүмкін. 1. Шетелдік білім беру жүйелері: Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша: "Білім – бұл адамдардың ой-санасын өзгертуге, қоғамды дамытуға және мәдениетті сақтауға көмектесетін қуатты құрал." Осыған орай, шетелдік бағдарламаларының енгізілуі ұлттық құндылықтарды сақтау тұрғысынан маңызды мәселе болып табылады. 2020 жылы еліміздегі жоғары оқу орындарының 20%-дан астамы шетелдік білім беру бағдарламаларын ұсынды [5]. Алайда, бұл бағдарламалар ұлттық контексте толықтай интеграцияланбай, еліміздің мәдени ерекшеліктерін ескермейтін жағдайларға алып келді. Нәтижесінде, студенттердің ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы 2019 жылғы зерттеуге сәйкес, 30%-ға төмендеді [6], бұл мәдени сәйкестіліктің жойылуына себеп болуы мүмкін. 2. Жаһанданудың әсері: Жаһандану қазақ тілі мен ұлттық мәдениеттің ролін төмендетіп, ағылшын тілі мен батыс мәдениетінің ықпалын арттыруда. 2021 жылы ағылшын тілінде оқытылатын пәндер саны 50%-ға артса, қазақ тіліндегі пәндер 15%-ға азайды [5]. Бұл қазақ тілінде оқытылатын пәндердің қысқаруына, сондай-ақ ұлттық мәдениетке байланысты пәндердің ескерілмеуіне әкеледі. 3. Ғаламтор пен ақпараттық ресурстар: Ғаламтор білім алуды жеңілдеткенімен, 2022 жылы Қазақстан жастарының 70%-ы шетелдік, әсіресе, батыс контентін тұтынған [7]. Бұл ұлттық мәдениетке қызығушылықтың 25%-ға төмендеуіне себеп болуы мүмкін. Дегенмен, Франция бұл мәселенің ұшығуына жол бермеуге біршама жұмыстар жүргізген болатын: 1994 жылы қабылданған Тубон заңы ресми құжаттар мен жарнамаларда француз тілін қолдануды міндеттейді, бұл жаһандану қысымына қарамастан тілдің жоғалуын бәсеңдетуге ықпал етті; 2019 жылы Франция мектептерде француз тілін ілгерілетуге арналған бірнеше бағдарламаларды қабылдады [8][9]. Бұл жаһандану жағдайында ұлттық мәдени мұраны сақтап қалудың маңызды мысалы. Жаһандану үдерісі Қазақстанға бірқатар жағымды және жағымсыз әсерлер тигізеді. Жағымды әсерлеріне шетелдік инвестициялар, жаңа технологиялар мен білімнің қолжетімділігі жатады. Мысалы, жаһандану арқылы Қазақстан халықаралық нарықтарға шығып, экспорт көлемін арттыруға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, шетелдік компаниялармен серіктестік жаңа жұмыс орындарын құрып, экономикалық өсуге ықпал етуде. Дегенмен, жағымсыз әсерлері де жоқ емес. Жаһандану ұлттық мәдениеттің жойылуына, жастардың батыс мәдениетіне тәуелділігінің артуына және әлеуметтік теңсіздіктің өсуіне әкелуі мүмкін. 2022 жылғы статистикаға сәйкес, жастардың 70%-ы шетелдік контентті тұтынса, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтың төмендеуі байқалады [7]. Жаһанданған білім беру жүйесінің енгізілуі Қазақстандағы оқытушылар мен студенттерге әртүрлі әсер етуде. Бір жағынан, шетелдік білім беру тәжірибелерінің интеграциялануы оқытушылардың біліктілігін арттыруға және оқу бағдарламаларының сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мысалы, 2020 жылы еліміздегі жоғары оқу орындарының 20%-дан астамы шетелдік оқу бағдарламаларын енгізді [5]. Алайда, жаһанданудың теріс әсерлері де байқалады. Студенттердің ұлттық мәдениетке қызығушылығының 30%-ға төмендеуі [6] және ағылшын тіліндегі оқу пәндерінің артуы, қазақ тілінің ролінің төмендеуіне әкелуде. Бұл

оқытушылар мен студенттер үшін ұлттық құндылықтарды ұмыту қауіпін туғызады. Жаңа білім беру стандарттарын меңгеруге, әдістемелерін жаңартуға және шетелдік тәжірибелермен танысуға мәжбүр болады. Сонда, жаһанданған білім беру жүйесінің енгізілуі оқытушылар мен студенттердің кәсіби және мәдени дамуына оң және теріс әсерлерін тигізуде, әрі осы ықпалды теңгеру маңызды. Жаңа технологиялар мен цифрлық оқытуды енгізу қазіргі білім беру жүйесінің сапасын арттыруға зор ықпал етеді. Цифрлық платформалар, онлайн ресурстар мен интерактивті құралдар оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Мысалы, 2021 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орындарының 40%-дан астамы цифрлық оқыту технологияларын пайдалануда [5]. Цифрлық оқыту әдістері студенттердің өзіндік оқу мүмкіндіктерін дамытуға, яғни білім алудың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл студенттердің ақпаратты тез әрі тиімді меңгеруіне, сондай-ақ оқу материалдарын өз бетінше зерттеуіне мүмкіндік береді. 2022 жылы жүргізілген сауалнама нәтижесінде, студенттердің 65%-ы цифрлық оқытудың сапасын арттыратынын атап өтті [6]. Сонда да, жаңа технологияларды енгізу кезінде кейбір қиындықтар туындайды. Цифрлық білім беру ресурстарына тең қол жеткізу, әсіресе ауылдық жерлерде, мәселе болып табылады. Сонымен қатар, оқытушылардың цифрлық сауаттылығы мен технологияларды қолданудағы тәжірибесі білім беру сапасына әсер етуі мүмкін. Сондықтан, жаңа технологиялар мен цифрлық оқытуды енгізу білім беру жүйесінің сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік бергенімен, бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді. Тиімділік пен сапаны қамтамасыз ету үшін заманауи құралдар мен әдістерді үйлесімді түрде пайдалану қажет.

№	Сауалнама сұрағы	Жиі кездесетін жауап
1	Сіздің жасыңыз қаншада?	16-20(58%)
2	Сіз қалай ойлайсыз, жаһандану Қазақстанның білім беру жүйесіне жағымды әсерін тигізуде ме, әлде керісінше?	Иә, жағымды(68%)
3	Цифрлық оқыту құралдары оқушы/студенттердің білім алу деңгейін қалай өзгертті?	Жақсартты(74%)
4	Қазақстандық мұғалімдердің жаһандану талаптарына бейімделу деңгейін қалай бағалайсыз?	6-7(әрқайсысы 28%)
5	Сіз жаһанданудың әсерінен мәдени құндылықтарды жоғалту қаупі туралы не ойлайсыз?	Бұл маңызды мәселе(60%)
6	Сіздің ойыңызша, жаһандану үдерісі Қазақстанның білім беру жүйесінде мәдени бірегейлікті сақтауда қандай нақты кедергілер тудырады және осы кедергілерді қалай еңсеруге болады?	<ul style="list-style-type: none"> ● Кедергі: батыстық құндылықтар мен стандарттардың басым болуы ● Шешім: ұлттық білім беру бағдарламаларын жаңарту

7	Жаһанданған әлемде білім беру жүйесін жетілдіру үшін Қазақстан қандай реформаларды жүргізуі қажет?	<ul style="list-style-type: none"> ● Жаңартылған білім бағдарламасын енгізу ● Мұғалімдердің халықаралық білім беру стандарттарын меңгеруін қадағалау
---	--	--

Кесте-1. Сауалнама нәтижелерінің қорытындысы

Зерттеу қорытындыларына сәйкес жасалған **зерттеу міндеттерінің нәтижелері:**

1. Жаһандану білім беру жүйесіне жағымды әсер етеді, әсіресе цифрлық құралдардың білім деңгейін жақсартуы байқалады. Осыған байланысты, Қазақстанда "Цифрлы Қазақстан" бағдарламасын жүзеге асыру аясында білім беру саласын жаңғырту жұмыстары күшейтілгені маңызды.
2. Қазақстандағы мұғалімдердің жаһандану талаптарына бейімделу деңгейі әлі де орташа, бірақ бұл мәселе оқыту бағдарламалары мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру арқылы шешілуі мүмкін. Осы мақсатта, «Болашақ» сияқты бағдарламалардың санын көбейтіп, оларды қадағалау қажет.
3. Мәдени құндылықтардың жоғалуына қатысты қауіптер бар, бірақ бұл мәселені ұлттық тілдер мен мәдениетті насихаттау арқылы жеңуге болады.

Нәтижелерді талдау. Зерттеу жұмысының барысында GAP – анализін қолданып осындай нәтижелерге келдім.

Алшақтық	Мақсат	Инициатива
Білім беру бағдарламаларының жаһандық білім беру жүйесіне толық бейімделмеуі.	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес білім беру жүйесін жетілдіру. ◆ Мұғалімдер мен студенттерді халықаралық деңгейде оқыту үшін онлайн курстар мен тренингтер ұйымдастыру. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Халықаралық стандарттарға сай оқу бағдарламаларын енгізу. ● Мұғалімдер мен оқытушыларды шетелдік курстарда оқыту арқылы олардың кәсіби дағдыларын жетілдіру.
Білім беру жүйесіндегі цифрландырудың және онлайн платформалардың жеткіліксіздігі.	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Egov, Coursera, edX сияқты онлайн платформалар арқылы Қазақстанның студенттері мен мұғалімдеріне халықаралық білім алуға қолжетімділік беру. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Egov немесе DamuMed, сияқты цифрландырылған платформалар мен мобильді қосымшаларды дамыту.
Студенттер мен мұғалімдер үшін шетелде білім алу	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Қазақстанның жоғары оқу орындарын шетелдік 	<ul style="list-style-type: none"> ● «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алу

мүмкіндіктерінің шектеулі болуы	университеттермен серіктестікке тарту, студенттердің халықаралық тәжірибесін кеңейту.	мүмкіндіктерін кеңейту және шетелдік тәжірибені елімізде қолдану. ● Шетелдік білім беру ұйымдарымен тренингтер, семинарлар мен онлайн курстар ұйымдастыру.
---------------------------------	---	---

Кесте-2

Қорытындылай келе, **GAP-анализі** көрсеткендей, ауылды аймақтарда білікті медицина мамандарын тарту үшін медициналық мекемелердің жабдықталуын қамтамасыз етіп, жас мамандарға қолдау көрсетіп, қолайлы жағдай жасау керек.

SWOT – талдауы бойынша :

Күшті жақтар (S)	Мүмкіндіктер (O)
<ul style="list-style-type: none"> ● Қазақстанда білім беру жүйесі халықаралық тәжірибені қабылдауға дайын. Мысалы, «Болашақ» бағдарламасы арқылы 2023 жылы 172 астам студент шетелде білім алып, қайтқан[11]; ● Мемлекет білім беру саласындағы реформаларға инвестиция салуда: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында бұл жүйе сандық форматқа көшуде. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Білім беру жүйесін халықаралық деңгейде дамыту, инновациялық бағдарламалар мен жаңа әдістемелерді енгізу. Мысалы, EDX, Coursera сияқты халықаралық онлайн білім беру платформалары Қазақстандағы студенттер мен оқытушылар үшін білім беру мүмкіндіктерін арттырады; ● «Болашақ» сияқты бағдарламаларды көбейту.
Әлсіз жақтар(W)	Қауіптер(T)
<ul style="list-style-type: none"> ● Кейбір аймақтарда білім беру жүйесіне қолжетімділік төмен, әсіресе шалғай өңірлерде. Онлайн білім берудің жоқтығы мен қаржылық қиындықтар кейбір студенттерге шетелде білім алу мүмкіндігін шектейді; ● Барлық білім беру мекемелері халықаралық білім беру жүйесіне өзгертілмеген. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Білім беру жүйесінің жергілікті ерекшеліктері жоғалып, ұлттық мәдениеттің жоғалуы; ● Шетелдік білім беру жүйелеріне бейімделу кезінде ұлттық білім берудің деңгейі төмендеуі.

Кесте-3

Қорытынды

Мақаланы жазу барысында бірқатар қиындықтар туындады. Ең үлкені – жаһанданудан кейінгі нақты өзгерістерді түрлі елдерден табу болды. Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасы және оның Қазақстандағы білім беру жүйесіне ықпалы туралы мәліметтерді жинақтау күрделі міндетке айналды, өйткені бұл

тақырып салыстырмалы түрде жаңа және аз зерттелген. Мектеп бағдарламасында игерілген деректерді жинақтау және талдау дағдылары зерттеу процесінде маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, жүйелеу және нақты қорытынды жасау процесі жаңа тәжірибе ретінде ерекшеленді. Қорытындылар білім мен талдау саласындағы кәсіби даму қажеттілігін айқындады. Таңдалған мәселенің өзектілігі уақыт өте келе арта түсуде, әсіресе қазіргі кезеңде білім беру мен инновацияларға деген сұраныс ұлғайып отыр. Бұл тақырыптың маңыздылығы пандемиядан кейін одан әрі айқындала түсті, өйткені білім алу процесінің тиімділігі мен жетілуі қоғамдағы әрбір адамға әсер етеді. Алайда бұл жаңалықтардың тиімділігін арттыру үшін халықтың, әсіресе ауылдық жерлердегі, білім деңгейін көтеру қажет. Осы мәселені шешу мақсатында онлайн курстар мен жаңа технологияларды енгізу қажеттілігіне ерекше назар аударылады. Бұл тек мектептер деңгейінде ғана емес, жалпы ұлттық ауқымда қоғамның білім деңгейін көтеруге ықпал ететін маңызды қадам болып саналады. Аяқталған зерттеу жұмысында ұсынылған мәселелер мен шешімдер қазіргі білім беру жүйесінде өзекті өзгерістер қажеттілігін көрсетеді. Ең бастысы – заманауи технологиялар мен білім беру әдістерін енгізу арқылы тиімді өзгерістер жасау. Бұл бағыттар айқындалды, ал зерттеу жобасы өз мақсатына жетті. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне ұсыныстар ретінде халық арасында «Болашақ» бағдарламасы туралы ақпарат таратуды күшейту, шетелде білім алу мүмкіндіктері мен бағдарламаларын мектеп оқушылары мен студенттер арасында насихаттау, «Болашақ» бағдарламасына қатысушы студенттер мен педагогтардың тәжірибесін еліміздің білім беру жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету, шетелдік оқу орындарымен білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайту, студенттердің шетелде оқу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында арнайы қаржыландыру бағдарламаларын енгізу, ауыл мектептерін жаңа жабдықтармен қамтамасыз ету және мұғалімдерге жаңа технологиялар мен цифрландыруды меңгеру үшін онлайн курстар енгізу ұсынылады. Бұл ұсыныстар Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіріп, оның халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Нәтижесінде қабылданған бағдарламалардың ашықтығы артып, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «2021 жылғы Президенттің жолдауы:білім беру және ғылым саласындағы тапсырмалардың орындалуы»(2022, Наурыз 15)// https://www.inform.kz/ru/poslanie-2021-kak-ispolnyayutsya-porucheniya-prezidenta-v-sfere-obrazovaniya-i-nauki_a3911609
2. «Білім беру жүйесін трансформациялауды Қазақстан,ЮНИСЕФ және ЮНЕСКО сарапшылары»(2022, Маусым 14) // <https://www.unicef.org/kazakhstan/kk/баспасөз-хабарламасы/білім-беру-жүйесін-трансформациялауды-қазақстан-юнисеф-және-юнеско-сарапшылары>
3. «Президенттің жолдауы:негізгі міндеттер, шешуші шаралар»(2023, Қыркүйек 1) // <https://time.kz/fresh/aktualno/2023/09/01/poslanie-2023-klyuchevye-zadachi-reshitelnye-meru>

4. «2023 жылғы Президент жолдауы:Қазақстандағы өмір қалай өзгереді»(2023, Наурыз 1) // <https://informburo.kz/stati/poslanie-prezidenta-2023-goda-kak-izmenitsya-zizn-v-kazaxstane>
5. "Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы Ұлттық баяндама" (2021, Қазан 25) // <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/277692?lang=kk>
6. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі.«2021 жылғы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп»(2022, Қазан 20) // <https://stat.gov.kz>
7. UNESCO Institute for Statistics.«Global Education Monitoring Report»(2023, Ақпан 10) // <https://uis.unesco.org>
8. Brookings Institution.«Global France:A New Approach to International Influence»(2016, Маусым) // <https://www.brookings.edu/wp-content/uploads/2016/06/globalfrance.pdf>
9. UNESCO.«La Francophonie and UNESCO: Shared Values Around the 2030 Agenda»(2022, Наурыз 17) // <https://www.unesco.org/en/articles/la-francophonie-and-unesco-shared-values-around-2030-agenda>
10. Beles-CAS. «Қазақстанның білім сапасын халықаралық зерттеулердегі нәтижелері:артта қалу себептерін зерттеу»(2020) // <https://beles-cas.kz/images/ILSA.pdf>
11. Bolashak.«Болашақ» стипендиясының 2023 жылғы үшінші лек иегерлерінің тізімі жарияланды(2023, Тамыз 31) // <https://bolashak.gov.kz/kz/allnews/opublikovan-spisok-tretego-potoka-obladatelej-stipendii-bolashak-2023-goda#:~:text=31%2F08%2F2023-,%20ПУБЛИКОВАН%20СПИСОК%20ТРЕТЬЕГО%20ПОТОКА%20ОБЛАДАТЕЛЕЙ%20СТИПЕНДИИ%20«БОЛАШАК»%202023%20ГОДА,%20ВУЗЫ%20И%20ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ%20ЦЕНТРЫ%20МИРА.>

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Иса Ж.Н.¹, Сүлейменова Г.М.²

¹12 сынып оқушысы,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

E-mail: ubajdullaevmejrlan@gmail.com

²тарих пәні мұғалімі,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

(Шымкент, Қазақстан), E-

mail:suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Мақала отбасы құндылықтарының Қазақстан қоғамындағы рөлін және олардың ел болашағына ықпалын зерттеуге бағытталған. Зерттеуде отбасының бала тәрбиесіндегі маңызы, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің

жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, Қазақстан мен Өзбекстандағы отбасылық құндылықтарға деген көзқарас салыстырылып, мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар талданады. Зерттеу нәтижелері ұлттық бірегейлікті сақтауда отбасылық тәрбиенің маңызын көрсетіп, болашаққа арналған ұсыныстар ұсынады.

Кілт сөздер: отбасы құндылықтары, тәрбие, ұлттық дәстүрлер, қоғам, болашақ ұрпақ, мәдениет, Қазақстан, білім және тәрбие, мемлекеттік бағдарлама, ұлттық бірегейлік.

Аннотация. В данной научной работе исследуется роль семейных ценностей в казахстанском обществе и их влияние на будущее страны. В работе рассматривается значение семьи в воспитании детей, а также способы популяризации национальных ценностей. Кроме того, проводится сравнительный анализ взглядов на семейные ценности в Казахстане и Узбекистане, а также государственных программ и инициатив. Результаты исследования подчеркивают важность семейного воспитания в сохранении национальной идентичности и предлагают рекомендации на будущее.

Ключевые слова: семейные ценности, воспитание, национальные традиции, общество, будущие поколения, культура, Казахстан, образование и воспитание, государственная программа, национальная идентичность.

Annotation. This research examines the role of family values in Kazakhstani society and their influence on the country's future. The study explores the significance of family in child upbringing and ways to promote national values. Additionally, it compares family value perspectives in Kazakhstan and Uzbekistan while analyzing state programs and initiatives. The findings highlight the importance of

Key words: family upbringing in preserving national identity and offer recommendations for the future.

КІРІСПЕ

Отбасы құндылықтары – қоғамның рухани негізі, әрбір адам үшін махаббат, қолдау мен тәрбиенің бастауы. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дегендей, бала отбасында алған тәлімді өмір бойы ұстанады. Сондықтан отбасы тәрбиесі ел болашағына тікелей әсер етеді. 2021 жылы ҚазҰМУ-да өткен «Отбасы: Отбасы құндылықтары, жанұялық қақтығыстар» атты іс-шара осы тақырыптың маңыздылығын көрсетті. Мемлекет те отбасы институтын нығайту арқылы қоғамдағы ізгі қасиеттерді дәріптеуге үлес қосуда.

Зерттеу жұмысының мақсаты – отбасындағы қарым-қатынасты бағалап, ұлттық құндылықтардың рөлін талдау және оларды күшейту жолдарын ұсыну. Міндеттеріне отбасылық тәрбиенің әсерін зерттеу, халықтың пікірін анықтау және болашаққа болжам жасау кіреді.


Зерттеу сұрақтары: қазіргі қоғамда отбасының рөлі қандай, ұлттық құндылықтарды қалай дәріптеуге болады, отбасылық тәрбие арқылы ел болашағына қалай ықпал етуге болады? Жұмыс нәтижесінде отбасының адам өміріндегі маңызы мен ұлттық тәрбиенің қоғамға әсері қарастырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ:

Зерттеу барысында Жібек Есімнің «Қазақстандық жастардың 80%-ы отбасын басты құндылық деп санайды» атты зерттеуін талдадым. Бұл зерттеу қоғамның пікірін анықтауға бағытталса, менің жұмысым отбасы құндылықтарының Қазақстанның болашағына әсерін қарастырады. Отбасы – махаббат пен тәрбиенің бастауы. «Отан – отбасынан басталады» дегендей, адамгершілік қасиеттер мен ұлттық құндылықтар отбасында қалыптасады. Қазақстан мен Өзбекстан отбасы институтын нығайтуға ерекше мән береді. Өзбекстанда отбасылық құндылықтарды қорғау мақсатында заңнамалық құжаттар қабылданды, ал Қазақстанда 15 мамыр – Халықаралық Отбасы күні аясында түрлі іс-шаралар өткізіледі [1]. Азаматтың тұлғалық дамуы отбасы мен мектеп тәрбиесіне байланысты. Жақсы тәрбие алған адам қоғамға пайдасын тигізеді. Қазақстанда 2014 жылдан бері «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы ұйымдастырылып, отбасылық құндылықтар насихатталып келеді [2]. Сонымен қатар, Президент Қ.Тоқаев креативті индустрияны дамыту қажеттігін атап өтті. 2023 жылы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» қабылданып, ұлттық және адамгершілік құндылықтарға негізделген тәрбиелік жұмыстар күшейтілді [3]. Ұлттық құндылықтарды сақтау – мемлекеттің рухани дамуының негізі. Отбасы берік болса, елдің іргетасы да мықты болады. Қазақтың дәстүрі, тілі, тарихы – ұлттық бірегейліктің тірегі. Ж.Аймауытов айтқандай, «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын» [4]. Осылайша, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы Қазақстанның жарқын болашағын қалыптастыруға болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР: Аталған тақырыпты зерттеуімді әрі қарай нақтылау үшін, әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды. Олардың бірі-**қоғамдық сауалнама**. Бұл белгілі бір мәселе төңірегіндегі сұрақтарды кең аудиторияға қою арқылы олардан тез арада мәлімет және пікірлер жинауға бағытталған **сандық зерттеу әдісі**, сонымен қатар әрбір қатысушыға бірдей сұрақтар қойылғандықтан, ақпараттың бірдей форматта жинақталуы қамтамасыз етіледі. Кейбір адамдар үшін өз пікірін анонимді түрде беру ыңғайлырақ болғандықтан, бұл зерттеу әдісі шынайы жауаптар алудың ықтималдығын арттыра түседі, себебі сауалнама онлайн түрде, ғаламтор желісінде жүргізілген. Мен google.forms платформасында таңдалған мәселе бойынша айқын талданатын 10 сұрақтан тұратын сауалнама құрастырып, жалпы 50 жауап жинадым. Статистика келесідей болды:


Тәрбие негізінен қай жолмен беріледі?
50 жауап



Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі жасөспірімдер мен жастар: 18-30 жас аралығында – 30%, 13-18 жастағылар – 28%. 30-50 жас аралығындағы қатысушылар 20%-ды құрады, ал балалар мен егде жастағылар сирек кездесті. Тәрбие түрлері бойынша 36%-ы дәстүрлі тәрбиеде өскенін, 46%-ы орта деңгейдегі тәрбие алғанын, ал 18%-ы прогрессивті көзқарасты ұстанғанын айтты. Қатысушылардың 66%-ы толық отбасында тәрбиеленсе, 34%-ы толық емес отбасында өскен. Жанжал кезіндегі ұстанымдар бойынша 58%-ы диалог пен компромисс іздеуді жөн көрсе, 42%-ы жанжалдың туындауы мүмкін екенін мойындады.


Сауалнаманың бесінші сұрағына ұсынылған жауаптардың арасында ең көп таңдауға баланың әке-шешесі мен ата-әжесі ие болды. Одан кейін ғаламтор желісі мен оқу-меңгеру ортасы арқылы беріледі деп белгілесе, ең аз жиілік алған тәрбие алу жолы-кітап оқу екені мәлім болды. Демек, ата-аналар кітап оқу арқылы тәрбие беруге қарағанда басқа да жолдарды тиімдірек санайды. Құндылықтардың ең жиі сақталғаны-«Үлкенге құрмет, кішіге ізет»(39 дауыс). Одан соң қонақжайлық пен ана тілін сыйлау құндылықтары қадірге ие, екеуі де алынған нәтижелердің 58%-ын қамтыған. Ең аз дәріптелетін қасиеттер-салт-дәстүрді ұстану және патриотизм болды. Оларға сәйкесінше 25 пен 20 дауыс берілді.

Ұлттық құндылықтар қазақ отбасыларында қаншалықты сақталады?
50 жауап



Жауап берушілердің басым бөлігі ұлттық құндылықтардың сақталу деңгейін 80%-ға бағалайды. Ал бүкіл жауаптардың орта мәні-3.16, ол жауап берушілердің 63.2%-ы.


Жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарды сіңіруіне бағытталған ең тиімді жол қайсысы деп ойлайсыз?
50 жауап



Ең тиімді бағдарлама, жауап берушілердің ойынша, мектептегі іс-шаралар мен қазақ тілі пәнінің мәртебесінде болды, әрі 32 дауысқа ие болды; Одан кейін, қазақша басылым мен олимпиадалар орны, олар сәйкесінше 26 мен 25 дауыс жинаған. Бұл барлық жауап берушілердің тең жартысы осы жолдарды ең жақсы деп ойлағанын білдіреді. Олардан кемі, яғни сауалнамадан өтушілердің шамамен 20%-ы теледидарға ертегілерді шығару мен қазақша мультипликацияларды ұлттық құндылықтарды сіңірудің ең тиімді жолы деп санады.

Жүргізілген сауалнаманың соңғы екі сұрағы ұлттық құндылықтарды жас ұрпаққа отбасы тәрбиесі арқылы дәріптеудің мүмкін жолдарын анықтауды көздеген болатын. Тоғызыншы сұрақта берілген мәселені шешудің мүмкін болатын нақты жолдары беріліп, сұхбаттан өтушілерден тек 1 немесе одан көп нұсқаны таңдау сұралса, зерттеудің соңғы сұрағы жауап берушілерден өз шешу жолдарын ұсынуын сұрайды.

Ұлттық құндылықтарды дамытудың қай мүмкін шешімдері орынды деп ойлайсыз?
50 жауап



Шешімдерге келсек, респонденттердің ойынша, ең тиімді үш жолды таңдауға болады: әлеуметтік желідегі үгіттеу; аудиокітаптар және мәдени орындарға маусымдық жолдама беру (сәйкесінше 28, 27, 27 дауыс). Олардан соң, мерекелерді әдеппен қарсы алу тәсілі тұр. Жауап берушілердің 36%-ы осы шешімді ең дұрыс деп таңдаған. Ал ең аз таңдау жинаған әдістер – ұлттық телеарнадағы ұлттық насихат пен платформаларға материалдар енгізу, екі әдіс те бірдей 16 дауыстан жинаған.

Ұлттық ойындарды трегке айналдыру

отбасы ышындағы осиеет, ақыл

Отбасылық мерекелер мен дәстүрлі мейрамдарды атап өту арқылы ұлттық салт-дәстүрлерді жандандыру. Балаларға мереке тарихын түсіндіру және осы дәстүрлерге белсенді түрде қатыстыру маңызды

Мемлекет органдарының 100% қазақ тілін меңгеруі

Ең дұрысы үйдегі тәрбиені дұрыстау, балаға уақыт бөлу

Мектеп бағдарламасында ұлттық құндылықтарға көбірек көңіл бөлуі

Бала телефоннан емес ата анасынан тәрбие алуы керек

өз ойым салт-дәстүр мен мерекелерді өткізу әдебин қолға алу керек

Отбасылардың бірінші тілі - қазақ тілі болуы ғ

Мультитерді қазақша аудармасын телевизордан көрсетсе

Орыс тілін алып тастау

Тарих пен әдебиетті халыққа жақын ету

Анимелердің сапалы қазақша аудармасы

Мектептерде қазақ тілін дұрыстап оқыту

Отбасылық іс шараларды көбейту

Отбасыда ұлттық мейрамдарды тойлау дәстүрі орын алу қажет және ұлттық тағамдарды сол мерекелерде дайындау.

қазақ тілін платформаларға енгізу

Ата әжеге немерелердің тәрбиесін тағайындау керек

Қазақша мультфильмдерді жиілету

Балалардың назарын телефонға емес кітаптарға аудару керек

я, моя семья, не имеем ничего общего с культурой. считаю что нужно какраз таки западную цивилизацию установить

Телефоннан кітапқа баулу

аудиокітаптар

қосарым жоқ

технологияларды қазақиландыру керек

безопасия

Ата ананың балаға құндылықтарымыз жайлы мәліметтерді айтуы, үйретуі

Отбасыда қазақ тілін тәрбиелеу

кітаптар мен әдебиетті мобилді қолжетімді ету

-

мерекелерді атап өту

телевизия мен соц сеть ке тарату

қазақша мультфильмдер

мобилді қолданбалардың қазақша аудармасы

іс-шаралар, мерекелер

Ең алғаш сол отбасы құратын екі жастың ой-санасы жетік те кемел болуы. Ары қарай ұлттық құндылықтарға байланысты әрекеттердің барлығын іс жүзінде ұстанып, жақсы жағынан көрсетуі. Күштеп емес, жұмсақ, үлкен шыдам көрсетіп жеткізуі.

Қазақ тілі сабағын жақсарту

Мультфильм

Мерекелерді өткізу

-

қазақ тілінде ісшаралр

Программалар ұйымдастыру

Мультитерді қазақша көрсету

қазақ тілін қызықты етіп өткізу

Білмим

қазақ тілінде грамматика мен түпкі ұғымды үйрету, 1 деңгейде емес

ұлттық эстафеталар

музейге апару

-

-

Жауап берушілердің әрбірі ерекше жауап беруге тырысқан. Атап өтсек, теледидар және телефондағы ақпараттың қазақшалануы, мерекелердің дәріптелуі мен балаларға тарихы, мәні түсіндірілуі, тәрбиені отбасыға жақындату, ата-әже қамқорлығын көруі, үлкен шыдаммен тәлім сіңіруі жайында жазылған.

Зерттеудің сапалық зерттеу әдісі-сұхбат. Талқыланып отырған мәселеге байланысты ақпарат жинау мақсатында жеке және отбасы психологы, кеңесшісі Айтбаева Гульмирадан сұхбат алынды. Сұхбат берушіден аталған мәселенің өзектілігіне баға беру, оның себеп-салдары мен шешу жолдарына байланысты ұсыныс беру сұралды. Осы тақырыптағы мәлімет пен аса құнды көзқарасты тыңдау үшін осы маманнан сұхбат алу дұрыс шешім болғанына сенімдімін. Сұхбат барысында алынған мәліметтерді қысқаша талдап, мынандай шешімге келдім: Ұлттық құндылықтар-халықтың рухани байлығы мен мәдениетінің

іргетасы. Бүгінде көптеген отбасыларда бұл құндылықтар сақталса да, кейбір отбасылар заманауи өмір ағымына ілесіп, ұлттық құндылықтарға аса мән бермейді. Алайда, көбінесе отбасылар ана тілімізді, қонақжайлық пен үлкенге құрмет, салт-дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа баға жетпес қазына ретінде жеткізіп келеді. Ұлттық құндылықтар ең бірінші кезекте ата-ананың үлгісімен сіңіріледі. Оларды дәріптеудің тәсілдеріне ұлттық мерекелерді атап өту, мәдени мұралармен жас ұрпақты таныстыру, қазақтың түрлі салт-дәстүрлерін балаларға үйрету жатады. Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерінің жоғалуы тек отбасы тәрбиесіне ғана емес, жаһандану әсеріне де байланысты. Дегенмен, ұлттық тәрбиені нығайту арқылы біз еліміз үшін саналы, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға орасан зор үлес қоса аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында бірнеше қиындықтар орын алды. Мәселен, уақыт тығыздығы мен сөз санының шектелуіне байланысты зерттеу жұмысын мүмкіндігінше қысқартылған, әрі жедел түрде жазу керек болды. Сондай-ақ, ғаламторда денсаулық сақтау саласына қатысты деректердің аздығы қиындық туғызды. Ақпаратты өңдеу барысында оның шынайылығы мен құндылығын бағалау да уақытты талап еткен жұмыс болды. Кездескен кедергілерге қарамастан, мен түрлі социологиялық әдістерді қолдану арқылы деректер жинау, ол мәліметтерді ары қарай синтездеу мен интерпретациялау секілді дағдыларымды дамытуға мүмкіндік алдым. Сонымен қатар, көлемді ақпаратты өңдеу және негізделген қорытынды жасау мен үшін жаңа және пайдалы тәжірибе болды. Зерттеу жұмысының сапасын арттыру үшін әлеуметтік сауалнаманы республикалық деңгейде офлайн форматта жүргізу қажет, себебі түрлі өңірлердегі тұрғындардың пікірін толық қамтуға мүмкіндік береді. Зерттеу көрсеткендей, елімізде денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қадамдар жасалғанымен, медициналық қызметтердің қолжетімділігі, азаматтардың құқықтық сауаттылығы, цифрлық технологияларды енгізу мәселелері өзекті болып қала береді. Осыған байланысты **ұсыныстар**: БАҚ, әлеуметтік желілер, медициналық мекемелер арқылы халықты денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу маңыздылығы туралы кеңінен ақпараттандыру, медициналық қызметкерлердің білім деңгейін бақылау жүйесін енгізіп, оларға үнемі біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, жас мамандарды қолдау бағдарламаларын әзірлеу, шалғай елді мекендерде жұмыс істейтін дәрігерлерге қаржылық және әлеуметтік көмек көрсету. Сонымен қатар цифрлық технологияларды кеңінен қолдану, электронды денсаулық карталары енгізу, ауылдық аймақтардағы телемедицинаны дамыту, дәрігерлердің қағаз толтыру жұмыстарын арнайы көмекшілерге тапсыру арқылы бюрократияны азайту. Бұл ұсыныстар денсаулық сақтау саласын жақсартып, медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған кешенді қадамдар болмақ.

Әдебиеттер тізімі :

1. «Caravan Info» сайты, «Өзбекстанда Халықаралық Отбасы күні атап өтілді», 21.05.2024- <https://caravan-info.pro/%D3%A9zbekstanda->

[haly%D2%9Baraly%D2%9B-otbasy-k%D2%AFn%D1%96-atap-%D3%A9t%D1%96ld%D1%96/](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-keles/press/news/details/763673?lang=kk)

2. Келес ауданы әкімінің аппараты, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы 2024 жылға жария хабарландыру, 02.05.2024-

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-keles/press/news/details/763673?lang=kk>

3. «media.kz» сайты, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»-ұлттық, адами құндылықтарға негізделген, 09.09.2023-

<https://rgmedia.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=28&id=14579>

4. «adyrna.kz» порталы, «Отбасылық құндылықтар- ұлттық тәрбие негізі», 26.03.2023- <https://adyrna.kz/post/151351>

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЖАҚСARTУДАҒЫ ШЕШІМДЕР

Әбзелбек Қ. Ғ.¹, Сүлейменова Г.М.²

¹12 сынып оқушысы,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

E-mail: ubajdullaevmejrlan@gmail.com

²тарих пәні мұғалімі,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

(Шымкент, Қазақстан), E-

mail: suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Халық денсаулығы елдің тұрақты дамуының маңызды көрсеткіші болғандықтан, Қазақстанда денсаулық сақтау саласына ерекше мән беріледі. «Қазақстан-2050» стратегиясында өмір сүру ұзақтығын арттыру міндеті қойылып, осы мақсатта 2026 жылға дейінгі Денсаулық сақтау жүйесін дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Зерттеу барысында медициналық реформалардың нәтижелері талданып, қызмет сапасының жақсарғаны, бірақ ауылдарда қолжетімділік пен цифрландыру қажеттілігі анықталды. Шетелдік тәжірибе сақтандыру жүйесін жетілдіру, цифрлық қызметтер мен телемедицинаны дамыту маңызды екенін көрсетті. Жалпы, зерттеу денсаулық сақтау жүйесін жақсарту бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: денсаулық сақтау жүйесі, Қазақстан медицинасы, ұлт саулығы, медициналық реформа, цифрландыру, инновациялар, ҚР Денсаулық сақтау тұжырымдамасы, халықтың өмір сүру ұзақтығы, медицинадағы шетелдік тәжірибе, медициналық инфрақұрылым.

Annotation. Public health is a key indicator of a country's sustainable development, so Kazakhstan places special emphasis on the healthcare sector. The "Kazakhstan-2050" strategy sets the goal of increasing life expectancy, leading to the

adoption of the Healthcare System Development Concept until 2026. The study analyzed the results of medical reforms, revealing improvements in service quality. However, accessibility in rural areas and the need for digitalization remain pressing issues. International experience has demonstrated the importance of improving the health insurance system, developing digital services, and implementing telemedicine. Overall, the research enabled the development of specific recommendations for improving the healthcare system.

Keywords: healthcare system, Medicine of Kazakhstan, health of the nation, Medical reform, digitalization, innovations, concept of Healthcare of the Republic of Kazakhstan, life expectancy of the population, foreign experience in medicine, medical infrastructure.

КІРІСПЕ

Халық денсаулығы – елдің тұрақты даму деңгейінің негізгі көрсеткіші болғандықтан, денсаулық сақтау саласы әр мемлекеттің стратегиялық басымдығы болып табылады. «Қазақстан-2050» стратегиясында медицинаға ерекше көңіл бөлініп, қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығын арттыру міндеті қойылған. Осы мақсатта ҚР Үкіметі 2022 жылы "Денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын" бекітті. Тақырып өзекті, өйткені COVID-19 пандемиясы денсаулық сақтау жүйесінің осал тұстарын айқындады. Мәселен, 2021 жылы елде сырқаттанушылық пен өлім көрсеткіштерінің өсуі нәтижесінде Қазақстан азаматтарының орташа өмір сүру ұзақтығы өткен жылдармен салыстырғанда 2,95 жылға қысқарды[1]. Бұл елдегі медициналық қызмет сапасының төмендігінің белгісі. Бұдан бөлек, ДДҰ бағалауында Қазақстандағы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету және созылмалы аурулармен күресу деңгейі қанағаттанарлықсыз екені атап өтілген[2]. Сондықтан денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру мен нығайтуға бағытталған реформалар бүгінгі таңда еліміздің басты міндеті деп білемін. Осы себептер менің курстық жобамның тақырыбы ретінде денсаулық сақтау саласын таңдауыма түрткі болды. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасының орындалу деңгейін талдауды және медицина саласын жетілдіруге қатысты тиімді шешімдер ұсынуды мақсат етеді.

Бұл зерттеудің гипотезасы бойынша 2026 жылға дейінгі Тұжырымдама медицина сапасын арттырып, ауруларды ерте диагностикалауға және шалғай ауыл тұрғындарының медициналық қызметке қолжетімділігін жақсартуға ықпал етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының 2026 жылға дейінгі денсаулық сақтау тұжырымдамасы аясында қоғамдық денсаулық сақтау саласында бірқатар оң өзгерістер байқалады. Атап айтқанда, 2023 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша жалпы өлім-жітім көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 5,7%-ға төмендеген [3]. Бұл үрдіс саламатты өмір салтын қалыптастыру және жұқпалы емес аурулардың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралардың тиімділігін айғақтайды. Сонымен қатар, 2023 жылы 2,8 миллион ересек азамат, оның ішінде

1,1 миллион ауыл тұрғыны, профилактикалық скринингтен өтіп, нәтижесінде 388 мың азаматтан әртүрлі патология анықталған. Денсаулық сақтау жүйесінің қолжетімділігін арттыру мақсатында ауылдық жерлерде 72 дәріхана пункті мен 161 жеке дәріхана ашылды [3]. Дегенмен, аталған реформалардың толыққанды нәтижелілігіне қатысты сұрақтар туындауда. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында медициналық сақтандыру жүйесінің бірқатар кемшіліктеріне назар аударды. Атап айтқанда, науқастарға мемлекет кепілдік берген медициналық қызметтердің ақылы түрде ұсынылуы немесе ұзақ мерзімді күту қажеттілігі сияқты мәселелер жүйенің тиімділігіне кері әсер етуде [4].

Ауылдық денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында «Ауылдық денсаулық сақтау саласын жаңғырту» ұлттық жобасы іске асырылуда. 2022 жылы осы бастама аясында Жамбыл облысының ауылдық елді мекендеріне толық жабдықталған Hyundai N350 маркалы 12 жедел жәрдем көлігі жеткізілді [5]. Сонымен қатар, 2023 жылы медициналық пойыздар 121 станцияны аралап, 88 000 азаматқа, оның ішінде 19 222 балаға медициналық көмек көрсетті [3]. Алайда, шалғай аудандарда тұратын науқастарға көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі әлі де өзекті мәселе болып отыр. Көптеген ауыл тұрғындары қажетті медициналық көмекті алу үшін облыс орталықтарына немесе ірі қалаларға қатынауға мәжбүр. Бұл фактор созылмалы және күрделі аурулары бар пациенттердің уақтылы әрі сапалы медициналық көмек алу мүмкіндігін шектейді.

Дамыған елдердің денсаулық сақтау жүйесіндегі үздік тәжірибелерін зерттеу Қазақстанда медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал етуі мүмкін. Мысалы, Эстония 2008 жылы e-health электронды денсаулық сақтау жүйесін енгізіп, әрбір азаматтың өмір бойғы медициналық тарихын цифрлық форматта сақтау жүйесін қалыптастырды [6]. Қазақстанда 2018 жылы іске қосылған Damumed қосымшасы осыған ұқсас қызмет атқарғанымен, жүйенің тиімділігі мен сенімділігіне қатысты проблемалар бар. 2023 жылы жүргізілген сауалнама нәтижелері пайдаланушылардың көпшілігінің жүйеде жалған медициналық жазбалардың бар екенін және дәрігерлермен байланысу мүмкіндігінің шектеулі екенін атап өткенін көрсетеді [7]. Оңтүстік Корея тәжірибесіне сәйкес, елдің әрбір азаматы жыл сайынғы профилактикалық тексеруден міндетті түрде өтуі тиіс, ал бұл талап орындалмаған жағдайда, медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу құқығы автоматты түрде жойылады [7]. Қазақстанда бұл ереже көбінесе елеусіз қалады, нәтижесінде азаматтар жыл сайынғы тексерістерден өтпеуді немесе тексерістен өтті деген құжатты ақылы түрде сатып алуды таңдайды. Сонымен қатар, денсаулық сақтау жүйесінің кадрлық әлеуетін арттыру мәселесі өзекті болып отыр. Дәрігерлік мамандық Оңтүстік Кореяда ең беделді мамандықтардың бірі болып табылады, оның орташа жалақысы айына 10 миллион вонды (3 152 000 теңге) құрайды [8]. Салыстырмалы түрде Қазақстанда дәрігерлердің орташа айлық жалақысы 420 мың теңгеге жеткізілгенімен, медициналық қызметкерлер орта есеппен 235 мың теңге алады екен [9]. Бұл білікті дәрігерлерді жұмысын тастап, мансаптарын

өзгертуге немесе жоғары табыс ұсынатын Оңтүстік Корея сияқты елдерге көшуге мәжбүр етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Зерттеу барысында алдымен ғаламтордағы сенімді әдебиеттермен жұмыс істеп, олардың негізінде алынған қорытындыны курстық жұмысымның А бөлімінде ұсындым. Негізгі дереккөздер ретінде gov.kz, akorda.kz, және adilet.zan.kz сайттарын пайдаландым. Gov.kz мемлекеттік органдардың қызметтері, жаңалықтар және ресми құжаттар жарияланатын Үкіметтің порталы болып келеді. Akorda.kz ҚР Президентінің жолдаулары ұсынылатын ресми сайт ретінде танылған. Ал adilet.zan.kz Қазақстанның заңнамалық базасын қамтитын ресурс, зерттеуде заңдық негіздерді қарастыру үшін бұл сайт маңызды рөл атқарды. Осы сайттардың ресми және сенімді болып танылатындықтан, бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен ғылыми құндылығын арттырады.

Курстық жұмыста деректерді жинау мақсатында социологиялық зерттеудің екі негізгі әдісі ретінде сұхбат және сауалнама қолданылды. Бұл әдістер зерттеу нәтижелерінің нақтылығын және деректердің әртүрлілігін қамтамасыз үшін таңдалынған.

Зерттеудің бірінші сатысында сандық деректер алу үшін сауалнама әдісі пайдаланылды. Сауалнама Microsoft Forms платформасы арқылы онлайн түрде өткізілді, нәтижесінде 31 жауап жиналды. Сауалнама жалпы 7 сұрақтан тұрады және оның екі сұрағы ашық сұрақ болып табылады. Қатысушылар әртүрлі жас аралықтарын қамтыды. Атап айтқанда, сауалнамадан өткендердің басым көпшілігін 42%-бен 26-30 жас аралығындағы жастар құрады. Жауаптардың 26%-ы 31-40 жастағы ересек адамдарға тиесілі болса, қалған 16%-ды 21-25 жас аралағында қатысушылар қамтыды.

2. Соңғы жылдары медициналық қызметтердің сапасында жақсартуларды байқадыңыз ба?

[Қосымша мәліметтер](#)

- Иә, мен жақсартуларды байқа... 11
- Иә, бірақ кейбір мәселелер әлі... 17
- Жоқ, мен ешқандай өзгерістер... 3



Сурет-2

Сауалнаманың екінші сұрағының нәтижелеріне сәйкес, қатысушылардың 55%-ы медициналық қызметтерде жағымды өзгерістер бар, бірақ әлі де кейбір мәселелер толық шешілмеді деп есептесе, 35%-ы медицинада айтарлықтай жақсартулар болғанын мойындайды. Ал тек 10% жауап берушілер ешқандай өзгеріс байқамағандарын білдірді.

3. Мемлекеттік медициналық мекемелердегі күтім мен диагностика сапасын қалай бағалайсыз?

[Қосымша мәліметтер](#)

Өте жоғары	4
Жоғары	17
Орташа	6
Төмен	4
Өте төмен	0



Сурет-3

Келесі сұрақтың көрсеткен жауаптары бойынша қатысушылардың 55% Қазақстанның медицина саласын жоғары деңгейде дамыған деп бағалайды, және ешкім 1, яғни өте төмен деген баға бермеген.

4. Сіздің ойыңызша, ауылдық және шалғай аймақтарда медициналық қызметтерге қол жеткізу жақсарды ма?

[Қосымша мәліметтер](#)

Айтарлықтай жақсарды	2
Аздап жақсарды	10
Өзгеріссіз қалды	16
Нашарлады	0
Ауылдық жерде тұрмаймын	3



Сурет-4

Төртінші сұраққа жауап берушілердің 16-ы ауылдық аймақтарда медициналық қызметтерге қолжетімділік «өзгеріссіз қалды» деп ойласа, 10 адам «аздап жақсарды» деген пікір білдірді. «Айтарлықтай жақсарды» деп жауап берген тек 2 қатысушы, қалғандары ауылдық жерде тұрмайтындар қатарынан болды.

5. Денсаулық сақтау саласында қандай мәселе ең өзекті деп ойлайсыз?

[Қосымша мәліметтер](#)

Медициналық мекемелердің ...	10
Медициналық қызметкерлерді...	4
Диагностика мен емдеудегі за...	6
Мемлекеттік медициналық ме...	3
Кезек күту мен ұзақ уақытқа с...	8



Сурет-5

Соңғы жабық сұрақта сауалнамадан өтушілердің 32% ең өзекті мәселе ретінде «Медициналық мекемелердің жетіспеушілігі» деген жауапты белгілесе, 26% жауап «Кезек күту мен ұзақ уақытқа созылатын қабылдау» деген көзқарасқа сай болды. 19% қатысушылар «Диагностика мен емдеудегі заманауи технологиялардың жеткіліксіздігі» маңызды мәселесе деп есептесе, қалған 13% жауап «Медициналық қызметкерлердің жетіспеушілігі» деген нұсқаға сай болды.

Сауалнаманың жетінші сұрағы денсаулық сақтау жүйесін дамыту мәселесін қамтиды. Қатысушылардың барлығы бұл бағытты маңызды деп санап, өз пікірлерін төмендегідей жеткізді (Сурет-6).

Сауалнамаға қатысушылар соңғы сұраққа жауап ретінде Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру бойынша келесі ұсыныстарын берді (Сурет-7).

Сауалнама жауаптарын қорытындылайтын болсақ, қатысушылардың басым бөлігі заманауи талаптарға сәйкес жүйеге көшу, цифрландыруды жүргізу және жаңа технологияларды енгізу деген ұсыныстар білдірді.

7. Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін қандай өзгертулер енгізер едіңіз?

10 Responses

		тренингтер ұйымдастыруға болады.
2	anonymous	Көпсалалы медициналық орталықтарды дамыту керек. Бұл науқастарға кешенді қызмет көрсетуге көмектесіп, әртүрлі ауруханалар арасында қатынау қажеттілігінен болдырмайды.
3	anonymous	Дәрі-дәрмектердің бағасын төмендету және ауылдық жерлерде олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету керек.
4	anonymous	Жедел жәрдем қызметінің жеделдігін арттыру үшін жаңа көліктер мен жабдықтармен қамтамасыз етуді ұсынамын
5	anonymous	Медициналық ақпаратты ашық ету керек, себебі халықтың көбісі тегін медициналық ем алу мүмкіндіктері туралы мүлдем бейхабар, сондықтан да бұндай мүмкіндіктерін пайдаланбайды.
6	anonymous	Денсаулық сақтау саласындағы зерттеулерді қаржыландыру керек. Сонда ғана жастардың, ғалымдардың ғылыми ізденістерге ынтасы артып, медицина саласында жаңалықтар ашылады. Бұл болашақта үлкен өзгерістер әкеледі
7	anonymous	Цифрландыруды жасау керек!!! Мысалы, толық электронды медициналық карталарларға өту керек, дәрігерден қашықтықтан видеозвонок арқылы консультация алу мүмкіндіктерді ұйымдастыруға болады. Бұл әсіресе шалғай аудандарда тұратын адамдар үшін тиімді.
8	anonymous	ауруларды алдын алу шараларына назар аудару, халық арасында денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастырумен жұмыс жасау
9	anonymous	Жаңа технологиялар еңгізу керек, біздіңкілер ескірген, дұрыс диагностика жасауға кедергі келтіреді
10	anonymous	Арал теңізі мен Семей ядролық полигоны аймақтарында тұратын тұрғындарға медициналық бағдарламалар қарастырылмаған. Осыған көңіл бөлу керек деп ойлаймын.

Сурет-6

Зерттеудің екінші әдісі сұхбат. Сұхбат беруші Кемеқалған дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері- Рысбекова Салтанат Мухтаровна. Сұхбат

берушіге жалпы медицина саласының жағдайы мен соңғы кезеңдерде жүргізіліп жатқан реформалар туралы бірнеше сұрақтар қойылды. Салтанат Мухтаровнаның айтуынша, ірі қалаларда біршама заманауи технологиялармен жабдықталған жаңа ауруханалар салынғанымен, Қостанай облысы сияқты шалғай өңірлерге әлі де ескірген инфрақұрылыммен жұмыс істеуге тура келеді. Оның пікірінше, мұндай жағдайлар емделушілерге сапалы медициналық көмек көрсетуге кедергі келтіріп, жастардың ауылдық жерлерде жұмыс істеуге деген ынтасын төмендетеді. Сонымен қатар, сұхбат беруші қағаз құжаттардың шамадан тыс көптігі дәрігерлерді науқастардан гөрі құжаттарды толтыруға көбірек уақыт жұмсауға мәжбүр ететінін ерекше атап өтті. Салтанат Мухтаровна ауылдық жерлердегі медициналық мәселелерді шешу үшін елде телемедицина қызметін дамытуды ұсынды. «Мәселен, әлемнің дамыған елдері шалғай елді мекендердегі науқастарға қашықтан кеңестер мен диагностика алуға мүмкіндік беру үшін телемедицина қызметтерін пайдалануда. Бұл медициналық қызметке қолжетімділікті арттырудың ең тиімді жолы, өйткені жаңа ауруханаларды салу қыруар қаржыны, ресурстарды және білікті мамандарды қажет етеді. Ал телемедицина үшін тек байланыс желісі мен байланыс құралы қажет», - деді ол.

7. Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін қандай өзгертулер енгізер едіңіз?

Жауаптар

1	анонимді	Дәрігерлердің біліктілігін арттыру керек. Мысалы, тұрақты семинарлар мен тренингтер ұйымдастыруға болады.
2	анонимді	Көпсалалы медициналық орталықтарды дамыту керек. Бұл науқастарға кешенді қызмет көрсетуге көмектесіп, әртүрлі ауруханалар арасында қатынау қажеттілігінен болдырмайды.
3	анонимді	Дәрі-дәрмектердің бағасын төмендету және ауылдық жерлерде олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету керек.
4	анонимді	Жедел жәрдем қызметінің жеделдігін арттыру үшін жаңа көліктер мен жабдықтармен қамтамасыз етуді ұсынамын
5	анонимді	Медициналық ақпаратты ашық ету керек, себебі халықтың көбісі тегін медициналық ем алу мүмкіндіктері туралы мүлдем бейхабар, сондықтан да бұндай мүмкіндіктерін пайдаланбайды.
6	анонимді	Денсаулық сақтау саласындағы зерттеулерді қаржыландыру керек. Сонда ғана жастардың, ғалымдардың ғылыми ізденістерге ынтасы артып, медицина саласында жаңалықтар ашылады. Бұл болашақта үлкен өзгерістер әкеледі
7	анонимді	Цифрландыруды жасау керек!!! Мысалы, толық электронды медициналық карталарларға өту керек, дәрігерден қашықтықтан видеозвонок арқылы консультация алу мүмкіндіктерді ұйымдастыруға болады. Бұл әсіресе шалғай аудандарда тұратын адамдар үшін тиімді.
8	анонимді	ауруларды алдын алу шараларына назар аудару, халық арасында денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастырумен жұмыс жасау
9	анонимді	Жаңа технологиялар еңгізу керек, біздіңкілер ескірген, дұрыс диагностика жасауға кедергі келтіреді

Сурет-7

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесінің қаржыландырылуы артып, диагностика деңгейі жақсарып, халықтың өмір сүру ұзақтығы өскені байқалады. Алайда шалғай аймақтардағы медициналық қызметтердің қолжетімсіздігі, қаржының тиімсіз бөлінуі және кепілдендірілген қызметтердің ақылы түрде ұсынылуы өзекті мәселе болып қала береді. Барлық азаматтарға сапалы, қолжетімді және әділ медициналық қызмет көрсететін жүйе ғана қанағаттанарлық болашақты қалыптастыра алады. Ол үшін заманауи технологиялар мен цифрландыру енгізіліп, медициналық мекемелердің жеткілікті саны, білікті мамандар мен жоғары қаржыландыру деңгейі қамтамасыз етілуі тиіс. Қазіргі таңда бұл бағытта бірқатар қадамдар жасалды: денсаулық сақтау саласын реформалау бағдарламалары қабылданып, «Ауылдық денсаулық сақтау саласын жаңғырту» ұлттық жобасы қолға алынды, қалалық медициналық мекемелердің инфрақұрылымы жақсарды, Damumed платформасы енгізілді. Дегенмен, денсаулық сақтау жүйесінде шешімін таппаған бірқатар мәселелер бар. Шалғай аудандарда медициналық мекемелер мен заманауи жабдықтар жеткіліксіз, интернет сапасы төмен, цифрландыру толық аяқталмаған. Ғылыми зерттеулер мен инновацияларға қаржыландыру аз, Семей мен Арал аймағы тұрғындарына арналған медициналық бағдарламалар жеткіліксіз. Сонымен қатар, Damumed платформасының деректер қауіпсіздігіне қатысты мәселелер бар. Қолжетімді ресурстарды тиімді пайдалану үшін ұзақ кезек күтуді қысқарту, ескі мекемелерді жаңғырту, дәрігерлердің біліктілігін арттыру қажет. Эстония мен Оңтүстік Кореяның тәжірибесін пайдалану, денсаулық сақтау саласына инвестиция тарту, ғылыми зерттеулерді қолдау маңызды. Жас мамандарды ынталандыру және Damumed платформасының қауіпсіздігін күшейту де басты назарда болуы тиіс. Болашаққа қол жеткізу үшін халықты тегін медициналық қызметтер туралы ақпараттандыру, цифрлық жүйелерді жетілдіру, телемедицинаны дамыту қажет. Ауыл медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеріп, дәрігерлердің құжат жүктемесін азайту арқылы жүйенің тиімділігін арттыруға болады. Жоспарлы өзгерістерді іске асыру үшін ең алдымен, қазіргі жағдайды сараптап, негізгі кедергілерді анықтау керек. Жана идеялар негізінде нақты жоспар құрып, шалғай аймақтардағы инфрақұрылымды жақсарту қажет. Жүзеге асқан шаралардың тиімділігін бағалап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізу арқылы ғана сапалы, әділ және қолжетімді медицина жүйесіне қол жеткізуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында бірнеше қиындықтар орын алды. Мәселен, уақыт тығыздығы мен сөз санының шектелуіне байланысты зерттеу жұмысын мүмкіндігінше қысқартылған, әрі жедел түрде жазу керек болды. Сондай-ақ, ғаламторда денсаулық сақтау саласына қатысты деректердің аздығы қиындық туғызды. Ақпаратты өңдеу барысында оның шынайылығы мен құндылығын бағалау да уақытты талап еткен жұмыс болды. Кездескен кедергілерге қарамастан, мен түрлі социологиялық әдістерді қолдану арқылы деректер жинау, ол мәліметтерді ары қарай синтездеу мен интерпретациялау секілді дағдыларымды дамытуға мүмкіндік алдым. Сонымен қатар, көлемді

ақпаратты өңдеу және негізделген қорытынды жасау мен үшін жаңа және пайдалы тәжірибе болды. Зерттеу жұмысының сапасын арттыру үшін әлеуметтік сауалнаманы республикалық деңгейде оффлайн форматта жүргізу қажет, себебі түрлі өңірлердегі тұрғындардың пікірін толық қамтуға мүмкіндік береді. Зерттеу көрсеткендей, елімізде денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қадамдар жасалғанымен, медициналық қызметтердің қолжетімділігі, азаматтардың құқықтық сауаттылығы, цифрлық технологияларды енгізу мәселелері өзекті болып қала береді. Осыған байланысты **ұсыныстар**: БАҚ, әлеуметтік желілер, медициналық мекемелер арқылы халықты денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу маңыздылығы туралы кеңінен ақпараттандыру, медициналық қызметкерлердің білім деңгейін бақылау жүйесін енгізіп, оларға үнемі біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, жас мамандарды қолдау бағдарламаларын әзірлеу, шалғай елді мекендерде жұмыс істейтін дәрігерлерге қаржылық және әлеуметтік көмек көрсету. Сонымен қатар цифрлық технологияларды кеңінен қолдану, электронды денсаулық карталары енгізу, ауылдық аймақтардағы телемедицинаны дамыту, дәрігерлердің қағаз толтыру жұмыстарын арнайы көмекшілерге тапсыру арқылы бюрократияны азайту. Бұл ұсыныстар денсаулық сақтау саласын жақсартып, медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған кешенді қадамдар болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы (2022, қараша 24) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000945>
2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (2019, желтоқсан 26) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000982>
3. Жыл қорытындысы: Медицина саласында қандай жетістіктер болды (2023, Желтоқсан 25) // <https://kaz.inform.kz/news/zhil-koritindisi-meditsina-salasynda-kanday-zhetsttkter-boldi-80a3c5/>
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2024, қыркүйек 2) // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659>
5. Жамбыл облысы денсаулық сақтау басқармасы. Медицина саласындағы жаңалықтар. (2022, желтоқсан 15) // <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-densaulyk/press/news/details/476934?lang=kk>
6. Қазақстан Эстонияның электрондық денсаулық сақтау саласындағы тәжірибесін зерделеуде. Egemen.kz. (2018, Мамыр 18) // <https://www.lat.egemen.kz/article/168941-qazaqstan-estoniyanynh-elektrondyq-densaulyq-saqtau-salasyndaghy-tadgiribesin-ze>

7. Даудың басы Damumed-те ме, дәрігерлерде ме? (2022, Ақпан 10) // <https://egemen.kz/article/303844-daudynh-basy-damumed-te-me-darigerlerde-me>

8. Оңтүстік Корея – өмір сүру ұзақтығы ең жоғары және әлемдегі ең үздік медицина ел. Adyrna.kz. (2022, тамыз 23) // <https://adyrna.kz/post/126391>

9. Қазақстандағы медицина қызметкерлерінің жалақысы. Azattyq-ruhy.kz. <https://azattyq-ruhy.kz/society/45738-kazakstanda-meditsina-kyzmetkerleri-kansha-zhalaky-alyp-zhur>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫН АРТТЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

А.Ғ.Тұңғұшбай¹, Г.М Сүлейменова²

¹12 сынып оқушысы,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

E-mail: kotokek24@gmail.com

²тарих пәні мұғалімі,

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

(Шымкент, Қазақстан), E-

mail:suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Бұл зерттеу жұмысы Қазақстанның геоэкономикалық маңызын талдауға және оны күшейту жолдарын қарастыруға арналған. Қазақстан Азия мен Еуропаның түйіскен нүктесінде орналасқандықтан, экономикалық және стратегиялық тұрғыдан ерекше орынға ие. Алайда, шикізатқа тәуелділік, жаһандық дағдарыстардың әсері және жаңа сауда жолдарының пайда болуы елдің геоэкономикалық рөлін әлсіретуі мүмкін. Зерттеу барысында халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлескен жобалардың тиімділігі, жаһандық дағдарыстарға бейімделу стратегиялары және шикізат экспортының отандық өнімге алмастыру жолдары талданды. Қазақстанның көлік және логистика саласын дамытуы, инновациялық өндірістерді қолдауы және адами капиталға инвестиция салуы елдің геоэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі тетіктері болып табылады. Сауалнама нәтижелері қазақстандықтардың көпшілігі еліміздің геоэкономикалық әлеуетін мойындайтынын, бірақ оның қазіргі стратегияларына қанағаттанбайтынын көрсетті. Осыған орай, елдің шикізатқа тәуелділігін азайту, жаңа нарықтарға шығу және сауда қатынастарын нығайту бағытында жаңа, тиімді шешімдер қабылдау қажеттілігі айқындалды.

Кілт сөздер: геоэкономика, Қазақстан, шикізат, инвестиция, жаһандық дағдарыс, сауда-саттық, көлік логистикасы, экономикалық стратегия.

Annotation. This research work is devoted to the analysis of the geo-economic significance of Kazakhstan and the consideration of ways to strengthen it. Kazakhstan occupies a special place in economic and strategic terms, as it is located at the junction

of Asia and Europe. However, dependence on raw materials, the impact of global crises and the emergence of new trade routes can weaken the country's geoeconomic role. The study analyzed the effectiveness of joint projects with international financial organizations, strategies for adapting to global crises and ways to replace raw materials exports with domestic products. Kazakhstan's development of the transport and logistics sector, support for innovative industries and investment in human capital are the main mechanisms for ensuring the country's geo-economic stability. The results of the survey showed that the majority of Kazakhstanis recognize the country's geo-economic potential, but are not satisfied with its current strategies. In this regard, the need to make new, effective decisions in the direction of reducing the country's dependence on raw materials, entering new markets and strengthening trade relations has been identified.

Key words: geoeconomics, Kazakhstan, raw materials, investment, global crisis, Trade, Transport Logistics, economic strategy.

Кіріспе. Геоэкономика кез келген елдің ең басты салаларының бірі. Ол тек экономиканы дамытып қана қоймай, көршілес мемлекеттермен жақсы қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Қазақстанның Азия мен Еуропаның тоғысқан жерінде орналасуы елімізге экономикалық және стратегиялық маңызын дамытуға зор мүмкіндік береді. Орта Азиядағы ең ірі және ресурстарға бай ел ретінде, сондай-ақ сауда-саттық жолдарының медиаторы болу арқылы, біз бұл мүмкіндіктерді тиімді пайдалана аламыз. Алайда, осы мүмкіндіктерге қарамастан, Қазақстан Республикасы геоэкономикалық маңызын арттыруда қиындықтарға тап болып отыр. Жаңа экономикалық күштердің және балама сауда-саттық жолдарының пайда болуы Қазақстанды геоэкономикалық маңыздылығын арттыру үшін бейімделуге мәжбүрлейді. Сонымен қатар, әлемде орын алып жатқан дағдарыстар мемлекеттердің геоэкономикасына әсер етуде. Нәтижесінде дамушы елдердің экспорты, импорты және шетелдік инвестициялардың көлемі төмендеуде. Мысалы, COVID-19 вирусының таралуынан туындаған пандемияның әсерінен Қазақстан 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы шетелдік инвестиция көлемін 30%-ға азырақ алды[1], және сол себепті бірнеше кәсіпорындар өздерінің жұмысын тежеуі немесе мүлдем тоқтатуы мүмкін еді. Статистикаға сүйенсек, көмір және мұнай өнеркәсібінен басқа барлық салаларда инвестиция көлемі бірден азайып[1], жоғарыда келтірілген қауіп қатердің астында тап болуына ықтималдылық жоғары болды. Бұл Қазақстанның қазіргі таңда шетелдер үшін тек шикізат көзі ретінде ғана құнды екенін көрсетеді. Біздің геоэкономикалық маңызымыз – табиғи ресурстарымызда. Бұған тағы бір дәлел – Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы. Шынында да, Қытайдан бастау алатын екі континентті байланыстырушы жол Қазақстанның геоэкономикалық маңызын айқындайды. Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстыра отырып, әлемдік экономикада маңызды рөл атқарып отыр. Дегенмен, Қытай Қазақстандағы бастамасының жарты бюджетін мұнай мен көмір өнеркәсіптеріне жұмсап[2], қауіпімізді дәлелдеді. Бұдан бөлек, Иранға дәліз ретіндегі рөліміздің өзектілігі Пәкістандағы «Бір белдеу, бір жол» бастамасындағы қауіптердің төмендеуімен бірге азаюда[3].

Қазақстанның геэкономикалық маңызы оның табиғи ресурстарына тікелей байланысты. Сондықтан, болашақта осы сарқылатын ресурстардың таусылуына байланысты еліміздің әлемдік аренадағы орны әлсіреуі ықтимал. Сонымен қатар, жаңа сауда-саттық жолдарының пайда болуы Қазақстанның геэкономикалық маңызын төмендетуі мүмкін. Алдағы уақытта дағдарыстарды тиімді еңсеру және көрші елдер мен одақтастар алдында сенімді серіктес рөлін сақтау үшін Қазақстан өз геэкономикалық стратегияларын қайта қарауы қажет.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу сұрақтарына жауап бермес бұрын, осы тақырыпқа ұқсас зерттеулердің бұрын жүргізілгенін атап өткен жөн. Джессика Неафидің «Producing the Eurasian Land Bridge: A Case Study of the Geoeconomic Contestation in Kazakhstan» атты еңбегі Қазақстанның геээкономикасына бағытталған. Дегенмен, бұл зерттеу негізінен аталған проблемалардың ықтимал шешімдеріне және нақты әлемнен алынған мысалдарға, сондай-ақ басқа елдердің сәтті бағдарламаларына ерекше назар аударады. Дамушы ел ретінде Қазақстан экономикасын және инфрақұрылымын дамытуда көптеген қиындықтарға тап болуда. Солардың бірі — көршілес және шет елдермен сауда-саттық қарым-қатынасының жеткіліксіздігі мен ынтымақтастықтың әлсіздігі[4]. Осындай мәселелерді шешу үшін Қазақстан халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жобаларды жүзеге асыруды өз стратегиясы ретінде таңдады. Мысалы, 2015 жылы басталған «Нұрлы жол» бағдарламасы халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп іске асырылған жобалардың айқын үлгісі болып табылады. Бұл жобаның мақсаты — еліміздің 95% [5] көлік жолдарын жаңарту және жақсарту. Әлемдік банк пен Азия даму банкімен бірлесіп жүзеге асырылған жоба 2021 жылы өзінің екінші кезеңінде Қазақстанға 301 миллиард теңге[5][6] көлемінде инвестиция тартты. Мұндай қаражат еліміздің жолдарын өзара байланыстырып, олардың сапасын жақсартуға, сондай-ақ тасымал мен қозғалысты тиімді етуге бағытталды. Шынында да, бүгінгі күнге дейін жоспарланған жұмыстардың 75%-ы (9800 км жол)[5] аяқталды. Өзгерістер Астана, Шымкент, Алматы және басқа да маңызды аймақтарды қосатын жолдарға жүргізілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде 20 тонна жүкті 500 км қашықтыққа тасымалдауға кететін орташа шығын 2013 жылғы 1400 АҚШ долларынан 2019 жылы 700 АҚШ долларына дейін төмендеп[7], халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылған бірнеше жылдық жоба еліміздің көлік жүйесін анағұрлым тиімді етті. Осыған ұқсас жоба Үндістанда да бар. «Бхаратмала» жобасы — Әлемдік банк, Азия даму банкі және Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігімен бірлесіп іске асырылған маңызды бастама. Бұл жоба Үндістанның екінші ең үлкен тасымал жолын салуды көздейді. Соңғы бес жылдың ішінде Үндістанның бірнеше аймағын қосатын және ұзындығы 24 000 км-ге созылатын [8] тасымал жолдары салынды. Жоба 2028 жылға дейін жалғасады деп жоспарлануда. Бұл мысал Қазақстан үшін халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылған жобалардың артықшылықтарын көрсетеді. Мұндай бастамалар елдің болашағы үшін зор әлеуетке ие болып, экономикаға айтарлықтай оң әсер етеді. Кризистер мен жаһандық дағдарыстарды алдын ала болжау кез келген экономикалық сарапшы үшін қиынға соғады. Сондықтан, барлық мемлекеттер пандемия сияқты күтпеген жағдайлардан туындаған мәселелермен күресу үшін

эртүрлі стратегияларды қолданады. Біздің Отанымыз, Қазақстан Республикасы, осы мақсатта бұрынғы стратегияларын қайта бағалап, басқа елдерде сәтті жұмыс істеген әдістерді енгізуі маңызды. Қазақстан COVID-19 пандемиясының ішкі және сыртқы экономикаға тигізген салдарын жеңілдету үшін бірнеше бағдарламалар қабылдады. Солардың бірі пандемия салдарынан жұмысынан айырылған адамдарға көмектесуге бағытталды. Дағдарыстың әсерінен жұмыс орнын жоғалтқаны туралы құжаттар мен дәлелдемелер ұсынған азаматтарға ай сайын 42 500 теңге (шамамен 100 АҚШ доллары) төленді [9]. Бағдарламаның мақсаты жұмыссыз қалған адамдарды қолдау және пандемия кезінде экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету болды. Дегенмен, қажетті құжаттарды жинаудың күрделілігі және нашар жұмыс істеген интернет қосымшалары (Telegram боты және 42500.enbek.kz) [9] бағдарламаның тиімділігін шектеді. Осылайша, 2020 жылдың наурызында жарияланған бағдарлама көп ұзамай, қыркүйек айында, жабылды [10]. Қазақстандағы бағдарламаның тиімді болмауына қарамастан, Германияның осындай бастаманы сәтті іске асыру тәжірибесін атап өтуге болады. «Курзарбайт» бағдарламасы жұмыс уақытын қысқарту арқылы жұмысшылардың табысын сақтау механизмін ұсынады. Бұл бағдарлама бойынша жұмысшылар жұмыс істеген сағаттарына толық ақы алып, ал жұмыс істемеген уақыты үшін жалақысының 60%-ын алады [11]. Бағдарламаның нәтижелі болуының басты себебі — үкіметтің оны жұмыссыздықты шешудің соңғы шарасы ретінде емес, дағдарысқа икемді бейімделудің құралы ретінде қарастыруы. Мысалы, жұмыс берушілер қысқартылған жұмыс уақытына тиесілі әлеуметтік аударымдардың жалпы сомасының 80%-ын төлеуге міндеттелді [11], және солайша жұмыскерлер пандемия әсерінен азырақ қиналды. Қазақстан осы стратегияны толық көшірмей-ақ, өз жағдайына бейімдеп, кешенді бағдарламалар жасауы мүмкін еді. Немесе балама ретінде, дағдарыстарға икемді басқа жобаларды әзірлеп, оларды жүзеге асыра алады. Алдында айтылғандай, Қазақстанның геоэкономикалық маңыздылығын күшейтудегі өзекті мәселелерінің бірі шикізатты тиімді қолданбау болып табылады. Қазақстан индустрияландыруды, инновацияларды және адами капиталды дамытуға ерекше мән беретін кешенді стратегияны жүзеге асыру арқылы өзінің экспорттық профилін шикізаттан отандық өнімге тиімді түрлендіре алады. Бұл өндірістік мүмкіндіктерді арттыру үшін өңдеуші өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу салаларына инвестиция салуды, технологиялық жетістіктерді ынталандыру үшін ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қолдауды және білікті жұмыс күшін құру үшін кәсіптік оқыту бағдарламаларын кеңейтуді қамтиды. Осы әдістерге мысал ретінде Оңтүстік Кореяны келтіруге болады. 1962 жылы басталған «бес жылдық жоспарлар» бойынша [12] индустриалды экспорт жүйесіне көшу көзделді. Осы мақсатта билік экспортқа салынатын салықты азайтып, білім беру жүйесі мен технологияларға инвестиция салды [12]. Нәтижесінде әлемдік сауда аренағына кіріп, экспортты шикізаттан индустриалды өнімдерге алмастырып, экономиканы дамытты. 1961 жылы Оңтүстік Кореяның адам басына шаққандағы ЖІӨ 92 долларды құраса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 28 180 долларды көрсетті. Сол уақытта елдің негізгі экспорттық өнімдері консервіленген темір, фанера және

тоқыма бұйымдары болды. Бүгінгі таңда экспорттың басты бөлігін технологиялар құрайды. Бұдан басқа, 1975-1990 жылдар аралығында білім сапасы қарқынды түрде артты [13], ал бұл өсуге үлкен қаражат салынғаны себеп болды. Қазақстанда да білімге жақсы назар аударылуда. «Өркен» гранты арқылы жылына 36 000-ға жуық оқушыға үш миллион теңге көлемінде қаражат бөлінеді. Бұл арқылы шикізаттан өнім өндіре алатын мамандар саны артуда. Қазақстан Республикасы, жоғарыда айтылғандай, отандық өнімдерді экспорттау үшін төленетін салықты төмендете алады. Зерттеу барысында жүргізілген сауалнама нәтижелері Қазақстанның геоэкономикалық жағдайын бағалауға бағытталған. Сауалнамаға қатысушылардың 80%-ы 16-18 жас аралығында болды. Респонденттердің 47,4%-ы Қазақстанның қазіргі геоэкономикалық стратегияларын ұзақ мерзімді экономикалық өсуді қамтамасыз ету тұрғысынан қанағаттанарлық деп бағалады. Сонымен қатар, 52,6%-ы Қазақстан өзінің Еуропа мен Азия арасындағы сауда торабы ретіндегі географиялық орнын тиімді пайдалана алмай отыр деген пікірде. "Бір белдеу, бір жол" бастамасы сияқты халықаралық сауда жолдарына қатысу экономикалық дамуға өте маңызды деп санайтындар 63,2%-ды құрады. Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы маңызды сауда дәлізі ретіндегі рөлін нығайту үшін респонденттер жаңа және тиімді келісімшарттар жасауды, шекаралас елдермен экономикалық интеграцияны дамытуды, сондай-ақ логистика мен транспорт жүйесін жақсартуды ұсынды. Халықаралық қаржы ұйымдарының Қазақстан экономикасына тигізген әсері туралы пікірлер екіге бөлінді: 36,8%-ы бұл жобаларды орташа тиімді деп бағаласа, тағы 36,8%-ы аздап тиімді деген көзқарасты білдірді. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның геоэкономикалық маңыздылығын арттырудағы ең үлкен кедергі – табиғи ресурстарға тәуелділік екенін көрсетті, бұл пікірді респонденттердің 63,2%-ы қолдады. Сондай-ақ, Қазақстан шикізат экспортына тәуелділікті азайту үшін өңдеу өнеркәсібі мен технологиялық инновация секторын басым бағыт ретінде дамытуы керек деген ойды 52,6% қолдады. Экономиканы әртараптандыру және табиғи ресурстарға тәуелділікті азайту үшін жасыл энергияға көшу, шағын және орта кәсіпорындарды қолдау, сондай-ақ шетелдік инвестицияларды тарту қажеттілігі аталды. Зерттеу міндеттеріне сәйкес, Қазақстан халықаралық қаржы ұйымдарымен бағдарламалар құру арқылы тиімділікке қол жеткізгенімен, дағдарыс кезінде экономиканы қолдау жағынан әлсіздік танытқан. Сонымен қатар, геоэкономикалық маңыздылығын арттыру үшін мамандар даярлау бағдарламалары іске асырылуда. Қазақстан экспортты шикізаттан отандық өнімге ауыстыру мақсатында кәсіпорындарды түрлі жолдармен қолдауы қажет. SOAR және GAP анализдері Қазақстанның геоэкономикалық жағдайын бағалау және оның әрі қарай даму бағыттарын анықтау мақсатында жүргізілді. SOAR анализі бойынша елдің негізгі күшті жақтары (Strengths) ретінде оның Еуропа мен Азия арасындағы стратегиялық орналасуы, табиғи ресурстардың мол қоры және халықаралық сауда бастамаларына қатысу мүмкіндігі анықталды. Қазақстан мүмкіндіктері (Opportunities) ретінде логистика мен транспорттық инфрақұрылымды дамыту, халықаралық серіктестікті кеңейту және шикізаттан өңдеу өнеркәсібіне көшу бағыттарын қарастыруы қажет. Елдің құндылықтары

мен ұмтылыстары (Aspirations) экономиканы әртараптандыру, технологиялық инновацияларды енгізу және тұрақты даму принциптеріне көшуге негізделген. Нәтижелер (Results) тұрғысынан Қазақстанның халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлескен жобалары белгілі бір деңгейде тиімді болғанымен, экономикалық дағдарыстар кезінде тұрақтылықты сақтауда қиындықтарға тап болатыны анықталды. GAP анализі негізінде Қазақстанның қазіргі экономикалық жағдайы мен оның ұзақ мерзімді мақсаттары арасындағы айырмашылықтар айқындалды. Басты олқылықтар (Gaps) ретінде шикізатқа тәуелділік, өңдеу өнеркәсібінің әлсіз дамуы және халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі анықталды. Қазақстанның нығайтуы қажет салалары инфрақұрылымдық даму, инновациялар мен технологиялық секторды қолдау, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады. Осы алшақтықтарды жою үшін стратегиялық шешімдер ретінде жасыл энергетикаға көшу, экспорт құрылымын әртараптандыру және халықаралық саудада елдің рөлін күшейту ұсынылады. GAP анализінің нәтижелері Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін кешенді реформалар жүргізуі қажет екенін көрсетіп отыр.

Қорытынды. Зерттеу жұмысы барысында кездескен негізгі қиындықтардың бірі — экономика саласында сұхбат беруге дайын маман табу болды. Экономика саласында оқыған адамдар көп болғанымен, геоэкономика тақырыбына тереңірек жауап бере алатын сарапшыларды табу қиынға соқты. Бұл зерттеудің қорытындысын жасау уақытын ұзартты. Алайда, бұл қиындықтар маған қолжетімді ақпаратты талдауға және тиімді келіссөздер жүргізу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Бұл зерттеу Қазақстанның ішкі және сыртқы экономикасын, көршілес елдермен қарым-қатынас орнату стратегияларын зерттеуге және бағалауға мүмкіндік берді. Мен Қазақстанның геоэкономикалық маңыздылығын арттыру жолындағы негізгі кедергілерді түсініп, оларды шешу бойынша ықтимал жолдарды анықтай алдым. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан үшін өте маңызды. Геоэкономикалық маңыздылықты арттыру еліміздің әлемдік аренадағы орнын нығайтып, "Мәңгілік Ел" идеясына жетуіне ықпал етеді. Қазақстан Республикасы үкіметіне елдің геоэкономикалық маңыздылығын арттыру және экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында бірнеше ұсыныс жасалды. Біріншіден, халықаралық қаржы ұйымдарымен жаңа бағдарламалар мен келісімшарттар құру қажет. Бұл Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тартуға және экономиканың әртүрлі салаларын дамытуға мүмкіндік береді. Екіншіден, отандық тауарлар өндірісіне инвестиция шақыру және кәсіпорындарды қолдау арқылы ішкі нарықты нығайтуға және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыруға болады. Сонымен қатар, Қазақстанда өндірілген тауарлардың экспортына салынатын салықты азайту ұсынылады. Бұл кәсіпкерлерге халықаралық нарыққа шығуға қолайлы жағдай жасап, экспорт көлемін ұлғайтуға септігін тигізеді. Әлемдік экономикалық дағдарыстардың әсерін азайту үшін жаңа жүйе құру немесе өзге елдерде сәтті қолданылған тәжірибелерді енгізу маңызды. Бұл Қазақстан экономикасының сыртқы өзгерістерге бейімделу қабілетін күшейтіп, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, білікті мамандарды дайындау

мақсатында білім беру саласына әрі қарай да қаржы бөлу қажет. Бұл жоғары білікті кадрлардың қалыптасуына ықпал етіп, елдің экономикалық және инновациялық дамуына серпін береді. Жоғарыда аталған ұсыныстар Қазақстанның геэкономикалық рөлін нығайтуға, әлемдік саудадағы орнын күшейтуге және ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Foreign Direct Investments in Kazakhstan in 2020 - <https://cabar.asia/en/foreign-direct-investment-in-kazakhstan-in-2020-structure-and-dynamics>
2. Half of China's investments in Kazakhstan is in oil and gas - <https://www.thethirdpole.net/en/energy/half-of-chinas-investment-in-kazakhstan-is-in-oil-and-gas/>
3. How China's flagship "Belt and Road" project stalled out - <https://www.bloomberg.com/news/videos/2021-01-14/how-china-s-flagship-belt-and-road-project-stalled-out-video>
4. The World Bank in Kazakhstan - <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan>
5. Nurly Zhol Infrastructure Project Pledges 95 percent of local roads to be improved by 2025 - <https://astanatimes.com/2021/10/nurly-zhol-infrastructure-project-pledges-95-percent-of-local-roads-to-be-improved-by-2025/>
6. How Nurly Zhol program is changing Kazakhstan - <https://primeminister.kz/en/news/reviews/how-nurly-zhol-program-is-changing-kazakhstan-modern-highways-and-new-directions>
7. Estimating the Impacts of Transport Corridor Development in Kazakhstan - [Estimating the Impacts of Transport Corridor Development in Kazakhstan](https://www.worldbank.org/en/publication/estimating-the-impacts-of-transport-corridor-development-in-kazakhstan)
8. Bharatmala Pariyojana - <https://www.financialexpress.com/business/roadways-bharatmala-pariyojana-17411-km-of-highways-constructed-till-march-2024-all-about-indias-second-largest-highways-construction-project-3582095/>
9. Kazakhstan's Coronavirus Payments - <https://thediplomat.com/2020/05/kazakhstans-coronavirus-payments-the-quest-for-42500-tenge/>
10. How is COVID-19 affecting Kazakhstan's economy? - <https://caspiannews.com/news-detail/how-is-covid-19-affecting-kazakhstans-economy-2020-7-20-43/>
11. Kurzarbeit Germany's short-time work benefit - <https://www.imf.org/en/News/Articles/2020/06/11/na061120-kurzarbeit-germanys-short-time-work-benefit>
12. Export-led Industrialization of South Korea - https://www.much.go.kr/en/contents.do?fid=03&cid=03_7
13. South Korean Education Reforms - <https://asiasociety.org/global-cities-education-network/south-korean-education-reforms>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИОӘРТҮРЛІЛІКТІҢ ТӨМЕНДЕУІНІҢ ЖАҒЫМСЫЗ САЛДАРЫН АЛДЫН АЛУ

Дауренұлы А.,¹ Сүлейменова Г.М.²

¹Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
оқушысы, E-mail:(aarsen.aasylbek@gmail.com)

²Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих
пәнінің эксперт-мұғалімі
(Шымкент, Қазақстан)

Аннотация. Бұл зерттеу Қазақстандағы биоалуантүрліліктің жоғалуының ауыл шаруашылығына, экотуризмге және әлеуметтік-экономикалық теңсіздікке тигізетін кері әсерін жан-жақты қарастырады. Зерттеуде экожүйелердің бұзылуының ауыл шаруашылығына тигізетін салдары, атап айтқанда топырақтың құнарлылығының төмендеуі, ауыл шаруашылығы өнімділігінің азаюы және химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолданудың артуы талданады. Зерттеу әлеуметтік теңсіздік пен жұмыссыздық мәселелеріне де назар аударады, әсіресе ауылдық жерлерде, онда табиғи ресурстарға тәуелді халықтың өмір сүру деңгейі биоалуантүрліліктің азаюынан айтарлықтай зардап шегеді. Осыған байланысты зерттеу тиімді шешімдер ұсынады, оның ішінде тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту, ұлттық табиғи саябақтар мен қорықтарды қорғау шараларын күшейту, сондай-ақ экологиялық таза және тұрақты туризмді ілгерілету.

Кілт сөздер: Биоалуантүрлілік, ауыл шаруашылығы, экотуризм, экожүйе тұрақтылығы, азық-түлік қауіпсіздігі, табиғи ресурстар, жердің құнарлылығы, тозаңдандыру, қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму, экологиялық дәліздер, табиғи саябақтар.

Annotation. This study comprehensively examines the negative impact of biodiversity loss on agriculture, ecotourism and socio-economic inequality in Kazakhstan. The study analyzes the consequences of the destruction of ecosystems on agriculture, namely the decrease in soil fertility, the decrease in agricultural productivity and the increase in the use of chemical fertilizers and pesticides. The study also focuses on the problems of social inequality and unemployment, especially in rural areas, where the standard of living of the population dependent on Natural Resources suffers significantly from the decline in biodiversity. In this regard, the study offers effective solutions, including the development of sustainable agriculture, the strengthening of measures to protect national natural parks and reserves, as well as the promotion of environmentally friendly and sustainable tourism.

Keywords: biodiversity, agriculture, ecotourism, ecosystem sustainability, food security, Natural Resources, land fertility, pollination, environmental protection, sustainable development, ecological corridors, natural parks.

КІРІСПЕ

Қазақстандағы биоалуантүрліліктің жоғалуы - бұл маңызды экологиялық және экономикалық мәселе. Адам қызметі, мысалы, ауыл шаруашылығының

кеңеюі, ормандарды кесу, климаттың өзгеруі және браконьерлік, оқшауланған экожүйелердің деградациясын жеделдетуде. Мұндай экожүйелер, атап айтқанда, Үстірт жазығы және Алтай таулары, табиғи ресурстарды сақтау мен әртүрлі түрлерді қолдауда маңызды рөл атқарады. Алайда, сирек кездесетін флора мен фаунаның жойылуы экологиялық тепе-теңдікті бұзып, маңызды экожүйелік қызметтерді әлсіретуде[1]. SPACES бастамасы, биоалуантүрлілікті қалпына келтіруге бағытталған ірі жоба, Қазақстандағы тұрақты экожүйелердің қажеттілігін көрсетеді. Бұл бағдарлама фрагменттелген тіршілік ету орталарын қайта байланыстыру үшін экологиялық дәліздер құруды қолдайды, бұл сирек кездесетін түрлердің қауіпсіз көшуіне мүмкіндік береді[1]. Жақында “Earthshot” сыйлығын жеңіп алған “Алтын Дала” жобасының жайылымдарды қалпына келтіруі биоалуантүрліліктің жоғалуын шешудің және ұзақ мерзімді экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудің үлгілі моделі болып табылады[2]. Дегенмен, биоалуантүрліліктің нашарлауының әлеуметтік-экономикалық салдарын шешуде қиындықтар сақталуда[3]. Қазақстанның табиғи экожүйелері елдің экономикалық және әлеуметтік прогресіне айтарлықтай үлес қосады. Биоалуантүрліліктің төмендеуі ауыл шаруашылығының өнімділігіне, экотуризмге және жергілікті тұрғындардың өміріне теріс әсер етеді. Мысалы, аралар популяциясының төмендеуі өсімдіктерді тозаңдатуға әсер етіп, азық-түлік қауіпсіздігіне және экожүйелік қызметтерге қауіп төндіреді[10][8]. Құрғақ және орманды аймақтарда ресурстардың сарқылуы топырақ эрозиясын күшейтіп, ауыл шаруашылығының тиімділігін төмендетеді[11]. Жоғары қорғау құндылығы бар орман (НСVF) жобасы сияқты биоалуантүрлілікті қалпына келтіру шаралары жүзеге асырылуда, алайда олардың жалпы әсері шектеулі болып отыр[3][7]. Осылайша, бұл зерттеу биоалуантүрлілікті қорғаудың өзектілігін зерттей отырып, биоалуантүрліліктің жоғалуына ықпал ететін факторларды және оның әлеуметтік-экономикалық және экологиялық салдарын бағалауға бағытталған. Бұл зерттеу барысында табиғи ресурстарды басқаруды жетілдіру, экотуризмді дамыту және тұрақты ауыл шаруашылығы тәжірибелерін енгізу сияқты қолданбалы саясатты жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға тырысамыз. Зерттеуден алынған нәтижелер саясаткерлерге, зерттеушілерге және жергілікті қауымдастықтарға биоалуантүрлілікті сақтау стратегияларын әзірлеуге көмектеседі. Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы биоалуантүрліліктің сақталуына айтарлықтай тәуелді. Зерттеу барысында анықталғандай, тозаңдандырушы жәндіктердің популяциясы күрт төмендеген, бұл ауыл шаруашылығындағы өнімділіктің айтарлықтай төмендеуіне алып келеді. Әсіресе тозаңдандыруға тәуелді дақылдар (жеміс-жидек, көкөніс және майлы дақылдар) көп зардап шегуде. Бұл жағдай азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіріп қана қоймай, фермерлерге экономикалық шығын келтіреді. Сонымен қатар, жердің тозуы және топырақ эрозиясы – биоалуантүрліліктің төмендеуімен қатар жүретін маңызды мәселелер. Бұл процестер жайылымдық жерлерді шектен тыс пайдаланумен, индустриялық жобалардың кеңеюімен және ауыл шаруашылығының қарқынды дамуына байланысты. Мысалы, шөлейттену мен тұздану ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің қысқаруына әкеледі. Жаһандық тәжірибеде экологиялық ауыл шаруашылығы арқылы

биоалуантүрлілікті қалпына келтіру шаралары жүзеге асырылуда. Бұл тәсілді Қазақстанда енгізу ауыл шаруашылығының тұрақтылығын қамтамасыз ете алады [3][6][7]. Биоалуантүрліліктің төмендеуі Қазақстанның экотуризм саласының дамуына үлкен кедергі келтіруде. Алтай таулары, Үстірт жазығы және Тянь-Шань сияқты аймақтар экотуризмнің негізгі орталықтары саналады. Алайда сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің жойылуы табиғи ландшафттардың тартымдылығын төмендетіп, туристік ағымдардың азаюына себеп болуда. Мысалы, Еуропа елдерінде экотуризм жергілікті экономиканың маңызды тірегіне айналған. Қазақстан да осы тәжірибені қолдану арқылы табиғи ресурстарды сақтай отырып, тұрақты туризмді дамытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, инфрақұрылымның жетіспеушілігі, ақпараттандырудың төмендігі экотуризмнің толық әлеуетін жүзеге асыруға кедергі келтіруде. Осыған орай, қорықтар мен табиғи саябақтарды тиімді басқару және жергілікті тұрғындарды экотуризмге тарту маңызды [4][8][9]. Биоалуантүрліліктің азаюы жұмыссыздық пен экономикалық теңсіздіктің тереңдеуіне ықпал етеді. Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен экотуризм салалары табиғи ресурстарға тікелей тәуелді болғандықтан, биоалуантүрліліктің жойылуы жұмыс орындарының қысқаруына және табыстың төмендеуіне әкеледі. Әсіресе ауылдық аймақтарда бұл мәселе өте өзекті, себебі жергілікті халықтың негізгі табыс көзі – табиғи ресурстар. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жердің құнарсыздануы мен экожүйе қызметтерінің бұзылуы ауыл шаруашылығы өнімділігін төмендетіп, экономикалық мүмкіндіктердің шектелуіне алып келеді. Биоалуантүрліліктің жоғалуы әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді, өйткені зардап шеккен аймақтарда экономикалық тұрақтылық әлсірейді. Халықаралық тәжірибеде биоалуантүрлілікті қалпына келтіру бағдарламалары арқылы жаңа жасыл жұмыс орындарын құру әлеуметтік теңсіздікті азайтудың тиімді жолы болып отыр [1][3][5]. Зерттеу барысында мәліметтерді жинақтау үшін социологиялық зерттеу әдістері – сауалнама және сұхбат қолданылды. Бұл әдістер зерттеу нәтижелерінің дәлдігін арттырып, деректердің алуан түрлілігін қамтамасыз ету үшін және қатысушылардың мәселе бойынша пікірлерін анықтау мақсатында таңдалды. Сандық деректерді алу үшін сауалнама «Microsoft Forms» платформасында онлайн форматта жүргізілді. Сауалнама 15 сұрақтан тұрды. Жалпы алғанда, сауалнамаға 50 респондент толық жауап берді. Респонденттердің 54% биоалуантүрлілік туралы орташа хабардар екенін көрсетті, 60% оның ауыл шаруашылығына орташа әсер ететінін айтты, 40% экотуризмге орташа әсерін мойындады, 64% қорғау бағдарламаларын орташа тиімді деп бағалады, 54% биоалуантүрлілік сақтау бағдарламаларына қатыспайтынын көрсетті, ал 52% қаржылай қолдау орташа қажет деп есептейді. Зерттеудің екінші әдісі сұхбат алдын ала алынып қойған ақпарат көзінен алынған [14]. Джереми Джексон-Сан-Диего қаласындағы Калифорния университетінің Скриппс мұхиттану институтында Уильям Э. және Мэри Б. Риттер атындағы мұхиттану профессоры және Смитсон тропикалық зерттеулер институтының тропикалық палеоэкология және археология орталығында ғылыми қызметкер. Ол Американдық өнер және ғылым академиясының, сондай-ақ Ғылымды алға жылжыту жөніндегі Американдық қауымдастықтың мүшесі және Дүниежүзілік жабайы табиғатты

қорғау қорының басқарма мүшесі. Ал Уильям Лоренс-Панамадағы Смитсон тропикалық зерттеулер институтының және Бразилиялық Амазониядағы Орман фрагменттерінің биологиялық динамикасы жобасының жетекші ғылыми қызметкері. Оның зерттеулері мекендеу ортасының фрагментациясы, ағаш кесу және орман өрттері сияқты қарқынды жерді пайдалану түрлерінің тропикалық экожүйелерге әсерін бағалауға бҚазақстандағы биоалуантүрліліктің төмендеуі ауыағытталған. Қазіргі уақытта доктор Лоренс Тропикалық биология және табиғатты қорғау қауымдастығының президенті болып табылады. Бұл қауымдастық тропикалық экожүйелерді зерттеу мен ұтымды пайдалануға арналған әлемдегі ең ірі ғылыми ұйым. Ауыл шаруашылығына, экотуризмге және әлеуметтік-экономикалық теңсіздікке айтарлықтай әсер етеді, бұл мәселе экологиялық тұрақтылықтың сақталуына байланысты шешімдер талап етеді. Ауыл шаруашылығына және жер пайдалануға әсері: Джереми Б. С. Джексон биоалуантүрліліктің жоғалуы ауыл шаруашылығына теріс әсер ететінін атап өтті, өйткені экосистемалар бұзылып, ауыл шаруашылығының тұрақтылығы мен өнімділігі төмендейді. Қазақстанда ормандар мен табиғи ресурстардың жоғалуы топырақтың құнарлылығын төмендетеді, бұл ауыл шаруашылығының өнімділігіне және жер пайдалану әдістеріне кері әсер етеді. Бұл ауылшаруашылық секторында тұрақты даму мәселелерін туындатады. Экологиялық туризмге әсері: Уильям Ф. Лоуренс, тропикалық ормандардың жойылуы экотуризмнің дамуына теріс әсер етеді деп атап өтті. Қазақстандағы биоалуантүрліліктің жоғалуы экотуризмнің тартымдылығын төмендетеді, өйткені экосистемалардың бұзылуы мен түрлердің жоғалуы туристер үшін ерекше және әдемі табиғи көріністердің азаюына әкеледі. Экологиялық туризм саласы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуы үшін маңызды, бірақ биоалуантүрлілікке зиян келтіру бұл салаға үлкен қауіп төндіреді. Әлеуметтік теңсіздік және жұмыссыздыққа әсері: Джексон мен Лоуренс биоалуантүрліліктің жоғалуының әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті күшейтетінін көрсетті. Қазақстанда, ауылдық жерлерде, табиғи ресурстарға тәуелділік пен экотуризмге негізделген жұмыс орындарының азаюы жұмыссыздықты арттырып, экономикалық теңсіздікті тереңдетуі мүмкін. Бұл әсіресе ресурстары шектеулі ауылдық аймақтарда байқалады, онда экосистемалардың бұзылуы жергілікті халықтың әл-ауқатына теріс әсер етеді. Қорытынды: Биоалуантүрліліктің төмендеуі Қазақстандағы экологиялық және экономикалық тұрақтылық үшін үлкен қауіп төндіреді. Ауыл шаруашылығы, экотуризм және әлеуметтік теңсіздік мәселелері бір-бірімен байланысты және биоалуантүрліліктің сақталуы бұл мәселелердің шешімін табуда маңызды рөл атқарады. Тиімді экологиялық саясат пен сақтау шараларын қабылдау Қазақстанның табиғи ресурстарын сақтау, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және әлеуметтік теңсіздікті төмендету үшін қажет. Ауыл шаруашылығына және жер пайдалануға әсері Биоалуантүрліліктің төмендеуі ауыл шаруашылығына кері әсер етеді, өйткені экосистемалардың бұзылуы топырақтың құнарлылығын төмендетіп, химиялық заттардың қолданылуын арттырады. Экотуризмге әсері Биоалуантүрліліктің жоғалуы экотуризмнің дамуына теріс әсер етеді, себебі табиғи ресурстар мен сирек түрлердің саны азаяды, бұл туристік тартымдылықты төмендетеді.

Әлеуметтік теңсіздік пен жұмыссыздыққа әсері Биоалуантүрліліктің азаюы ауылдық аймақтарда жұмыссыздықты арттырып, әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді, себебі табиғи ресурстарға тәуелді халық табыс көзінен айрылады. Ұсыныстар мен қорытынды Биоалуантүрлілікті сақтау үшін тұрақты ауыл шаруашылығы, экотуризмді дамыту және табиғи аймақтарды қорғау қажет. Қазақстандағы биоалуантүрліліктің төмендеуі ауыл шаруашылығы, экотуризм және әлеуметтік теңсіздік мәселелеріне айтарлықтай әсер етеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша, биоалуантүрліліктің жоғалуы экосистемалардың тұрақтылығын төмендетіп, ауыл шаруашылығына қажет экологиялық қызметтерді бұзады, топырақтың құнарлылығын азайтады және химиялық заттарды қолданудың артуына әкеледі. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуіне және азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Биоалуантүрліліктің жоғалуы экотуризмге де теріс әсер етеді, себебі табиғи ресурстар мен сирек түрлердің саны азайып, экотуризмнің тартымдылығы төмендейді. Сонымен қатар, экосистемалардың бұзылуы және табиғи ресурстардың жетіспеушілігі ауылдық аймақтарда жұмыссыздықты және экономикалық теңсіздікті күшейтеді. Ұсыныстар: Ауыл шаруашылығы министрлігіне: Экологиялық таза ауыл шаруашылығы әдістерін енгізу. Ауыл шаруашылығы өндірісінде химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдануды азайту және топырақтың құнарлылығын сақтау үшін органикалық farming әдістерін дамыту. Бұл экожүйенің тұрақтылығын нығайтып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Тұрақты су ресурстарын пайдалану жүйесін енгізу. Суармалау жүйелерін жақсартып, табиғи су көздерін қорғау, сондай-ақ су ресурстарын үнемдеу арқылы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына ықпал ету. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне: ұлттық табиғи саябақтар мен табиғи қорықтарды қорғау шараларын күшейту. Табиғи аймақтарды қорғау мен экосистемалардың қалпына келуіне арналған бағдарламаларды енгізу, оның ішінде заңсыз ағаш кесу мен браконьерлікке қарсы күрес. Биоалуантүрлілікті сақтаудың ұлттық стратегиясын әзірлеу. Биоалуантүрлілікті қорғау мен қалпына келтіру үшін ғылыми зерттеулер жүргізу, жергілікті халықты экологиялық мәселелер бойынша ақпараттандыру және экологиялық туризмді дамыту арқылы табиғат ресурстарын тиімді пайдалану.

Қорытындылай келе, биоалуантүрлілікті сақтау Қазақстанның экологиялық және экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Министрліктер мен құзырлы органдардың бірігіп атқарған шаралары экосистемаларды қорғап, халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. "Табиғат пен адамдарды байланыстыру: SPACES бастамасы арқылы Қазақстандағы биоәртүрлілікке тұрақтылық жолы." <https://www.undp.org/kazakhstan/news/connecting-nature-and-people-kazakhstans-path-biodiversity-resilience-through-spaces-initiative>.

2. " Earthshot 2024 жүлдесі: Қазақстандағы Алтын Дала шөбі қалпына келтіру жобасының жеңісі." <https://altyndala.org/the-earthshot-prize-2024-major-grassland-restoration-project-in-kazakhstan-celebrates-win/>.

3. "БҰҰ Даму Бағдарламасы биоәртүрлілікті сақтау және ормандарды қалпына келтіру бойынша ірі бастаманың нәтижелерін ұсынды." <https://www.undp.org/kazakhstan/press-releases/un-development-programme-presented-outcomes-large-scale-initiative-biodiversity-conservation-and-forest-restoration>.

4. "UNDP Қазақстан: Биоәртүрлілік үшін және планета игілігі үшін онжылдық." <https://www.undp.org/kazakhstan/news/undp-kazakhstan-decade-biodiversity-people-and-planet>.

5. "Биоәртүрлілікті сақтаудың басымдықтары, қауіптері және қиындықтары туралы шолу." https://www.researchgate.net/publication/371069491_Overview_of_priorities_threats_and_challenges_to_biodiversity_conservation_in_the_southern_Philippines.

6. "Биоәртүрлілікті сақтау." <https://www.nature.com/articles/s44185-024-00057-3>.

7. "Қазақстандағы биоәртүрлілік." www.undp.org/kazakhstan/projects/biodiversity-kazakhstan.

8. Штеффан-Девентер "Жабайы аралар популяциясының азаюына байланысты биоәртүрліліктің экожүйе қызметтеріне әсері." esajournals.onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1002/ecs2.1619.

9. "Бүкіл әлемдегі биоәртүрліліктің жоғалуы экожүйе қызметтеріне және табиғаттан адамзатқа келетін пайдаға кері әсер етеді." link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-031-56564-9_7.

10. "Қазақстандағы ара популяциясының қазіргі жағдайы: табиғат пен экожүйелерді сақтау үшін мәселелер мен шешімдер." qazaqgeography.kz/en/what-threatens-bees-in-kazakhstan-current-issues-and-solutions-for-nature-and-ecosystem-conservation-1783839.

11. "Биоәртүрлілік жоғалуы кезінде экожүйе қызметтерінің тұрақтылығының төмендеуі." www.nature.com/articles/ncomms10122.

12. "Әртүрлі экожүйелерде түрлердің жоғалуының қауымдастық қасиеттеріне ұзақ мерзімді әсері." www.nature.com/articles/s41586-018-0138-7.

13. "Елдік профиль-Қазақстан." www.cbd.int/countries/profile/?country=kz.

14. <https://www.learner.org/series/the-habitable-planet-a-systems-approach-to-environmental-science/biodiversity-decline/biodiversity-decline-video/>

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ КӨШУДІҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛЕР ҮШІН ТИІМДІЛІГІ

Қалдыхан А.Қ.,¹ Сүлейменова Г.М.²

¹ физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, Email: (galdykhanaayala@gmail.com)

² физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәні мұғалімі
(Шымкент, Қазақстан)

Аннотация. Соңғы жылдары климаттың өзгеруін және қазба отындарына тәуелділікті азайту қажеттілігі жаңартылатын энергия көздеріне(ЖЭК) жаһандық көшу мәселесін өзекті етіп отыр. Бұл өтпелі кезең әсіресе көмірге, мұнайға, газға тәуелді Қазақстанда өте өзекті болып табылады. Демек, шикізат өндірісінде көшбасшы қалалардың бірі ретінде Шымкент қаласындағы ЖЭК тенденциясының белең алуын үдету қажет. Осыған орай мемлекет тарапынан орта бизнес иелері мен кәсіпкерлерді жаңа энергияға өтуге ынталандыру іс-шаралары қолға алынуы керек деп ойлаймын.

Кілт сөздер: Жаңартылған энергия көздері, шағын және орта бизнес, кәсіпкерлер, күн энергиясы, жел энергиясы, күн панельдері, салық.

Кіріспе. Шымкент Қазақстанның Түркістан облысындағы ең ірі қалалардың бірі. Сонымен қатар, қалаға жыл сайын 2500 сағаттан астам күн сәулесі түседі; аймақтың осындай қолайлы климатын ескерсек, жаңартылатын энергия көздерін, әсіресе күн энергиясын пайдаланудың айтарлықтай әлеуетіне ие[2]. Алайда, жергілікті кәсіпкерлер үшін бұл өзгерістің тиімділігі мұқият талдауды қажет етеді. Бұл зерттеудің міндеті ЖЭК-ке көшу Шымкенттегі кәсіпкерлерге экономикалық мүмкіндіктер тұрғысынан да, тұрақтылық тұрғысынан да қаншалықты пайда әкелетінін бағалау. Жобаның өзектілігі: Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге деген ұмтылысы[1] мен Шымкент қаласындағы тұтынушы таптың қоршаған ортаға зиянсыз тауарларға деген сұранысының көбеюі, жасыл технологияларды енгізуге жаһандық қысымның артуы бұл тақырыпты өте өзекті етеді. Жаңартылатын энергия секторы елдің экономикалық болашағында шешуші рөл атқарады және оның бизнеске, әсіресе Шағын және Орта бизнеске әсерін түсіну ұзақ мерзімді өсу мен экологиялық жауапкершілікті ынталандыру үшін өте маңызды. Шымкенттегі кәсіпкерлер ЖЭК қабылдау арқылы энергия шығындарының төмендеуінен, энергетикалық қауіпсіздіктің жоғарылауынан және корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жоғарылауынан әлеуетті пайда көре алады[2]. Әлем экономикасында да жаппай экологиялық таза энергияға өту ауқымды мәселелердің біріне айналып, бұл тақырыптың өзектілігі арта түсуде. Сондықтан, Шымкент қаласындағы бизнес салаларының ЖЭК өтуі ауқымды өзекті мәселелердің бірі болып табылады. **Зертеу мақсаты:** Шымкенттегі кәсіпкерлер үшін жаңартылатын энергия көздеріне көшудің қаржылық және операциялық артықшылықтарын қарастыру. ЖЭК қабылдау кезінде кәсіпкерлердің кездестіруі мүмкін қиындықтар мен кедергілерді бағалау. Өңірдегі шағын және орта кәсіпорындарға (ШОБ) жаңартылатын энергия көздерін енгізудің тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Шымкенттегі ЖЭК-тің қолданыстағы инфрақұрылымын талдау; Жаңартылатын энергия жүйелерін бірқалыпты интеграциялау үшін шешілуі қажет олқылықтарды анықтау; Кәсіпорындар арасында ЖЭК пайдалануды қолдайтын мемлекеттік саясатты, ынталандыруды және қаржылық механизмдерді бағалау; Зерттеу барысында мен зерттеу жұмысының жаңартылатын энергия көздеріне өту бизнес шығындарының айтарлықтай төмендеуіне әкелетіндігін, Қазақстанның экологиялық жағдайына

қалай ықпал етуі мүмкін екенін ұсынатын боламын. Мәселелерді неғұрлым нақты түсіну арқылы мемлекет кәсіпкерлерді қалай ұтымды қолдай алатындығын қарастырамын.

Күтілетін нәтижелер: Бұл зерттеу жаңартылатын энергия технологияларына инвестиция жасау, ұзақ мерзімді қаржылық және экологиялық дамуға ықпал етедігін көрсету. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулар мен дамып келе жатқан технологиялар Шымкенттегі экономикалық өсу мен экологиялық тұрақтылықты қалыптастырып, өтпелі кезеңді бизнес үшін қолжетімді еткенін көрсету.

Сонымен қатар, соңғы жылдары жаңартылатын энергия жүйелерін орнату құны төмендеді. Күн технологиясының орташа құны 2021-2023 жылдар аралығында шамамен 10%-ға төмендеуі шағын және орта бизнес (Шоб) үшін қаржылық тұрғыдан тиімді етеді. Мысалы, бұрын құны 15 000 доллар тұратын күн панелін орнатуға енді шамамен 13 500 доллар кетеді, бұл өтпелі кезеңді жүзеге асырғысы келетін бизнес үшін қаржылық кедергіні азайтады[5]. Үкіметтің жаңартылатын энергия көздеріне жұмсалатын шығындарды азайтуды қолдауы салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар сияқты қаржылық ынталандырулармен бірге бұл инвестициялардың тартымдылығын арттырды.

Негізгі мәселелердің бірі-жаңартылатын энергия көздерінің тұрақсыздығы. Күн шуақты күндері өміршең болатын күн энергиясы бұлтты немесе жаңбырлы ауа-райында төмендейді. Бұл үдеріс, әсіресе тұрақты және сенімді энергиямен жабдықтауды қажет ететін кәсіпорындардың өнімділігіне әсер етеді. Мұны азайту үшін компаниялар тұрақты қуат көзін қамтамасыз ету үшін батареялар сияқты энергияны сақтау шешімдеріне инвестиция салуы керек. Алайда, бұл сақтау жүйелері алғашқы жоғары шығындармен бірге келеді, бұл шағын бизнес үшін айтарлықтай кедергі болуы мүмкін[6]. Әр түрлі аймақтардағы саясатты жүзеге асырудағы өзгеріштік те қиындықтар туғызады. Шымкенттегі кәсіпкерлердің айтуынша ұлттық энергетикалық саясатты жергілікті деңгейде жүзеге асыруда ауытқулар бар, демек орталық үкімет ұсынатын ынталандыруларды толық пайдалануды қиындатады. Бұл қайшылықтар жаңартылатын энергия көздері жобаларына қажетті рұқсаттарды алу мен әкімшілік процестерді басқарудың кешігуіне әкелуі мүмкін, осылайша шығындар мен жобалардың мерзімдерін арттырады[5]. Демек, жергілікті деңгейде саясаттың орындалуын күшейту, электр желілерін жаңғырту және қол жетімді энергия сақтау сияқты технологиялық инновацияларды ілгерілету өтпелі кезеңді едәуір жеделдетуі мүмкін.

Мемлекет тарапынан елдің энергетикалық балансын әртараптандыру және оның қазба отындарына тәуелділігін азайту мақсатында жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға жәрдемдесу бойынша бірқатар бағдарламаларды ұйымдастырды. Бұл саясат негізінен қаржылық ынталандыру, реттеу реформалары және ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлар түрінде жүргізілді. Үкімет ұлттық энергетикалық кешендегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 2030 жылға қарай 15%-ға дейін арттыруды мақсат етіп қойды. 2021 жылғы шамамен 4%-бен салыстырғанда, бұл кәсіпорындар арасында жаңартылатын энергия көздерін қабылдауды жеделдету жөніндегі саясат шараларында

айтарлықтай өзгерістерге әкелді[4]. Саясаттың негізгі құралдарының бірі жаңартылатын энергия көздерінен өндірілетін электр энергиясын жеткізу бойынша компаниялар арасындағы бәсекелестік сауда-саттықты ынталандыратын жаңартылатын энергия аукциондарын енгізу болды. Бұл механизм баға белгілеудің ашықтығы мен болжамдылығын қамтамасыз ете отырып, инвестицияларды, оның ішінде шетелдік фирмаларды тартуда тиімділігін дәлелдеді.

Одан әрі қолдау 2022 жылы жаңартылатын энергия көздері жобаларын мақұлдау процесін оңтайландыру және шағын көлемді қондырғыларды лицензиялау талаптарын жеңілдету мақсатында өзгертілген "Жаңартылатын Энергия Көздерін Пайдалануды Ынталандыру туралы" заңнама өзгеріске ұшырады. Жаңартылатын энергия көздері жабдықтарына импорттық БАЖ салығын төмендеттію Сонымен қатар, кәсіпорындарға қажетті технологияларды импорттауды қол жетімді етті[5]. Осы кедергілерді еңсере отырып, жаңартылатын энергия Көздері Шымкенттегі бизнес үшін экономикалық өсу мен тұрақтылықтың негізгі факторы бола алады, бұл оларды жасыл және тұрақты болашаққа бағыттайды.

Елдің энергетикалық жүйесі негізінен көмірге тәуелді, ол электр энергиясының 70%-дан астамын қамтамасыз етіп отыр. ЖЭК-не көшуде электр желілерін айтарлықтай ауқымды түрде жаңартуды қажет етеді. Күн және жел сияқты тұрақсыз қуат көздерін басқаруға қабілетті, ақылды электр желісінің болмауы үлкен кедергі болып табылады. Кәсіпкерлер жергілікті деңгейде реттеу реформасының баяу қарқыны ұлттық ынталандырулардан толық пайда табуды қиындатқанын атап өтті, өйткені аймақтық билік қажетті өзгерістерді енгізуге дайын болмауы мүмкін[6]. Шымкентте жаңартылатын энергия көздеріне көшу шығындарды айтарлықтай үнемдеуге және қоршаған ортаға пайда әкелуге мүмкіндік бергенімен, кәсіпкерлер технологияларды енгізуге, саясаттағы сәйкессіздіктерге және инфрақұрылымның шектеулеріне байланысты айтарлықтай кедергілерге тап болады.

Менің зерттеу жұмысыма дейін Жұлдыз Қанапиянованың, Ассел Сатубалдинованың жүргізген зерттеу жұмыстарында Қазақстанның әлеуеті мен оның жаңа бастамаларға деген дайындығы мен потенциалына баға беріп талдаған. Алдыңғы зерттеулер Жаңартылатын энергия технологияларын енгізу мен шағын және орта бизнес арасында операциялық тиімділікті арттыру арасындағы күшті корреляцияны қарастырған. Мен бұл өзімнің зерттеу жұмысымда жаңартылған энергия көздерінің дәл Шымкет қаласындағы әлеуеті мен оны жүзеге асыру жолдарын талдаймын.

Зерттеуге сүйенсек,

- Жаңартылған энергия көздерін тұрақтандыру үшін кәсіпкерлерге батарея немесе аккумулятор секілді қуатты ұзақ мерзімге сақтауға мүмкіндік беретін технологиялардың дамуын қаржыландыру керек. Бұл кәсіпкерлердің кездестіріп отырған ең басты мәселелерінің бірі энергия тұрақсыздығын төмендетіп қаржылық мәселелерін шеше алады.

- 2021 жылмен салыстырмалы түрде 10%-ға арзандаған қондырғыларды орнату құнының төмендеуі, мемлекет тарапынан жасалып жатқан

ынталандырулар мен бағдарламалар ШОБ үшін қолайлы жағдай жасауда. Әрине, технология дамуынан артта қалушылық байқалады, бұл тұрақсыздыққа кері әсер еткенмен, бұның да шешімі табылуда. Кәсіпкерлер арасында бұл тенденцияның таралуы, ЖЭК дұрыс ағымда дамып жатқанын айғақтайды.

№	Сауалнама сұрақтары	Жиі кездекен жауаптар
1	Жынысыңыз	Әйел-16 (38%), Ер-26(62%)
2	Қай салада қызмет етесіз?	Қызмет көрсету саласы-12(28%)
3	Жасыңыз	26-35(28%),36-45(23%)
4	Жаңартылған энергия өтудің қай кезеңіндесіз?	Өтпелі кезеңді қарастыруда (40%)
5	Жаңартылған энергия өткізуге әсер ететін фактор?	Шығынды үнемдеу(38%),Мемлекеттік ынталандыру(25%)
6	Жаңартылған энергия енгізгеннен соң шығындарда қандай өзгерістер болды?	Аздап азайды(40%), Айтарлықтай қысқарды(30%)
7	Өтпелі кезеңде қандай мәселелер туындады?	Жоғарғы инвестициялық(50%),Энергия көздерінің тұрақсыздығы(40%),Мемлекеттік бағдарламаларға қол жеткізу (30%)
8	Жаңартылған энергия көздеріне көшуді жақсарту үшін қандай ұсыныс білдірер едіңіз?	<ul style="list-style-type: none"> ЖЭК қол жетімділігін арттыру Мемлекет тарапынан қаржыландыруды арттыру

Кесте-1. Сауалнама нәтижелерінің қорытындылары

Қорытындыласақ, SOAR-анализі нәтежиесінде, жаңартылатын энергия көздеріне күн санап сұраныс артуда, кәсіпкерлердің бұл салаға деген қызығушылықтарыда артуда, Алайда, қол жетімділік төмен деңгейде болғандықтан әлі энергия саламын дамыту керекю.

SOAR-анализі

Күшті жақтары(S)	Мақсаттары(A)
<ul style="list-style-type: none"> Шымкент қаласынның географиялық орналасуына байланысты, баламалы энергия көзінің қай түрін болмасын өндіруге қолайлы; Кәсіпкерлер үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдіктер шығын мөлшерін төмендетуде; Баламалы энергия көздерінің дәстүрлі энергия көздерінен қарағанда бағасы төменеу; 	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіпкерлер үшін қаржылық аспектілерді жеңілдету; Жаңартылған энергия көздерінің қолданысын жоспарланған мерзімге дейін орындап, қолданыс аясын арттыру; Сарқылатын ресурстарды алмастырып, табиғи ресурстарды сақтау;
Мүмкіндіктері(O)	Қорытынды(R)

<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкерлердің ЖЭК-іне өтуі экологиялық тұрақтылық пен экономикалық дамуды қамтамасыз етеді; • Шығындардың азаю есебінен өнім бағасы төмендейді, ал бұл экономиканың гүлденуін білдіреді; • ЖЭК жоғары деңгейде технологияларға деген сұраныс пен қызығушылықты арттыратын болғандықтан, технологияның даму процесі үдейді; 	<p>Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмек пен кәсіпкерлердің ЖЭК-не өтудегі қызығушылығы еліміздің экономикалық және экологиялық жағдайына оң әсерін тигізіп, болашақ энергия ресурсы туралы мәселені шешуге айқын қадамдар жасалып жатыр. Осы себептен бұл үдерістің тоқтамай жалғасқаны дұрыс.</p>
---	--

САР-анализі

Алшақтық/Мәселе	Мақсат	Инициатива
ЖЭК-ін өндірудің бағасының қымбаттығы	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Энергияның бағасын түсіру, кәсіпкерлер үшін қолайлы баға қалыптастыру; ➤ Елдің экологиялық және экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету; 	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Үкіметтің ұйымдастырып жатқан ынталандыру бағдарламалары мен жеңілдіктері; ➤ Орнатылатын қондырғылардың бағасын арзандату;
Баламалы энергияның тұрақсыздығы	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Альтернативті энергия көздерін тұрақтандыру; ➤ Жаңа инновациялық шешімдерді жүзеге асыру; 	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Жаңа энергияны сақтауға мүмкіндік беретін құрылғыларды іске қосу; ➤ Оның болашақтағы ары қарай дамуы үшін инвестиция салу;
Мемлекеттік ынталандырудың қолжетімсіздігі	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Жаңа заңнамалар мен кәсіпкерлерге қолайлы бағдарламаларды жүзеге асыру; ➤ Барлық кәсіпкерлерді ынталандыру бағдарламаларымен таныстыру; 	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Экология кодексіндегі өзгерістер; ➤ Бағдарламалардың қайта қаралып, жаңа өзгерістердің енгізілуі; ➤ Кәсіпкерлерді ынталандырудың альтернативті жолдарының қарастырылуы;

Қорытынды

Зерттеу барысында қиындықтар мүлдем кездеспеді деп айта алмаймын, себебі таңдалынған тақырып көп векторлы зерттеу жұмысында тек бір немесе бірнеше саласынананазар аударып, тақырыпты тереңдете зерттеуде қиындықтар туды. Оған қоса жинақталған ауқымды ақпаратты сқрыптап ашық деректер келтіру сәл қиындау болды. Алайда, мектеп қабырғасында алынған білу, түсіну және қолдану дағдаларының жақсы дамығанының арқасында зерттеу жұмысын жүргізуде аса қиын соқпады. Сонымен қатар, жаһандық перспектива және

информатика пәндерінде алынған білім мен пән мұғалімінің көмегімен зерттеу жұмысын жүргізуді жеңілдетті. Сандық және сапалық ақпараттарды анализ жасау арқылы толық ақпаратқа айналдырып, оны интерпретация жасауды үйрендім. Көлемді ақпараттармен жұмыс істеуді және қоғамда адмадармен және мамандармен қарым-қатынас жинап, қателіктерімді тез түзетуді үйрену жаңа дағдылардың бірі болды. Таңдалған мәселе жаһандану кезеңінде аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оны шешуде Шымкенттік кәсіпкерлердің өз үлесін қосуы зерттеу барысында анықталды. Мемлекеттің шағын және орта бизнес иелеріне жасап жатқан жеңілдіктері ендігі өз жемісін беріп те үлгерді, оны Шымкент қаласында орналасқан «Құс фабрикасы» мен жаңадан орнатқалы жатқан АЭС-тің мысалынан-ақ байқалады. Жинақталған ақпарат, жүргізілген зерттеу жұмысы тек мектеп оқушыларына ғана емес, барлық мемкет азаматтары мен басқарушы органдарға пайдалы болады деген үміттемін. Зерттеу сұрақтарына жауап беру арқылы зерттеу мақсаттарына жетіп , міндетін орындай алдым. Зерттеу барысында жасалған анализге сүйене отырып, Мемлекеттік басқару орындарына мынадай ұсыныс жасар едім: Кәсіпкерлермен қатар қарапайым тұрғындар үшін де ынталандыру бағдарламаларын ұйымдастырып, жүзеге асыру; Қала инфраструктурасын қайта қарастырып, кәсіпорындарды қала сыртына шығару; Жаңа энергия сақтаушы құрылғыларды дамыту; Заңнамаларды жаңартуды жалғатыру, өтпелі кезеңді дамытуды тоқтатпау; Қаржылық тұрғыдан тиімділігін ескере отырып, мемлекет өаржысын дұрыс басқару; Көрсетілген ұсынстар нәтижесінде Қазақстандағы энергетика ахуалы жақсарып, елдің алға қойған мақсаттарына тиімді түрде қол жеткізуге мүмкіндік болады деп ойлаймын. Ұсыныстар осы процессте прогресске қол деткізуге мүмкіндік береді деп үміттенемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Beijing, June-13, 2024 AIIB's Role in Driving Kazakhstan's Energy Transition <https://www.aiib.org/en/news-events/media-center/blog/2024/AIIB-Role-in-Driving-Kazakhstan-Energy-Transition.html>
2. Assel Satubaldina, 03-February 2022 Away from fossil fuels: Kazakhstan sets ambitious goals for renewable energy https://en.inform.kz/news/away-from-fossil-fuels-kazakhstan-sets-ambitious-goals-for-renewable-energy_a3894507/
3. Paolo Sorbello June-01, 2021 Kazakh President Sets Ambitious Goals for Renewables <https://thediplomat.com/2021/06/kazakh-president-sets-ambitious-goals-for-renewables/>
4. KAZAKHSTAN BOOSTS ITS RENEWABLE ENERGY INVESTMENT SYSTEM MARCH-26,2022 <HTTPS://WWW.UNDP.ORG/KAZAKHSTAN/STORIES/KAZAKHSTAN-BOOSTS-ITS-RENEWABLE-ENERGY-INVESTMENT-SYSTEM>
5. Kazakhstan has set out ambitious and welcome clean energy transition plans but must overcome historical reliance on fossil fuels, IEA review says 30-June 2022 <https://www.iea.org/news/kazakhstan-has-set-out-ambitious-and-welcome-clean-energy-transition-plans-but-must-overcome-historical-reliance-on-fossil-fuels-iea-review-says>

6. Empowering the Future of Kazakhstan's Energy Sector JANUARY-5, 2024
[HTTPS://WWW.WORLDBANK.ORG/EN/NEWS/FEATURE/2024/01/05/EMPOWERING-THE-FUTURE-OF-KAZAKHSTANS-ENERGY-SECTOR](https://www.worldbank.org/en/news/feature/2024/01/05/empowering-the-future-of-kazakhstans-energy-sector)

7. Жұлдыз Қанапиянова, Қазақстанда жаңартылатын энергия: оның әлеуеті және болашағы <https://www.eurasian-research.org/publication/kazakistanda-yenilenebilir-enerji-potansiyeli-ve-gelecegi/?lang=mn>

МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Шапи А.А.¹, Сүлейменова Г.М.², Битанова А.Б.³

¹Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
12 сынып оқушысы,

E-mail: arailymsharu@gmail.com

²Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
тарих пәні мұғалімі

³Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
тарих пәні мұғалімі,

(Шымкент, Қазақстан)

E-mail: bitanova_a@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Бұл зерттеу Қазақстандағы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының тиімділігін кешенді талдап, олардың халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудағы маңыздылығын айқындады. Сауалнама мен аналитикалық талдау нәтижелері бойынша, бағдарламалар тұрғын үй қолжетімділігін арттырса да, жоғары пайыздық мөлшерлемелер, бастапқы жарна және әлеуметтік теңсіздік мәселелері өзекті. Зерттеу барысында қаржылық қолжетімділікті арттыру, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету, цифрлық технологияларды енгізу және халықаралық тәжірибені бейімдеу ұсынылды. Ұсыныстар мемлекеттік тұрғын үй саясатын жетілдіруге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Annotation. This study provides a comprehensive analysis of the effectiveness of state housing programs in Kazakhstan and highlights their significance in improving the social conditions of the population. According to the survey and analytical results, while the programs have increased housing accessibility, issues such as high interest rates, substantial down payments, and social inequality remain significant. The study proposed measures to enhance financial accessibility, ensure social equity, implement digital technologies, and adapt international experience. The recommendations are aimed at improving state housing policies and enhancing the quality of life.

Аннотация. Данное исследование представляет собой комплексный анализ эффективности государственных жилищных программ в Казахстане и

подчеркивает их значимость для улучшения социального положения населения. По результатам опроса и аналитического анализа, хотя программы способствуют повышению доступности жилья, проблемы высоких процентных ставок, значительного первоначального взноса и социального неравенства остаются актуальными. В ходе исследования были предложены меры по повышению финансовой доступности, обеспечению социальной справедливости, внедрению цифровых технологий и адаптации международного опыта. Рекомендации направлены на совершенствование государственной жилищной политики и повышение качества жизни населения.

КІРІСПЕ

Қазақстанда тұрғын үй мәселесі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін мемлекет тарапынан бірнеше бағдарламалар іске асырылуда: «Нұрлы Жер»[1], «7-20-25»[2], «Бақытты Отбасы»[3]. Алайда, бұл бағдарламалардың қаншалықты тиімді екенін, олардың нақты тұрғындардың сұранысын қанағаттандыру дәрежесін талдау маңызды болып отыр. Тұрғын үй саясатының тиімділігі халықтың өмір сүру сапасына, елдің демографиялық ахуалы мен экономикалық тұрақтылығына тікелей әсер ететіні белгілі[4].

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларын объективті бағалаудың маңыздылығымен түсіндіріледі. Соңғы үш жылда тұрғын үй саясатын жүзеге асыруда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілгенімен, бұл мәселеде шешілмеген сұрақтар әлі де бар. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері 2021-2023 жылдар аралығында жаңа тұрғын үй құрылысының көлемі артқанын көрсеткенімен[5], баспанамен қамтамасыз етілмеген халықтың үлесі әлі де жоғары деңгейде қалып отыр[6]. Бұл бағдарламалардың тиімділігін тек сандық көрсеткіштермен емес, олардың нақты әлеуметтік әсері тұрғысынан бағалау қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстандағы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының басты мақсаты – халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, тұрғын үй тапшылығын азайту және баспанаға қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бұл бағдарламалар азаматтардың басана мәселесін шешуге бағытталған түрлі қаржылық механизмдер мен қолдау шараларын ұсынады. Мысалы, «Нұрлы Жер» бағдарламасы елді мекендердегі тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді, ал «7-20-25» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген ипотекалық несие беру көзделген. Сонымен қатар, «Бақытты Отбасы» бағдарламасы әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға арналған жеңілдетілген несие беру арқылы әлеуметтік теңдікті арттыруды мақсат етеді. Бұл бағдарламалар елімізде тұрғын үйге деген сұранысты қанағаттандыруды және халықтың әл-ауқатын жақсартуды көздейді[1].

Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының тиімділігі бірнеше көрсеткіштер арқылы бағаланады. Бұл көрсеткіштерге жаңа тұрғын үйдің саны, тұрғындардың әлеуметтік жағдайы, тұрғын үймен қамтамасыз етілген халықтың

үлесі және тұрғын үйге қолжетімділік деңгейі кіреді. Мысалы, «Нұрлы Жер» бағдарламасы бойынша 2021-2023 жылдары тұрғын үй құрылысы екі есеге артты, алайда баспанаға мұқтаж адамдар саны әлі де жоғары қалды[5]. Сонымен қатар, тұрғын үй саясатының тиімділігі әлеуметтік топтар арасындағы теңдікті қамтамасыз ететінін де ескеру қажет. Мемлекет тұрғындарға жеңілдетілген несиелер мен субсидиялар ұсына отырып, халықтың әртүрлі категорияларына баспана алуға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар да баспанамен қамтылуда, бірақ кейбір бағдарламалардың тиімділігін жақсартуға қажеттілік бар[7].

Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары әртүрлі әлеуметтік топтарға әрқилы әсер етеді. Мысалы, «Бақытты Отбасы» бағдарламасы әлеуметтік тұрғындан осал топтарға жеңілдетілген несие ұсынуға бағытталған, бұл топтағы адамдар үшін тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігі артады. Ал «7-20-25» бағдарламасы орта тап үшін тиімді ипотекалық несиелер ұсынады, олар үшін баспана алу жеңілдейді. Бұл бағдарламалар әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге ықпал етеді, өйткені олар әртүрлі табыс деңгейі бар азаматтарға баспана сатып алуға қолжетімділікті арттырады. Сонымен қатар, мемлекеттік субсидиялар мен жеңілдетілген несие шарттары арқылы тұрғын үй сатып алуға мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін жағдай жасалады[3].

Басқа елдердің тұрғын үй мәселесін шешудегі тәжірибесі Қазақстанға пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, Сингапурда мемлекет тұрғын үй құрылысын белсенді түрде қолдап, халықтың барлық әлеуметтік топтарына қолжетімді баспана ұсынып отыр. АҚШ-тағы «Affordable Housing» бағдарламасы да тұрғын үйді қолжетімді етуге бағытталған және елдің көптеген аймақтарында сәтті жұмыс істейді. Бұл бағдарламалар тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін жүйелі түрде шешу үшін кешенді тәсілді қолдануды көрсетеді. Қазақстан осы елдердің тәжірибелерін өз бағдарламаларына енгізіп, тұрғын үй құрылысын арттыруды және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздей алады[9].

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Зерттеу барысында алдымен ғаламтордағы дереккөздермен жұмыс істеп, олардың негізінде алынған қорытындыны курстық жұмысымның А бөлімінде ұсындым, тұрғын үй қолжетімділігі мәселесін жан-жақты талдау үш кезеңдік тәсілмен жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде мәліметтер жинау нормативтік-құқықтық құжаттар, тұрғын үй құрылысына қатысты заңнамалық актілер, сонымен қатар, тұрғын үй нарығының қазіргі жағдайы туралы ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынған мәліметтер негізінде жүргізілді. Сенімді дереккөздерді табу үшін мен автордың беделі мен тәжірибесіне сүйендім. Негізгі дереккөздер ретінде gov.kz, akorda.kz, baiterek.gov.kz және adilet.zan.kz сайттарын пайдаландым. Бұл кезеңде тұрғын үй саясатын реттейтін құжаттарды сараптау арқылы мәселенің заңнамалық негіздері зерттелді. Оған қоса, бағдарламалардың тиімділігі мен олардың жүзеге асырылуындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында аналитикалық мақалалар мен статистикалық деректер жинақталды.

Зерттеуде деректерді жинау үшін социологиялық зерттеудің екі негізгі әдісі: сұхбат алу және сауалнама жүргізу қолданылды. Бұл әдістер зерттеу

нәтижелерінің нақтылығын және деректердің көптүрлілігін қамтамасыз ету үшін таңдалып алынды.

Зерттеудің бірінші сатысында сандық деректер алу үшін сауалнама әдісі пайдаланылды. Сауалнама “SurveyMonkey.com” [10] платформасы арқылы онлайн түрде өткізілді, нәтижесінде 48 респондент қатысты.

Сауалнама жалпы 14 тест сұрақтарынан тұрады және жүргізілген сауалнама мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының тиімділігін зерттеуге бағытталды. Ол респонденттердің бағдарламаларға қатысты тәжірибесі, әлеуметтік топтарға әсері, жеңілдетілген несиелер мен субсидиялардың қолжетімділігі және олардың әлеуметтік әл-ауқатқа тигізетін әсері туралы мәліметтер жинауға мүмкіндік береді. Алынған деректер бағдарламалардың тиімділігін бағалауға және оларды жетілдіруге қажетті бағыттарды анықтауға көмектеседі.

Қатысушылар әртүрлі жас аралықтарын қамтыды. Атап айтқанда, сауалнамадан өткендердің басым көпшілігі әйелдер (66.7%) және 39,6%-бен 18-25 жас аралығындағы жастар құрады. Жауаптардың 35,4%-ы 36-45 жастағы ересек адамдарға тиесілі болса, қалған 16,7%-ды 26-35 жас аралағында қатысушылар қамтып, тек 8,3% ғана қатысушының жасы 46 дан жоғары.

Сауалнаманың үшінші сұрағы қатысушылардың мемлекеттік тұрғын үймен қамтуға бағытталған бағдарламасымен таныс екенін анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, ең көп танылған бағдарламалар «Бақытты Отбасы» және «7-20-25» болып шықты (35.4%). «Нұрлы Жер» бағдарламасын 18.8%-ы білсе, ал қалған 10.4%-ы басқа бағдарламаларды атаған.

Бағдарламаларды қолдандыңыз ба? Зерттеу нәтижелері бойынша, қатысушылардың едәуір бөлігі (81.2%) тұрғын үй бағдарламаларын пайдаланғанын мәлімдеді, ал қалған 18.8%-ы мұндай бағдарламаларды қолданбаған.

Сауалнама деректеріне сәйкес, ең танымал бағдарлама “7-20-25” болды (66.7%). Сонымен қатар, “Нұрлы Жер” бағдарламасын 15.4%, ал “Бақытты Отбасы” бағдарламасын 12.8%-ы таңдаған.

Бағдарламалардың қолжетімділігі: Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, тұрғын үй бағдарламаларын “орташа” деп бағалағандар саны 43.8%-ды құрады. Сонымен қатар, 29.2%-ы қолжетімсіз екенін айтса, тек 16.7%-ы оны қолжетімді деп бағалаған.

Табыстар санаты: Сауалнама қорытындысына сәйкес, респонденттердің көпшілігі (85.7%) өзін орташа табыс санатына жатқызды. Төмен табыс деңгейін көрсеткендер 10.2%-ды құраса, жоғары табыс тобындағылар 4.1%-ды көрсетті.

“Бақытты Отбасы” бағдарламасының тиімділігі: Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, қатысушылардың көпшілігі бұл бағдарламаны “нейтралды” деп бағалады (81.6%). Сонымен қатар, оң баға бергендер 7.9%-ды, теріс пікір білдіргендер де 7.9%-ды құрады.

Пайыздық мөлшерлемеге қанағаттану: Нәтижелерге сәйкес, қатысушылардың басым бөлігі пайыздық мөлшерлемеге “қанағаттанамын” деп жауап берді (64.6%). Сонымен қатар, 10.4%-ы нейтралды ұстанымда болса, 8.3%-ы қанағаттанбағандарын білдірді.

Әлеуметтік теңдік: Сауалнама қорытындысына сай, респонденттердің 40.9%-ы бағдарламалар барлық әлеуметтік топтарға тең мүмкіндік береді деп есептейді. Дегенмен, 25%-ы керісінше ойда болса, 34.1%-ы бұл сұраққа нақты жауап бере алмаған.

Ең тиімді бағдарлама:Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің 56.2%-ы “7-20-25” бағдарламасын ең тиімді деп бағалады. Сонымен қатар, 20.8%-ы “Бақытты Отбасы” бағдарламасын таңдады.

Бағдарламаларды жақсарту жолдары: Сауалнама нәтижелеріне сай, тұрғын үй бағдарламаларын жетілдіру үшін 43.8%-ы субсидияларды көбейту керек деп санайды. Сонымен қатар, 39.6%-ы пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуді ұсынды.

Халықаралық тәжірибе:Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, қатысушылардың 45.8%-ы халықаралық тәжірибе маңызды рөл атқарады деп есептейді. Сонымен қатар, 22.9%-ы бұл рөлді орташа деп санаса, 14.6%-ы төмен деп бағалаған.

Жалпы тиімділік:Сауалнама нәтижесіне сәйкес, мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының тиімділігін “орташа” деп бағалағандар 33.4%-ды құрады. Сонымен қатар, 25%-ы тиімді емес деп санаса, 25%-ы оны тиімді деп бағалаған.

Зерттеудің үшінші кезеңінде сапалық зерттеу әдісі қолданылды, яғни, тікелей сұхбат арқылы нақты бір азаматтың тәжірибесі зерделенді. Шымкент қаласының тұрғыны Құрманова Айжанмен жүргізілді. Сұхбат барысында ол 2022 жылы "7-20-25" бағдарламасы арқылы пәтер алғанын айтып, тұрғын үй сатып алу кезіндегі қиындықтарды атап өтті.

Оның айтуынша, пәтер таңдау мен құжат рәсімдеу процесі ұзақ уақыт алған, ал пәтер бағасының шарықтауы басты қиындықтардың бірі болған. Сонымен қатар, бағдарлама арқылы пәтер алу кезінде банктен ипотека рәсімдеудің күрделілігі мен ұзаққа созылуы да айтарлықтай мәселе болғанын мәлімдеді. Сұхбат арқылы алынған деректер зерттеудің теориялық нәтижелерімен салыстырылып, бағдарламалардың нақты іске асырылуындағы кемшіліктер мен жетістіктер анықталды. Сұхбат беруші мемлекеттік бағдарламаның қатысушысы ретінде, өзінің баспана алу тәжірибесін егжей-тегжейлі баяндайды. Ол және оның отбасы бұрын бірнеше жыл бойы жалдамалы пәтерде тұрып, айтарлықтай қиындықтармен бетпе-бет келгенін атап өтті. Кейіннен "7-20-25" бағдарламасының көмегімен пәтер алу мүмкіндігіне қол жеткізіп, Еуразия банкі арқылы ипотека рәсімдеген. Алайда, ипотеканы рәсімдеу процесі ұзаққа созылған, себебі талап етілетін құжаттардың көлемі айтарлықтай үлкен болған. Сонымен қатар, пәтер таңдауда да бірқатар қиындықтар туындағанын айтты.Мәселен, сұхбат беруші "Нұрлы жер" бағдарламасы аясында пәтер алу үшін көптеген құжаттардың қажеттігін, ал пандемия жағдайында бұл процестің одан әрі күрделенгенін алға тартты. Сонымен қатар, пандемияның экономикалық салдары ретінде пәтер бағасының күрт өсуін де атап өтті: бұрын 2 бөлмелі пәтердің құны 15 миллион теңге шамасында болса, қазіргі таңда ол 25 миллион теңгеге дейін көтерілген. Бұл жағдайдың қарапайым азаматтар үшін баспана алуды едәуір қиындатқаны сөзсіз.Сұхбат соңында, пәтерсіз жүрген азаматтардың санының көп болуы пәтер бағаларының қолжетімсіздігімен және табысы төмен тұрғындардың бастапқы жарнаны жинауда кездесетін

кедергілермен тікелей байланысты екендігіне тоқталды. Ол мемлекет тарапынан табысы төмен азаматтарға арналған ипотекалық бағдарламаларды кеңейту қажеттігін атап өтіп, тек осындай қадамдар ғана баспана мәселесін шешуде тиімді болатынын мәлімдеді.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Қазақстандағы тұрғын үй саясаты: Қолжетімділік пен тиімділікті арттыру жолдары. Қазіргі тұрғын үй бағдарламалары халықтың баспана алу мүмкіндігін арттыру мақсатында жүзеге асырылуда. Алайда олардың тиімділігі шектеулі, өйткені көптеген азаматтар үшін шарттар күрделі болып отыр. Әсіресе, бастапқы жарна мен пайыздық мөлшерлемелердің жоғары болуы халықтың төлем қабілетіне сәйкес келмейді. Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үй бағдарламаларының ауқымы жеткіліксіз. Бұл факторлар тұрғын үйге қолжетімділікті төмендетіп, азаматтардың өмір сүру жағдайын жақсартуға кедергі келтіруде.

Болашақ бізді қанағаттандыра ма?

Халықтың тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған бағдарламалар тиімді және әр азамат үшін қолжетімді болуы тиіс. Әсіресе, жас отбасылар, көпбалалы жанұялар және әлеуметтік тұрғыдан осал топтар үшін нақты қолдау шаралары қарастырылуы қажет. Сондай-ақ, тұрғын үй нарығын дамытуда ұзақ мерзімді және төмен пайызды несиелер ұсынылып, бағдарламалар халықтың әртүрлі қажеттіліктерін ескеруі керек.

Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін бізде не бар, не жоқ?

Не бар?

- Қолданыстағы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары (7-20-25, Бақытты отбасы).
- Жеке құрылыс компанияларының ресурстары мен мүмкіндіктері.
- Қаржылық қолдау көздері мен тұрғын үй субсидиялары.

Не жоқ?

- Барлық азаматтарға теңдей тұрғын үй қолжетімділігі.
- Пайыздық мөлшерлемені төмендетудің нақты механизмдері.
- Әлеуметтік осал топтарға арналған жеңілдетілген шарттар.
- Заманауи тұрғын үй инфрақұрылымын дамытуға жеткілікті инвестиция.

Барды қалайша ұтымды пайдалануымыз керек?

- Қолданыстағы тұрғын үй бағдарламаларының шарттарын қайта қарап, пайыздық мөлшерлемені төмендету және бастапқы жарнаны азайту.
- Мемлекеттік-жеке серіктестік арқылы тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды күшейту.
- Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында оқыту бағдарламаларын енгізу.
- Әлеуметтік осал топтарды баспанамен қамтамасыз ету үшін қосымша субсидиялар мен жеңілдіктер қарастыру.
- Тұрғын үй инфрақұрылымын дамытуға басымдық беру.

Жоқты қалай бар қыламыз?

- Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, тұрғын үй саясатына жаңашыл тәсілдерді енгізу.
- Мемлекеттік және жеке құрылыс секторлары арасында ынтымақтастықты нығайту.
- Төмен пайызды ипотекалық несиелерді субсидиялау арқылы халықтың төлем қабілеттілігін арттыру.
- Құрылыс шығындарын азайту үшін заманауи технологияларды қолдану.

Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін біз не істеуіміз керек?

- Тұрғын үй бағдарламаларында пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау.
- Әлеуметтік топтарға арналған арнайы тұрғын үй жобаларын дамыту.
- Тұрғын үй инфрақұрылымын жақсартып, құрылыс шығындарын азайту үшін жаңа технологияларды енгізу.
- Бағдарламалардың шарттарын қарапайым әрі түсінікті ету.
- Тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін ақпараттық қолдау көрсету.
- Тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдерін көбейту арқылы нарықтағы баға саясатын тұрақтандыру.

Көзделген болашаққа жету үшін шаралардың реттілігі қандай болмақ?

- Тұрғын үй бағдарламаларының шарттарын қайта қарау: пайыздық мөлшерлемелерді төмендету және бастапқы жарнаны азайту.
- Әлеуметтік осал топтарға арналған арнайы тұрғын үй бағдарламаларын енгізу.
- Мемлекеттік-жеке серіктестік негізінде тұрғын үй құрылысына инвестиция тарту.
- Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыратын бағдарламалар ұйымдастыру.
- Құрылыс шығындарын азайту мақсатында жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу.
- Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, тұрғын үй саясатын реформалау.
- Ұзақ мерзімді, төмен пайызды ипотекалық бағдарламаларды көпшілікке қолжетімді ету.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тұрғын үймен қамту бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін қаржылық қолжетімділікті жеңілдету, ашықтықты қамтамасыз ету және халықтың әртүрлі топтарына тең жағдай жасау басты міндеттер ретінде қарастырылуы тиіс. Тек осындай жүйелі шаралар бағдарламалардың тиімділігін жаңа деңгейге көтере алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының тиімділігі жан-жақты қарастырылып, олардың тұрғындардың баспана мәселесін шешудегі рөлі мен негізгі кемшіліктері анықталды. “7-20-25” және “Бақытты Отбасы” сияқты бағдарламалар тұрғын үй алуға мүмкіндік берсе де, олардың қолжетімділігіне кедергі келтіретін негізгі факторлар ретінде пайыздық мөлшерлемелердің жоғары болуы, бастапқы жарнаның көлемі және әлеуметтік

теңсіздік мәселелері анықталды. Әсіресе, төмен табысты топтар үшін бұл бағдарламаларға қатысу мүмкіндігі шектеулі болып отыр.

Бағдарламалардың тиімділігін арттыру үшін бірнеше маңызды ұсыныстар жасалды:

- Қаржылық қолжетімділікті арттыру мақсатында пайыздық мөлшерлемелерді төмендету және бастапқы жарнаға берілетін субсидияларды көбейту;
- Әлеуметтік осал топтарға арнайы жеңілдіктер енгізу және ауылдық аймақтардағы тұрғындарға арналған арнайы ипотекалық бағдарламаларды әзірлеу;
- Тұрғын үй бағдарламаларының ашықтығын қамтамасыз ету үшін цифрлық технологияларды енгізу және онлайн мониторинг жүйесін дамыту;
- Сингапур мен Оңтүстік Кореяның тұрғын үй саласындағы озық тәжірибелерін Қазақстан жағдайына бейімдеу.

Зерттеу нәтижелері тұрғын үй саясатының қазіргі жағдайын жақсы түсінуге және оны жетілдіру жолдарын анықтауға көмектесті. Ұсынылған шараларды жүзеге асыру мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының тиімділігін жаңа деңгейге көтеріп, халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл зерттеу мемлекеттік тұрғын үй саясатын дамытуда, сондай-ақ халықтың өмір сүру сапасын жақсартуда маңызды материал болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Нұрлы Жер» бағдарламасы, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің есебі (2023 ж.) https://baiterek.gov.kz/sites/default/files/2020-02/p1900001054.31-12-2019.kaz_0.pdf
2. «7-20-25» бағдарламасы, Ұлттық банк есебі (2021-2023 жж.)- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000736>
3. «Бақытты Отбасы» бағдарламасы, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің 2023 жылғы есебі https://khc.kz/wp-content/uploads/2024/08/%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%88%D0%B0-%D0%93%D0%9E-%D0%9A%D0%96%D0%9A-2023_v3-1.pdf
4. Тұрғын үй саясатының тиімділігі, ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері - Ұлттық статистика бюросы https://khc.kz/wp-content/uploads/2024/08/%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%88%D0%B0-%D0%93%D0%9E-%D0%9A%D0%96%D0%9A-2023_v3-1.pdf
5. Жаңа тұрғын үй құрылысының көлемі, ҚР Ұлттық статистика бюросының 2021-2023 жж. ресми статистикалық деректері- https://baiterek.gov.kz/sites/default/files/2020-02/p1900001054.31-12-2019.kaz_0.pdf
6. Баспанаға мұқтаж халықтың үлесі, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000736>
7. Жалпы тұрғын үймен қамту мәселесінде жетілдіру қажеттілігі, «Нұрлы Жер» бағдарламасының 2022 жылғы мониторинг нәтижелері- https://baiterek.gov.kz/sites/default/files/2020-02/p1900001054.31-12-2019.kaz_0.pdf

8. ҚР Ұлттық статистика бюросы – 2021-2023 жылдардағы тұрғын үй құрылысының көлемі туралы ресми мәліметтер https://hcsbk.kz/affordable-housing/nurly-ger/?utm_source=chatgpt.com
9. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі – «Нұрлы Жер» бағдарламасының орындалу барысы мен 2023 жылғы жоспарлары https://zhilfondtaraz.kz/kk/zhilishchnye-programmy/zhilishchnaia-programma-nrly-zher?utm_source=chatgpt.com
9. «Affordable Housing» бағдарламасы АҚШ-тағы тұрғын үй мәселесін шешу тәжірибесі https://www.acf.hhs.gov/ocs/programs/ahssd?utm_source=chatgpt.com
10. <https://www.surveymonkey.com/>

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Бөрібай Ә.С.^{1*}, Сүлейменова Г.М.², Амалбекова Б.А.³

¹12 сынып оқушысы, Физика-математика бағытындағы Назарбаев
Зияткерлік мектебі

E-mail: ali.boribay@gmail.com

²тарих пәні мұғалімі, Физика-математика бағытындағы Назарбаев
Зияткерлік мектебі E-mail: suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

³тарих пәні мұғалімі, Физика-математика бағытындағы Назарбаев
Зияткерлік мектебі

E-mail: amalbekova_b@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Бұл жұмыс Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың маңызды аспектілерін зерттеуге арналған. Атап айтқанда, зерттеу Қытай инвестицияларының Қазақстан экономикасына тигізетін әсеріне терең талдау жасайды. Жұмыста екі ел арасындағы инвестициялық қатынастардың негізгі салалары — энергетика, көлік-логистика, инфрақұрылым және ауыл шаруашылығы қарастырылған. Сонымен қатар, Қытайдың "Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясындағы Қазақстанға салған инвестицияларының маңыздылығы мен салдары жан-жақты талданады. Зерттеу барысында инвестициялардың Қазақстан экономикасына тигізетін оң және теріс әсерлері айқындалды. Оң әсерлеріне экономикалық өсімнің жеделдеуі, жұмыс орындарының көбеюі, инфрақұрылымның дамуы және технологиялардың трансфері жатады. Алайда, зерттеу Қытай инвестицияларының Қазақстанның экономикалық тәуелділігін арттыруы, экологиялық мәселелер тудыруы және стратегиялық салаларда шетелдік бақылаудың күшеюі секілді ықтимал қауіптерді де көрсетті. Зерттеу нәтижелері сауалнама және статистикалық деректер арқылы негізделіп, Қытай инвестицияларының Қазақстанның экономикалық тұрақтылығына әсері мен екі ел арасындағы ынтымақтастықтың болашақ бағыттары бағаланды. Жұмыс екі

жақты серіктестікті нығайту мен ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау бойынша ұсыныстар ұсынумен қорытындыланады.

Кілт сөздер: Қытай инвестициялары, Қазақстан экономикасы, экономикалық ынтымақтастық, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы, энергетика, инфрақұрылым, тәуекелдер, технологиялар трансфері.

Annotation. This course work is devoted to the study of the most important aspects of economic cooperation between Kazakhstan and the people's Republic of China. In particular, the study provides an in-depth analysis of the impact of Chinese investments on the economy of Kazakhstan. The paper examines the main areas of investment relations between the two countries — energy, transport and logistics, infrastructure and agriculture. In addition, the importance and consequences of China's investments in Kazakhstan within the framework of the One Belt, One Road initiative will be analyzed in detail. The study revealed the positive and negative effects of investments on the economy of Kazakhstan. The positive effects include the acceleration of economic growth, the increase in jobs, the development of infrastructure and the transfer of technologies. However, the study also showed potential threats, such as increasing Kazakhstan's economic dependence on Chinese investments, creating environmental problems and increasing foreign control in strategic areas. The results of the study were substantiated by questionnaires and statistical data, the impact of Chinese investments on the economic stability of Kazakhstan and future directions of cooperation between the two countries were evaluated. The course work is summed up with the presentation of proposals for strengthening bilateral partnership and protecting national economic interests.

Key words: Chinese investment, Kazakhstan economy, Economic Cooperation, One Belt, One Road Initiative, energy, infrastructure, risks, technology transfer.

Кіріспе. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қатынастар қарқынды дамыды. Екі мемлекет арасындағы экономикалық және саяси ынтымақтастықты тереңдету жөніндегі келісімдер шеңберінде Қазақстанның ең ірі экономикалық әріптестерінің бірі-Қытай. Қытай Халық Республикасы Орталық Азияда өзінің инвестициялық белсенділігін жандандырған елдердің бірі болды және "Бір белдеу, бір жол" бастамасының маңыздылығын ескере отырып, мұндай жобаның Қазақстан экономикасындағы маңыздылығы жоғары. Бұл ынтымақтастық шикізат және энергетика секторларын, сондай-ақ бүкіл Қазақстан бойынша инфрақұрылым мен логистиканы қамтиды. Қазақстан өз экономикасын ынталандыру үшін шетелдік инвестицияларды ынталандыруға ұмтылуда, ал Қытай, керісінше, Қазақстанның энергетикалық ресурстарына қол жеткізуге және Орталық Азиядағы позициясын нығайтуға ұмтылуда. Екі ел арасындағы өзара тиімді серіктестіктің арқасында тауар айналымы жылдан жылға тұрақты түрде өсіп келеді және Қазақстанға Қытайлық инвестициялар көлемі де өсуде[7]. Сонымен қатар, Қазақстанның географиялық жағдайы Қытай Еуропаға және басқа елдерге жету үшін пайдалана алатын маңызды транзиттік нүктеге айналуға[8]. Атап айтқанда, Қытайдың Қазақстанға салған инвестициялары өзара екіжақты,

аймақтық және трансұлттық экономикалық процестердің салдары болып табылады. Бұл жұмыс Қытай инвестицияларының Қазақстан экономикасына әсерін барынша жүйелі түрде зерттеуге бағытталған. Сонымен қатар, Қытай мен Қазақстан арасындағы болашақ ынтымақтастықтың қалай дамитынын бағалау және оның Қытай үшін де, Қазақстан үшін де салдарын бағалау қажет. Осы инвестициялар тек экономикалық өсуді қамтамасыз етеді және елдің халықаралық аренадағы орнын нығайтады. Қазіргі уақытта әлемдік экономикадағы геосаяси өзгерістер мен жаһандық интеграциялық процестер Қытай мен Қазақстан арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың стратегиялық маңыздылығын арттырады. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеу қазіргі кезде аса өзекті болып отыр, себебі Қытайдың Қазақстандағы экономикалық ықпалы тек артып қана қоймай, елдің саяси және әлеуметтік аспектілеріне де әсер етеді. Қытайдың Қазақстан экономикасына жасаған инвестицияларының қазіргі жағдайы мен болашақтағы даму тенденциялары анықталады. Жұмыс аясында Қытай инвестицияларының Қазақстанның негізгі салаларына, соның ішінде мұнай-газ, көлік, логистика және инфрақұрылымға әсері қарастырылып, оның оң және теріс жақтары талданады. Қазақстан экономикасындағы Қытай инвестицияларының қауіптері мен мүмкіндіктері туралы қорытындылар жасалады. Сондай-ақ, зерттеу барысында екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолдарына қатысты ұсыныстар беріледі.

Материалдар мен әдістер. Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы инвестициялары энергетика, инфрақұрылым және көлік-логистика салаларында шоғырланған. Бұл секторлар Қытайдың Қазақстан экономикасындағы стратегиялық мүдделерін көрсетеді. Энергетикалық секторда қытайлық CNPC және Sinorec компаниялары Қазақстанның ірі мұнай-газ кен орындарын игеруге белсенді қатысып, жылына шамамен 20 миллион тонна мұнай өндіреді[8]. Бұл инвестициялар Қазақстанның экспорттық әлеуетін күшейтіп, оны өңірдегі энергетикалық орталыққа айналдырды. Мұнай мен газ ғана емес, Қытайдың Қазақстандағы көмір және уран секторларына да ерекше қызығушылық танытқаны белгілі. Бұл секторлар Қытайдың энергияға деген ішкі сұранысын қанағаттандыру үшін маңызды рөл атқарады [5]. Сонымен қатар, Қытай «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында Қазақстанға шамамен 18,5 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды[1]. Бұл қаражат транзиттік инфрақұрылым мен көлік желілерін дамытуға бағытталған. Мысалы, Қорғас құрғақ порты жыл сайын 100 миллион тоннаға дейін жүк тасымалдау әлеуетімен жұмыс істейді, ал бұл көрсеткіш 2025 жылға қарай екі есеге артуы мүмкін[9]. Теміржол және автомобиль жолдары Қазақстанды Еуразияның маңызды транзиттік тораптарының біріне айналдырды. Қытайдың бұл саладағы белсенділігі халықаралық сауда бағыттарын дамытуға және Қазақстанның транзиттік дәліз ретінде маңыздылығын арттыруға ықпал етті. Алайда, Қытай инвестициялары тек энергетика мен логистикамен шектелмейді. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы мен өндірістік секторларда да қытайлық қатысу арта түсті. Қытайлық кәсіпорындар Қазақстанның аграрлық секторына, оның ішінде астық, майлы дақылдар мен ет өндірісіне инвестиция салуда[4]. Бұл ынтымақтастық екі ел арасындағы азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етіп, Қытайдың

Қазақстан өнімдеріне деген сұранысын арттыруда. Қазақстанның инфрақұрылымын дамытудағы Қытайдың рөлі ерекше. Жаңа жолдар, көпірлер, әуежайлар мен басқа да нысандар халықаралық стандарттарға сай салынууда. Бұл Қазақстанның көлік-логистика жүйесін нығайтуға, сондай-ақ транзиттік әлеуетті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді[3]. Дегенмен, кейбір сарапшылар қытайлық қатысу аймақтың экологиялық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін екенін ескертуде, себебі бұл жобалар көбінесе табиғи ресурстарды қарқынды пайдаланумен байланысты[6]. Қытайдың Қазақстандағы инвестициялық стратегиясының тағы бір маңызды аспектісі – технологиялар трансфері. Кейбір инфрақұрылымдық жобалар мен өндірістік секторлар заманауи қытайлық технологиялар негізінде жүзеге асырылуда. Бұл Қазақстанға жоғары технологиялы жабдықтарды пайдалануға мүмкіндік берсе де, ұзақ мерзімді перспективада технологиялық тәуелділік қаупін арттырады[2]. Қытай мен Қазақстан арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, Қытай инвестициялары Қазақстанның ЖІӨ-сін тұрақты түрде арттыруға ықпал етуде. Мысалы, энергетика, көлік және логистика секторларында жаңа жұмыс орындарының құрылуы жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға септігін тигізеді[7]. Екіншіден, инфрақұрылымдық жобалар аясындағы серіктестік Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырып, елдің халықаралық сауда байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік береді. Осындай жобалардың мысалы ретінде жоғарыда аталған Қорғас порты мен жаңа көлік дәліздерін айтуға болады[1]. Дегенмен, ынтымақтастықтың бірқатар кемшіліктері де бар. Сарапшылардың пікірінше, Қытай инвестициялары Қазақстанның экономикалық тәуелділігін арттырып, елдің стратегиялық салаларында шетелдік бақылаудың күшеюіне әкелуі мүмкін[5],[10]. Сонымен қатар, экологиялық талаптардың сақталмауы мен жергілікті қоғамдастықтардың мүдделерін елемейтін мәселелері де жиі көтерілуде. Бұл проблемалар кейбір аймақтарда әлеуметтік наразылықтарды тудыруы ықтимал[2]. Инфрақұрылымдық жобалардың ұзақ мерзімді тиімділігі көбінесе олардың іске асырылу сапасына және теңгерімді саясат жүргізуге тәуелді. Мысалы, "Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясында салынған көлік дәліздері Қазақстанға халықаралық сауда мүмкіндіктерін ұсынса да, олардың тиімділігі тек экономикалық қана емес, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескеруге де байланысты[9]. Қытай инвестицияларының Қазақстан экономикасына тигізетін әсері екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан, бұл инвестициялар Қазақстанның экономикалық дамуына оң ықпал етуде. 2021 жылы Қазақстанның ЖІӨ-сі 3,5%-ға өсті, бұл көрсеткіштің маңызды бөлігі Қытаймен бірлескен жобалардың арқасында қамтамасыз етілді[7]. Энергетика және инфрақұрылым салаларындағы инвестициялар экспорт көлемін арттырып, Қазақстанның жаһандық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуде. Екінші жағынан, Қытай инвестицияларының ұзақ мерзімді әсерлері белгілі бір тәуекелдерге әкелуі мүмкін. Қытайдың стратегиялық маңызды салалардағы бақылауы Қазақстанның экономикалық дербестігіне нұқсан келтіруі мүмкін деген алаңдаушылық бар[5], [6]. Сонымен қатар, экологиялық талаптардың сақталмауы қоршаған ортаға зиян тигізіп, жергілікті халықтың өмір сапасын төмендетуі

ықтимал[10]. Қытай инвестицияларының тиімділігі елдердің өзара келісілген теңгерімді саясат жүргізуіне, экологиялық және әлеуметтік стандарттарды сақтауына байланысты. Қазақстан үкіметінің стратегиялық салалардағы шетелдік үлесті реттеу, инновацияларды дамыту және экономиканы әртараптандыруға бағытталған шаралары осы тәуекелдерді азайтуға көмектесуі мүмкін [5]. Қорытындылай келе, Қытайдың Қазақстандағы инвестициялары энергетика, инфрақұрылым және көлік-логистика салаларында шоғырланып, ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосуда. Бұл инвестициялар экономикалық өсімді жеделдетіп, инфрақұрылымды жақсартуға ықпал еткенімен, ұзақ мерзімді тәуелділік, экологиялық мәселелер және стратегиялық салалардағы шетелдік бақылау сияқты тәуекелдер бар. Осы мәселелерді шешу үшін экономиканы әртараптандыру, экологиялық стандарттарды күшейту және ұлттық мүдделерді қорғау шараларын қабылдау маңызды. Қытай инвестицияларын тиімді басқару арқылы Қазақстан өз экономикасының тұрақтылығын сақтап, стратегиялық орнын нығайта алады.

Нәтижелер. Сауалнамадан алынған сандық деректер төмендегі кестеде көрсетілген. Сауалнамаға 45 адам қатысты, сұрақтардың барлығы сандық жауаптарға негізделген. Қатысушылардың басым бөлігі (73,3%) 14-18 жас аралығында. Инвестициялардың негізгі салалары ретінде энергетика (66,7%) және өнеркәсіп (53,3%) аталды. Қытай инвестицияларының Қазақстан экономикасына тигізетін оң әсерлері ретінде экономикалық өсу (55,6%) және жұмыс орындарының көбеюі (48,9%) көрсетілді. Сонымен қатар, бұл инвестициялар экономикалық тәуелділік (57,8%) пен ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіру (55,6%) сияқты кемшіліктерге ие болуы мүмкін деп бағаланды. Қатысушылардың 42,2%-ы Қытай инвестициялары Қазақстанның экономикалық өсіміне орташа жоғары деңгейде әсер етеді деп есептейді. Ұзақ мерзімді перспективада бұл инвестициялар Қытайға тәуелділікті арттырады деп ойлайтындар 57,8%-ды құрады. Ал Қытай инвестицияларының Қазақстанның стратегиялық маңызды салаларына ықпалы туралы көзқарас бойынша ең жиі кездескен жауап — нейтралды (46,7%). Сауалнама нәтижелері Қытай инвестицияларының Қазақстан экономикасына екіжақты әсерін көрсетеді: бір жағынан, ол экономикалық өсу мен жұмыс орындарын көбейтуде оң рөл атқарады, екінші жағынан, экономикалық тәуелділік пен ұлттық қауіпсіздікке қатысты аландаушылықтар туғызады. Бұл мәселелерді тереңірек зерттеу және стратегиялық шешімдер қабылдау қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерін талдау аясында PEST және GAP-анализдері жүргізілді. PEST анализі Қытайдың Қазақстанға инвестицияларының әсерін саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық қырынан сипаттайды. Саяси тұрғыдан алғанда, Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты қарым-қатынастар мен келісімдер инвестициялық ынтымақтастықты қолдап, Қазақстанның саяси тұрақтылығы шетелдік инвесторларға сенімділік береді. Сонымен қатар, әлемдік геосаяси жағдайлар Қытайдың Қазақстанға салатын инвестициясын арттыруы немесе төмендетуі мүмкін. Экономикалық салада Қытай инвестициялары Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) өсуіне елеулі үлес қосады және тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) көлемін арттырады. Дегенмен, Қытайдың экономикалық ықпалы

Қазақстан экономикасының тәуелділігін арттыруы мүмкін деген қауіп те бар. Әлеуметтік аспектіде Қытай инвестициялары жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етіп, еңбек нарығына әсер етеді. Мәдениетаралық қатынастарды күшейткенімен, кейде бұл әлеуметтік шиеленістерге әкелуі мүмкін. Инфрақұрылымдық жобалар экологиялық мәселелер мен жергілікті халықтың мүдделерін ескермеуі ықтимал. Технологиялық бағытта Қытай инвестициялары Қазақстанға жаңа технологиялар енгізіп, "Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясында инфрақұрылымдық жобалар заманауи технологияларды талап етеді. Сондай-ақ, Қытай инвестициялары ғылым мен зерттеу саласын дамытуға әсер етіп, екі елдің ғылыми ынтымақтастығын нығайтады. Жалпы, Қытай инвестициялары Қазақстанның әртүрлі салаларына жан-жақты ықпал етіп, оң және теріс жақтарын қатар көрсетеді. GAP анализі Қытай инвестицияларының ықтимал тәуекелдерін азайтуға бағытталған шараларды сипаттайды. Инвестициялардың шектен тыс бір салаларға шоғырлануы мәселесін шешу үшін экономикалық тәуелділікті азайту мақсатында басқа салаларға, әсіресе технология, білім беру, денсаулық сақтау секторларына инвестиция тартуды ынталандыру бағдарламалары ұсынылады. Шетелдік технологияларға тәуелділікті төмендету үшін жергілікті инновацияларды қолдау және технологиялық әлеуетті арттыру көзделеді. Бұл мақсатта ғылыми-зерттеу орталықтарына гранттар бөлу, отандық инновациялық стартаптарды қаржыландыру және шетелдік технологияларды жергіліктендіру стратегиясы әзірленеді. Экологиялық стандарттардың жеткіліксіз сақталуын болдырмау үшін экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық жобаларға экологиялық талаптарды күшейту және халықаралық экостандарттарға сәйкес сертификаттау жүйесін енгізу қарастырылады. Стратегиялық салалардағы шетелдік бақылаудың артуы мәселесіне қарсы экономикалық саясаттың тәуелсіздігін сақтау және ұлттық мүдделерді қорғау мақсат етіледі. Бұл үшін стратегиялық маңызды салалардағы шетелдік үлесті шектеу нормаларын белгілеу, жергілікті компанияларды қолдау және ынталандыру механизмдерін енгізу ұсынылады. Жалпы, бұл бастамалар Қытай инвестицияларының ықпалын теңестіруге және Қазақстанның экономикалық, технологиялық және экологиялық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған.

Қорытынды. Зерттеуді орындау барысында бірқатар қиындықтар туындады. Алғашқы әрі басты қиындықтардың бірі - ақпарат пен статистиканы іздеу және оның сенімділігін бағалау. Қытайдың Қазақстандағы инвестициялары туралы көптеген деректер мен көзқарастар болғанымен, олардың арасында сенімді және нақты деректерді табу күрделі болды. Кейбір дереккөздер ақпаратты үстірт қарастырса, басқалары ескірген немесе бейтараптықтан алыс мәліметтер ұсынды. Осындай жағдайда мәліметтердің шынайылығын тексеру үшін әртүрлі көздерді салыстыру және олардың сенімділігіне назар аудару қажеттілігі туындады. Бұл жұмысты орындау барысында мен Қытайдың Қазақстан экономикасындағы инвестициялық ықпалының ауқымын түсініп қана қоймай, сонымен бірге елдің сыртқы инвестициялық саясатын бағалауды үйрендім. Сонымен қатар, мәліметтерді талдау мен синтездеу дағдыларымды жетілдіріп, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеудің тиімді әдістерін меңгердім.

Бұл тақырып Қазақстан үшін маңызды және өзекті, себебі Қытай Қазақстан экономикасына ірі инвестициялар салушы елдердің бірі және екі ел арасындағы ынтымақтастық стратегиялық маңызға ие. Қытайдың Қазақстандағы инфрақұрылым, энергетика және логистика салаларындағы қатысуы елдің экономикалық өсіміне ықпал етеді, бірақ ұзақ мерзімді тәуелділік пен экологиялық мәселелер сияқты тәуекелдер туғызады. Сондықтан мен осы тақырыпқа назар аудартып, Қытайдың Қазақстан экономикасына жасаған инвестицияларының маңыздылығы мен ықпалын талдап, олардың елдің ұзақ мерзімді дамуына тигізетін оң және теріс әсерлерін көрсетуді мақсат еттім. Қазақстан Республикасының Үкіметіне бірқатар ұсыныстар жасалды. Біріншіден, инвестиция бағыттарын тек шикізат пен инфрақұрылым салаларымен шектемей, жоғары технологиялар, білім және денсаулық сақтау секторларына да назар аудару қажет. Бұл қадам экономиканың әртараптандырылуына ықпал етіп, елдің ғылыми және әлеуметтік әлеуетін арттырады. Екіншіден, шетелдік технологияларды жергіліктендіру арқылы отандық ғылыми-зерттеу институттарының әлеуетін күшейту және инновациялық экожүйені қолдау ұсынылады. Бұл Қазақстанның технологиялық тәуелсіздігін нығайтып, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Үшіншіден, экологиялық талаптарды халықаралық стандарттарға сәйкес қайта қарап, инвестициялық жобаларға қойылатын экологиялық бақылау механизмдерін күшейту маңызды. Бұл табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып, қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді. Төртіншіден, стратегиялық маңызды салалардағы шетелдік үлесті реттейтін нақты нормалар енгізу арқылы экономикалық дербестікті сақтау ұсынылады. Бұл ұлттық мүдделерді қорғауға және сыртқы экономикалық ықпалға қарсы тұруға бағытталған. Соңында, халықты ақпараттандыру арқылы инвестициялар жайлы ашық пікірталас қалыптастырып, қоғам мүдделерін ескеретін теңгерімді саясат жүргізу қажет. Бұл қоғамның билікке деген сенімін арттырып, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Осы ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы Қазақстан ішкі және сыртқы факторларды тиімді басқарып, Қытай инвестицияларынан туындайтын мүмкіндіктерді толық пайдалануға, ал ықтимал тәуекелдерді барынша азайтуға қол жеткізеді. Нәтижесінде ел экономикасының ұзақ мерзімді дамуы мен тұрақтылығы нығая түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Asian Development Bank. (2021). *The Belt and Road Initiative in Kazakhstan*. <https://adb.org>
2. Atameken Business. (2021). *Қытай инвестицияларының Қазақстан экономикасына әсері*. <https://inbusiness.kz>
3. Forbes. (2022). *Как Казахстан зарабатывает на проекте «Один пояс - один путь»*. <https://forbes.kz>
4. Informburo. (2022). *Қытаймен экономикалық ынтымақтастық: Қазақстан үшін мүмкіндіктер мен тәуекелдер*. <https://informburo.kz>
5. Kapital.kz. (2021). *Қытай инвестициялары және Қазақстанның инфрақұрылымдық дамуы*. <https://kapital.kz>

6. Kazinform. (2020). *Қазақстан-Қытай экономикалық байланыстары және өңірлік тұрақтылық*. <https://www.inform.kz>
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. (2020). *Ресми статистикалық деректер*. <https://stat.gov.kz>
8. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі. (2021). *Қазақстандағы шетелдік инвестициялар туралы есеп*. <https://nationalbank.kz>
9. Tengrinews. (2021). *Қазақстан мен Қытай арасындағы саудасаттықтың жаңа белестері*. <https://tengrinews.kz>
10. World Bank. (2022). *China's economic influence in Central Asia*. <https://worldbank.org>
11. CGTN. (2023). *Интервью с послом Казахстана в Китае*. <https://www.youtube.com/watch?v=aSghItTqf38>

ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТУІ

Жанәлі А.Ә.¹, Сүлейменова Г.М.²

¹*Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
12 сынып оқушысы, E-mail: aidazhanali2007@gmail.com*

²*Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
тарих пәні мұғалімі, (Шымкент, Қазақстан)*

Аннотация. Бұл зерттеу жаһандық жылынудың Қазақстан өңірлеріне әсерін талдауға арналған. Жаһандық жылыну парниктік газдардың атмосферада жинақталуы нәтижесінде орын алып, климаттық өзгерістерге, экожүйелердің тұрақсыздануына және экономикалық шығындарға әкелуде. Қазақстандағы климаттың өзгеру динамикасы статистикалық мәліметтер мен сараптамалық деректер негізінде қарастырылып, аймақтық ерекшеліктері анықталды. Зерттеу барысында ауыл шаруашылығы, су ресурстары, энергетика және туризм салаларына жаһандық жылынудың тигізетін әсері жан-жақты талданды. Қазақстан өңірлерінде мұздықтардың еруі, су тапшылығы, ауа температурасының артуы, құрғақшылық және ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуі сияқты маңызды экологиялық және экономикалық мәселелер байқалуда. Зерттеу әдістері ретінде сауалнама, сұхбат және SOAR-талдау қолданылды. Сауалнама нәтижелері халықтың климаттық өзгерістерге деген көзқарасын, сондай-ақ бұл құбылыстың күнделікті өмірге әсерін анықтауға мүмкіндік берді. Қазақстанның климаттық өзгерістерге қарсы қабылдап жатқан шаралары талданып, олардың тиімділігі бағаланды. Зерттеу нәтижелері жаһандық жылынудың Қазақстанға тигізетін әсері айқын әрі көпқырлы екенін көрсетеді. Еліміздегі климаттық өзгерістердің салдарын азайту мақсатында экологиялық саясатты күшейту, жасыл технологияларды енгізу және халықтың хабардарлығын арттыру ұсынылады.

Кілт сөздер: жаһандық жылыну, климаттың өзгеруі, Қазақстан, экологиялық саясат, парниктік газдар, су тапшылығы, ауыл шаруашылығы, экономикалық шығындар.

Annotation. This study analyzes the impact of global warming on the regions of Kazakhstan. Global warming occurs due to the accumulation of greenhouse gases in the atmosphere, leading to climate change, ecosystem instability, and economic losses. The dynamics of climate change in Kazakhstan are examined based on statistical data and expert analysis, with a focus on regional characteristics. The study comprehensively analyzes the effects of global warming on agriculture, water resources, energy, and tourism. Significant environmental and economic issues observed in Kazakhstan's regions include glacier melting, water scarcity, rising air temperatures, drought, and decreased agricultural productivity. The research employs surveys, interviews, and SOAR analysis as its primary methods. The survey results provide insights into public perceptions of climate change and its impact on daily life. Additionally, the study evaluates the measures Kazakhstan has taken to combat climate change and assesses their effectiveness. The findings indicate that the impact of global warming on Kazakhstan is significant and multifaceted. To mitigate the consequences of climate change, it is recommended to strengthen environmental policies, implement green technologies, and raise public awareness.

Keywords: global warming, climate change, Kazakhstan, environmental policy, greenhouse gases, water scarcity, agriculture, economic losses.

Кіріспе. Жаһандық жылыну көмірқышқыл газы(CO₂) және басқа ауаны ластаушы заттар атмосферада жиналып, жер бетінен шағылған күн радиациясын сіңірген кезде пайда болады. Әдетте бұл радиация ғарышқа таралады, дегенмен атмосферада жылдар мен ғасырлар бойы сақталса, жылуды ұстап, планетаның қызуына әкеледі. Ластаушы заттар, атап айтқанда көмірқышқыл газы, метан, азот оксиді, су буы және синтетикалық фторланған газдар парниктік газдар деп аталады және олардың әсері парниктік эффектке алып келеді[1]. БҰҰ-ның климат өзгерістерін бақылайтын мемлекетаралық эксперттер тобының зерттеулеріне сүйенсек, XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап жаһандық жылдық температура Фаренгейт бойынша шамамен 2 градусқа көтерілген[3]. Соңғы 50 жылдағы жылыну процесі адамзаттың кесірінен, соның ішінде, бірінші кезекте газдардың атмосфераға шығарылуынан туындаған көмірқышқыл газы (CO₂) мен метанның (CH₄) парниктік эффектсінен орын алған[6]. Парниктік эффект температураның жоғарылауына, мұздың еруіне және теңіз деңгейінің көтерілуіне әкелетін жаһандық жылынууды тудырып, қоршаған ортаға, адам денсаулығына және әлемдік экономикаға үлкен қауіп төндіруде. Жаһандық жылынуудың рөлі Қазақстан өңірлері үшін де кез-келген басқа әлем аймақтарына секілді өзекті, себебі ғалымдардың сөзінше, адамзат тарихында қазіргі Жерден ыстық планета болған емес. Еліміздің тауларындағы мұздықтар аса жылдам жылдамдықпен еруде, кейбір мұздықтар 1960 жылдардан бастап 1-2 шақырымға шегінген[4]. 2050 жылға қарай климаттың өзгеруі Қазақстанға ЖІӨ-нің 2% шығын әкеледі деп болжанса[2], Ұлттық Метеорологиялық Қызмет 2023 жыл

елдегі орташа жылдық температура бойынша алдыңғы жылдардың рекордтарынан асып түскенін хабарлайды[4]. Жалпы алғанда, соңғы онжылдықта Қазақстандағы температура 1961-1990 жылдардағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда 1,3°C-қа айтарлықтай көтерілді[4][6]. Бұл статистикалық ақпараттар климат өзгерісінің белгілері елімізде анық байқалатынын, соған сәйкес арнайы шараларды қолға алу қажеттілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысты жазу барысында тақырыпқа қатысты мақалалар[3][10] және ҚР ауыл шаруашылығы, энергетика, экология, гидрология министрліктері[5][8][9] мен Дүниежүзілік банктің[2] статистикалық ақпараттары деректік көзін құрады. Одан бөлек шет тіліндегі ресурстарға[1][11][12][13] шолу жасалынып, газет, журналдар материалдары[4] ақпараттық деректер алынды. Бұл әдебиеттер зерттеу жұмысында кеңінен талқыланады. Жаһандық жылынудың Қазақстанға тигізетін әсері бұрыннан зерттеліп келетіндіктен, менің зерттеуіме ұқсас ғылыми жұмыстар кездеседі. Мысал ретінде “Еуразиядағы климаттың өзгеруін, құрғақшылық жағдайларын және бидай өндірісін бақылау: Қазақстанның жағдайлық зерттеуі” ғылыми жұмысын[11] (Monitoring climate change, drought conditions and wheat production in Eurasia: the case study of Kazakhstan) айтуға болады. Бұл зерттеу 1950-2020 жылдар аралығындағы құрғақшылық пен аптап ыстықтың Қазақстандағы бидай өндірісіне әсерін қарастырады. Қазақстанның солтүстік аймақтарында бидай өнімділігінің төмендеуіне байланысты құрғақшылықтың тарихи заңдылықтарын талдап, температура мен құрғақшылықтың артуы бидай өнімділігінің 2030 жылға қарай 63-82% төмендеуіне әкелетініне болжам жасайды[11]. Зерттеу қарқынды жылу толқындарының жиілігінің артуы Қазақстанның бидай секторына қауіп төндіретінін көрсетеді. Бұл зерттеу менің жұмысымның екінші зерттеу сұрағына жауап беруде құнды ақпараттар береді. Мысалы, жұмыста Қазақстанның көптеген аймақтарында жаз айларында жауынның булану индексі максималды мәнге ие болатынын, бұл өз кезегінде, жазда аптап ыстық әсерінен жауын-шашынның жиі буланатынын білдіреді. Ауыл шаруашылығында, әсіресе егіншілікке бұл феномен үлкен қауіп төндіріп, ғалымдардың болжауынша, алдағы онжылдықта бидай өнімділігінің күрт азаюына алып келмек[11]. Сол себепті, бұл зерттеу жұмысы жаһандық жылынудың ауыл шаруашылығы саласына, оның болашағына қатерлі екенін тағы да дәлелдейді. Қазақстан әлемнің ең ірі құрғақ аймақтарының бірінде орналасқандықтан, климаттың өзгеруі мұнда айтарлықтай байқалады. Солтүстік өңірлерде температураның біртіндеп артуы қысқы кезеңді қысқартып, көктемгі су тасқындарының жиілетсе, оңтүстік өңірлерде су ресурстарының тапшылығына, ауыл шаруашылығындағы өнімділіктің төмендеуіне әкелді. Мысалы, Қостанай және Ақмола облыстарында су тасқынының жиілеуі[4], ал Оңтүстік Қазақстан өңірінде жауын-шашынның азаюы Шу-Талас өзендерінің су деңгейін төмендетіп, көктемгі егіс науқанына, ауыл шаруашылығына кері ықпалын тигізді. Сонымен қатар, таулы аймақтардағы мұздықтардың еруі аймақтық су ресурстарының көлеміне тікелей әсер етуде: Іле Алатауындағы мұздықтар 1960 жылдардан бастап бірнеше шақырымға шегінген[3], бұл өзендердегі су деңгейінің азаюына және гидроэнергетика саласына үлкен қатер төндіреді. Мұндай өзгерістер әсіресе Оңтүстік

Қазақстандағы Шардара су қоймасының су деңгейіне әсер етіп, суармалы егіншілікке баяулатуда. Бұл өз кезегінде экономикалық шығындарға, азық-түлік қауіпсіздігінің төмендеуіне және ауылдық аймақтардағы тұрғындардың әлауқатына кері әсер етеді. Жаһандық жылыну Қазақстанның негізгі салаларына елеулі экономикалық шығындар алып келуде. Ауыл шаруашылығы аталған феноменнен бірінші кезекте зардап шегіп отыр. Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша, климаттық өзгерістер салдарынан 2030 жылға қарай Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуі 5-7% деңгейінде болжанып отыр[2]. Бұл көрсеткіш, әсіресе, су ресурстарына тәуелді мақта және күріш сияқты дақылдарға қатысты жоғары. Суармалы жерлердегі су тапшылығы мен топырақтың деградациясы өнімділікті күрт төмендетсе, гидроэнергетикаға тәуелді аймақтарда су ресурстарының азаюы электр энергиясын өндіруде қиындықтар туғызып, энергия тапшылығына әкеледі. Жаһандық жылыну еліміздің ЖІӨ-не де өз кері әсерін тигізді: Азия Даму Банкі 2050 жылға қарай климаттық өзгерістерден Қазақстан экономикасына келтірілетін жалпы шығын ЖІӨ-нің 2%-ын құрауы мүмкін деп болжайды[2]. Туризм саласы да айтарлықтай зардап шегіп, Қазақстанның Алматы облысындағы танымал туристік орындар-Шымбұлақ және Медеу аймақтары климаттық өзгерістер салдарынан қысқы туризмнің қысқаруы мен қар жамылғысының азаюы сияқты қиындықтарға тап болды[10]. Бұл табиғи өзгерістер туризмнің экономикалық кірістеріне қауіп төндіреді. Нақтырақ айтқанда, бұл қысқы спорт түрлерімен айналысатын туристер үшін қолайсыз жағдай туғызып, олардың қызығушылығын азайтады. Туризмнің қысқаруы жергілікті экономиканы дамытуға қажетті инвестицияларды тартуды қиындатады. Егер туристік бизнес өтімділігін жоғалтса, жаңа инвестициялар мен жобалар іске асырылмауы мүмкін, бұл ұзақ мерзімді экономикалық өсуді баяулатады. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстандағы су тапшылығы ауыл шаруашылығы өнімділігін төмендетуде. 2019 жылы Оңтүстік Қазақстанда 300 мың гектардан астам егіс алқабы су тапшылығынан зардап шегіп, нәтижесінде өнімнің жалпы көлемі 15%-ға төмендеді[9]. Бұл дақылдарының өсірілуі үшін қажетті су ресурстарының тапшылығы ауыл шаруашылығының экономикалық көрсеткіштерін нашарлатып, егіс алқаптарын қысқартқанын көрсетеді. Климаттың өзгеруіне қарсы Қазақстан үкіметі бірнеше маңызды шараларды қабылдап, Париж келісіміне қосылған болатын. Оның аясында 2030 жылға дейін парниктік газдардың шығарындыларын 15%-ға қысқарту мақсаттары қойылды[5]. Сонымен қатар, «Жасыл экономикаға» көшу аясында елде жаңартылатын энергия көздерін дамыту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. 2021 жылы Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерінен өндірілген электр энергиясының үлесі 3%-ды құрады[8]. Үкімет сондай-ақ, «Су ресурстарын басқару» бағдарламасын қабылдап, суармалы жерлерді қалпына келтіруге және су ресурстарын үнемді пайдалану мақсатында инновациялық технологияларды енгізуге көңіл бөлуде. Осы бағдарламаның аясында суару жүйелерін автоматтандыру, тамшылатып суару сияқты технологиялар кеңінен қолданылмақ[9]. Бұл статистикалық нәтижелер мақсатты көрсеткіштерге сәйкес келеді, алайда, бұл шаралар климаттың өзгеруіне төтеп беру үшін әлі де жеткіліксіз деңгейде. Өзге елдермен

салыстырсақ, Оңтүстік Корея 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге бағытталған озық технологияларының, заманауи инфрақұрылымының және белсенді экологиялық саясатының арқасында Қазақстанға қарағанда климаттың өзгеруіне қарсы күреске жақсы дайындалған[13]. Қазақстанның табиғи ресурстарға тәуелділігі және көміртегі шығарындыларына негізделген экономикадан баяу ауысуы оның климаттың өзгеруіне төзімділігіне кедергі келтіреді. Екі ел де климатқа-Қазақстандағы шөлейттенуге және судың жетіспеушілігіне және Оңтүстік Кореядағы теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты айтарлықтай қиындықтарға тап болғанымен, Оңтүстік Корея климаттың өзгеруімен тиімді күресу қабілетін көрсетеді. Қорытындылай келе, жаһандық жылындан төнген және төнуі мүмкін қатерге қарсы тұра алу үшін елімізге іске асырылып отырған жобалармен қоса су ресурстары мен ауыл шаруашылығының бейімделу қабілетін арттыру бағытында қосымша реформалар қажет. Курстық жұмысты әрі қарай зерттеу мақсатында мәліметтерді жинақтау үшін социологиялық зерттеу әдісі-сауалнама және сұхбат қолданылды. Бұл әдістер зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен деректердің әртүрлілігін қамтамасыз етіп, қатысушылардың аталған мәселеге деген көзқарасын білу мақсатында таңдалды.

Нәтижелер. Сандық деректер жинау үшін зерттеуде қолданылған бірінші әдіс-сауалнама «Microsoft Forms» платформасы арқылы онлайн түрде өткізілді. Онлайн сауалнама 13 сұрақты қамтып(тек біреуі ашық сұрақ), оларға толық 40 адам жауап берді. Сұрақтардың 12-ісі сандық, 1-еуі сапалық жауаптарға негізделген. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 80%-ы Оңтүстік аймақта тұратынын көрсетті. Жас шамасы бойынша ең көп жауап бергендер 35-44 жас аралығындағы адамдар (37,5%). Климаттың өзгеруіне қатысты респонденттердің 57,5%-ы кейбір өзгерістер бар деп санайды. Аймақтағы жауын-шашын мөлшерінің өзгеруіне келсек, 60%-ы оның азайғанын атап өткен. Климаттың жергілікті экожүйелер мен биоәртүрлілікке әсерін 47,5% аз ғана әсер деп бағалаған. Қазақстанның ауыл шаруашылығына әсері туралы пікірлерде 55% өнімділіктің төмендеуін атап өткен. Энергетика секторында климаттық өзгерістерге байланысты 51,3% жергілікті энергетикалық ресурстардың тапшылығы қиындық тудырып отырғанын айтқан. Туризм саласына әсері бойынша 55% экологиялық жағдайдың нашарлауын атап өткен. Өз аймағында климаттың өзгеруінен туындаған қиындықтар ретінде 52,5% ауа райының тұрақсыздығын және ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуін көрсеткен. Қазақстан үкіметінің климаттың өзгеруімен күрес шараларын 53,8% иә, бірақ жетілдіру керек деп бағалаған. Елде қабылданып жатқан шаралар ішінде 50% ғылыми зерттеулер мен инновациялар жүргізілуде деп санайды. Жеке деңгейде климаттық өзгерістермен күреске 55% қоқыс тастамау, энергия үнемдеу сияқты іс-әрекеттер арқылы қатысады. Қазақстанда климаттық өзгерістермен күресу үшін қабылдануы тиіс шаралар ретінде респонденттер экологиялық бағдарламаларды күшейту, қоқыс тастауға қатысты заң қабылдап, жаза қолдану, жасыл технологияларды енгізу және халықтың хабардарлығын арттыру қажеттігін атап өткен. Зерттеу нәтижелерін талдау аясында SOAR-анализ жүргізілді. Күшті жақтар ретінде Қазақстанның 2030 жылға қарай парниктік

газдар шығарындыларын 15%-ға қысқартуға міндеттеніп, Париж келісіміне қосылуы, суды пайдалану тиімділігін арттыру үшін суару жүйелерін автоматтандыру және тамшылатып суару сияқты бағдарламалардың енгізілуі, сондай-ақ "жасыл" экономикаға көшу және суармалы жерлерді қалпына келтіру сияқты стратегиялардың одан әрі әрекет етуге негіз болуы атап өтілді. Мақсаттар ретінде климаттың өзгеруіне байланысты мәселелерді шешу арқылы тұрақты аймақтық дамуға қол жеткізу, климаттың өзгеруіне бейімделу үшін мемлекеттік саясатты нығайту, экологиялық тұрақты әдістерді енгізу бойынша қауымдастықтардың мүмкіндіктерін кеңейту белгіленді. Мүмкіндіктер қатарында белгілі бір аймақтар үшін климаттың өзгеруіне бейімделудің жеке стратегияларын жасауға ықпал ету, жаңартылатын энергия көздеріне инвестицияларды және суды басқарудың озық технологияларын ынталандыру, жұртшылықтың хабардарлығын арттыру және климатқа төзімділік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері қарастырылды. Қорытындыда жаңартылатын энергия бастамалары мен климаттық саясат сияқты үкіметтік шаралар перспективалы болғанымен, тұрақтылықты арттыру үшін қосымша шаралар қажет екені айтылды. Бұл мәселелерді шешу аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып стратегияларды әзірлеуді, халықтың хабардарлығын арттыруды, тәуекелдерді азайту және тұрақты дамуға ықпал ету үшін тиімдірек экологиялық саясатты жүргізуді талап етеді. GAP-анализ нәтижесінде негізгі мәселелер, мақсаттар және оларды шешу үшін қажетті бастамалар анықталды. Жаһандық жылыну қатері жайлы халық хабардарлығын арттыру мақсатында экологиялық ағарту және ақпараттық-насихаттау жұмыстарының жалпыұлттық бағдарламаларын жүргізу, мектеп бағдарламаларына климаттың өзгеруі және экологиялық білім беру мәселелерін қосу ұсынылды. Үкімет қабылдап жатқан шаралар тиімділігін арттыру үшін климат мәселелері бойынша Үкіметтің іс-қимылын және халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажет, ол үшін қатаң экологиялық нормалар мен шығарындылар шектеулерін сақтау, технологиялық және қаржылық қолдау алу үшін жаһандық климаттық келісімдер мен серіктестіктерге қатысу шаралары ұсынылды. Ауа-райының өзгеруіне байланысты ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуін болдырмау мақсатында ауыл шаруашылығы және энергетика сияқты экономиканың негізгі секторларының тұрақтылығын арттыру қажет, бұл үшін тұрақты егіншілік тәжірибесін және климатқа бейімделген дақылдарды өсіруді насихаттау, ауа-райының қолайсыздығына төтеп бере алатын тұрақты инфрақұрылым жасау, климатқа төзімділікке мамандандырылған ауылшаруашылық ғылыми орталықтарын инвестициямен қамтамасыз ету шаралары ұсынылды.

Қорытынды. Зерттеу жұмысын жазуда мен кездестірген негізгі қиындықтардың бірі Қазақстандағы нақты өңір үшін жаһандық жылынуудың салдары туралы деректер алу болды. Жаңартылған, сенімді статистикаға шектеулі қол жетімділік деректерді жан-жақты талдауды қиындатқанымен, онлайн сауалнамалар мен сұхбаттарды қолдану менің ой-өрісімді кеңейтуге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл маған Қазақстанның жаһандық жылыну салдарын тиімді еңсеру әлеуетін жақсы түсінуге мүмкіндік берді. Бұл зерттеуді жазу маған

Қазақстанның климаттың өзгеруіне дайындығын және оның әлеуметтік-экономикалық салдарын тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді. Мен оның ауыл шаруашылығы, энергетика және туризм сияқты нақты секторларға қалай әсер ететіні және жаңартылатын энергия мен суды басқару стратегиялары мәселені қалай жеңілдететіні туралы түсінік алдым. Сонымен қатар, мен климаттың өзгеруіне қарсы күресте жеке және ұжымдық іс-қимылдардың маңыздылығы туралы және Қазақстанның саясаты экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі жаһандық күш-жігерге қалай сәйкес келетіні туралы білдім. Бұл тақырып Қазақстан үшін маңызды, өйткені климаттың өзгеруі оның экономикасына, экожүйелері мен адамдарына тікелей қауіп төндіреді. Мен аталған мәселе жайлы хабардарлықты арттыруды, таяу болашақта тұрақты дамуды қамтамасыз ете отырып, Қазақстанға жаһандық жылынудың жағымсыз салдарын жеңілдетуге көмектесетін шаралар мен практикалық қадамдарды ұсынуды көздедім. ҚР үкіметіне ұсыныстар ретінде күн және жел энергиясы сияқты жаңартылатын энергия көздеріне инвестицияларды көбейту, климаттың өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау туралы халықты ақпараттандыру науқандарын кеңейту, барлық өңірлерде қалдықтарды басқару және қайта өңдеу жөніндегі бағдарламаларды енгізу, табиғи апаттарға дайындықты және су ресурстарын басқаруды қамтамасыз етуде жергілікті және аймақтық органдарға қолдау көрсету, сондай-ақ климаттың өзгеруіне бейімделу стратегияларын әзірлеуде халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажет. Бұл ұсыныстар орнықты дамуға жәрдемдесу, экономикалық шығындарды қысқарту және жұртшылықтың хабардарлығын арттыру есебінен Қазақстанның климаттың өзгеруіне төзімділігін арттырып, табиғи ресурстарды қорғауға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жаңартылатын энергия көздерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде елдің жасыл және тұрақты болашағына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. “Global warming 101”(NRDC,2021) // <https://www.nrdc.org/stories/global-warming-101-warming>
2. Дүниежүзілік банк(World Bank) // <https://www.worldbank.org>
3. “Жаһандық жылыну”(2024,6 маусым) // <https://shorturl.at/wJy4m>
4. “Қазгидромет” // <https://www.kazhydromet.kz/>
5. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі // <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecology>
6. БҰҰ-ның Климат өзгерістері бойынша үкіметаралық сарапшылар тобы(IPCC) // [Reports — IPCC](https://www.ipcc.ch/reports/)
7. БҰҰДБ(2024,5 шілде) // <https://www.undp.org/kazakhstan/press-releases/undp-launches-project-integrate-climate-adaptation-strategic-planning-kazakhstan>
8. Қазақстанның энергетика министрлігі(2022) // <https://www.gov.kz/memleket/entities/energy>
9. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі(2021) // <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa?lang=kk>

10. Шымбұлақтағы жаз. Қар мен шаңғысыз да көңілді курорт(2022,21 маусым) // <https://malim.kz/article/sports/symbulaqtagy-zaz-qar-men-sangysyz-da-konildi-kurort-18263>

11. “Monitoring climate change, drought conditions and wheat production in Eurasia: the case study of Kazakhstan”(2022,қаңтар) // [https://www.cell.com/heliyon/fulltext/S2405-8440\(21\)02763-8](https://www.cell.com/heliyon/fulltext/S2405-8440(21)02763-8)

12. “Climate change and agricultural trade in Central Asia: evidence from Kazakhstan”(2020,маусым) <https://spj.science.org/doi/full/10.1080/20964129.2020.1766380>

13. "South Korea targets carbon neutrality by 2050"(2020,28 қазан) // [https://www.europarl.europa.eu/thinktank/en/document/EPRS_BRI\(2021\)690693](https://www.europarl.europa.eu/thinktank/en/document/EPRS_BRI(2021)690693)

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ КӨШУ: ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНА ЫҚПАЛЫ

Бауыржанқызы А.Ә., Сүлейменова Г.М.

*¹Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
12 сынып оқушысы*

*² Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі
(Шымкент, Қазақстан)*

Аннотация. Бұл жұмыс Шымкент қаласының денсаулық сақтау саласындағы цифрландыру жүйесіне көшу процесінің әсерін қарастыруға бағытталған. Цифрландыру денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту және медициналық қызметтерді жақсарту мақсатында маңызды қадам болып табылады. Медициналық сақтандыру жүйесінің ашықтығын арттыру, халықтың цифрландыру сауаттылығын көтеру және жыл сайын жүйедегі өзгерістер мен кемшіліктерді талдау сияқты ұсыныстар жасалды. Шымкент қаласындағы денсаулық сақтау саласындағы цифрландырудың артықшылықтары мен кемшіліктері талданып, осы бағыттағы жетістіктер мен проблемалар анықталды. Сонымен қатар, цифрлық жүйенің елдегі медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартуға қалай әсер ететіндігі туралы нақты талдаулар мен ұсыныстар келтірілген.

Кілт сөздер : Денсаулық сақтау саласы, цифрландыру, медициналық сақтандыру, электрондық үкімет, мобильді қосымшалар, денсаулық сақтау жүйесі, қызмет көрсету сапасы, цифрлық сауаттылық, жүйелік кемшіліктер, бюрократия, медициналық қызметкерлер, медицинадағы инновациялар, ауылдық аймақтар, қашықтан медициналық көмек, технологиялар мен ИТ мамандары, пандемия әсері, халықтың медициналық сауаттылығы.

Annotation. This work is aimed at examining the impact of the transition to a digital system in the healthcare sector of Shymkent city. Digitalization is an important step towards modernizing the healthcare system and improving medical services. Recommendations were made to increase the transparency of the medical insurance system, enhance the population's digital literacy, and analyze changes and shortcomings in the system annually. The advantages and disadvantages of digitalization in Shymkent's healthcare sector were analyzed, highlighting both achievements and challenges in this area. Additionally, specific analyses and recommendations are provided on how the digital system impacts the improvement of the quality of medical services in the country.

Keywords : Healthcare sector, digitalization, medical insurance, e-government, mobile applications, healthcare system, service quality, digital literacy, systemic deficiencies, bureaucracy, healthcare professionals, innovations in medicine, rural areas, telemedicine, technologies and IT specialists, pandemic impact, public health literacy.

Кіріспе. Қоғамның іргелі дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуші денсаулық сақтау саласы әрқашан заманға сай өзгеріп отырған. Денсаулық сақтау мемлекеттің адами капиталын және жұмыс күш тиімділігін айқындағандықтан, халыққа ұсынушы қызметтерінің жұмысы жоғары сапалы әрі тиімді болуы қажет. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы халыққа Жолдауында: «Цифрландыру — бұл біздің денсаулық сақтау жүйемізді жаңғыртудың негізі. Барлық медициналық қызметтерді электронды форматқа көшіру арқылы халықтың денсаулығын қорғауды және медициналық қызметтерді жақсартуды қамтамасыз етеміз» — деп аса атап өткен[1]. Демек, медициналық көмек көрсетуді заман талабына сай дамыту, яғни толықтай цифрлық жүйеге көшіру қажет, бұл мәселенің өзектілігін айқындайды.

Материалдар мен әдістер. Жоғарыдағы зерттеу сұрақтарына жауап беру үшін әртүрлі мақалалар мен ғылыми жобалар қарастырылды. ҚР-сының ресми сайттарынан статистикалық ақпараттар, ал “Цифрландыру мен электрондық үкіметтің тиімді басқаруға әсері: қазақстандағы жетістіктер мен сын-қатерлер” секілді жұмыстардан цифрландырудың медицинадағы жетістіктері мен кедергілерін қорытындылауға көмектесті. Алайда, қазақша әдебиеттегі ақпараттар соңғы 3 жылда жаңартылмаған, сондықтан тек ағылшынша ақпарат қарастырылды. Қазақстан соңғы он жылда денсаулық сақтау жүйесі халықаралық стандарттарға сай болу үшін, медицинаны цифрландыруда белсенді реформалар жүргізіп отырды. Алайда денсаулық сақтау индикаторлары әртүрлі себептерге байланысты төмен деңгейде қалған. Мысалы, респираторлық инфекциялар мен туберкулез 1990 жылы 3-орыннан 2019 жылы 7-орынға төмендеді; керісінше, асқазан-ішек аурулары 1990 жылы 9-орыннан 2019 жылы 3-орынға көтерілді. Сонда еліміз көптеген ауру түрлерінің дұрыс емдеу жолымен қамтамасыз ете алмай отыр. Қазақстан Республикасында 9.000-нан астам фармацевтикалық қызмет көрсету нысандары бар. Алайда, шамамен 4.000 ауылдық елді мекендерде дәріханалар жоқ, ал барларының тек 64%-ы ғана дәрі-дәрмек сатуды медициналық-санитарлық мекемелер арқылы ұйымдастырған[2].

Яғни, елімізде сапасы күмәнді дәрі-дәрмек сатылымы жойылмаған, ал көптеген аймақтар соған да зәрі. Бастапқы медициналық көмек көрсету секторында жұмыс күшін даярлау және кеңейту жөніндегі шаралар ерекше маңызға ие, себебі елімізде 1000 тұрғынға шаққандағы жалпы тәжірибелік дәрігерлердің саны 0,28-ді құрайды, бұл ЭЫДҰ-ның елдерінің орташа көрсеткіші 0,72-ден артта қалғаны айқын[3]. Салыстырмалы түрде, Жапонияда 1000 тұрғынға шаққанда 2,5 дәрігер бар, бұл халықтың медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттырады. Жапон моделінде дәрігерлер науқастармен ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатып, денсаулықты бақылауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда дәрігерлер санының аздығы медициналық қызмет көрсету сапасына әсер етеді. Медиктердің біліктілігін арттыру, ауылдық аймақтарға тарту және еңбек жағдайларын жақсарту арқылы кадр тапшылығын азайту - еліміздің медицинасы қажет бастамалардың бірі. Яғни, еліміздің медицина секторының жұмысы жүйелеу қажет. Мысалы, 2017-2018 аралығында Қазақстанда жасалынған эксперимент нәтижесі бойынша, тіпті жалпы қанағаттанған болса да, пациенттердің 42,9%-ына дәрі-дәрмектің жанама әсерлерін жеткізбесе, 79,2%-ына отбасы мүшелеріне реабилитацияға көмектесетін қажетті ақпарат берілмеген. Жалпы қатысқан 153 адамның ұсынылған қызметтерге 56,2% өте қанағаттанып және 34,3% қанағаттанған [4]. Оған қарамастан, коммуникация мен ақпаратпен қамтамасыз еткізілмеу мәселесі елімізде аса өрбіп тұрғаны анықталды. 2020 COVID-19 әлемдік карантиннен кейін аса қарқынды дамыған медициналық қызметтердің цифрландыру, әрине, бұл секторға үлкен әсер етті. Ең алдымен, 2016 жылдан 2021 жыл аралығында денсаулық сақтауда ICT мамандары бар ұйымдардың саны 34-тен 38-ге артты [5]. Бұл денсаулық сақтау саласында технологияларға деген талаптың өскенін және олардың денсаулық сақтау жүйесінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Сонымен қатар, денсаулық сақтау қызметтерін цифрландыру үшін әртүрлі мобильді қосымшалар іске қосылған. Мысалы, ДамуМед – Қазақстандағы цифрлы денсаулық сақтау платформасы, медициналық қызметтер мен ақпараттарды қолжетімді ету үшін арналған. 2023 жылдың өзінде 3 млн 900 мың қолданушысы болып, күніне 110 мыңға жуық операциялар орындалатын программа қазақстандықтардың өмірін айтарлықтай жеңілдетті. 2023 жылғы “Денсаулық сақтау саласын цифрлық трансформациялау медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру факторы ретінде” ғылыми зерттеуінде “MedElement” секілді басқа да платформалар жалпы популяцияның компьютерлік сауаттылығының артуына ықпал еткенін байқаймыз. Мысалы, Шығыс Қазақстан тұрғындарында денсаулық сақтау саласындағы компьютерлік сауаттылық деңгейі 74,0-ден 87,9-ға дейін көтерілген[5]. Сонымен қатар, медициналық көмекті жүйелеу пациенттердің дұрыс диагностикасына және уақытында қаралуына көмектесуде. Мысалы, 2016 жылдан 2021 жылға дейін қатерлі аурулар 100 мың адамға шаққанда 366-дан 277-ге төмендеткен. Әрине, дамыған елдердің жетістіктеріне жету ұзақ уақыт қажет етеді. Алайда осы қарқынмен, болшақта елімізде денсаулық сақтау деңгейі жоғарламақ. Қазақстан БҰҰ-ның Электрондық үкіметтің дайындығы туралы есеп (E-Government Readiness Index) бойынша 2022 жылы 28-орынға ие болды. Салыстырмалы түрде, Қазақстан 2010 жылы 46-орын, ал 2008 жылы 81-орын

алған [6]. Бұл көрсеткіштер еліміздің электрондық үкіметті дамытудағы жетістіктерін және мемлекеттік қызметтерді цифрландыруға бағытталған күш-жігерін көрсетеді. Алайда цифрландыру шеше алмаған және тудырған мәселелер жоқ емес. Мысалы, 2016 жылдан 2021 жылға дейін 1000 адам басына шаққандағы өлім деңгейі 10,47-ден 12,80-ге көтерілген. Яғни, цифрландыруға қарамастан, бір жерде олақтық кеткен. Мобильді қосымшаларда жеке ақпараттың сақталуы қолданушының конфиденциалды ақпаратының тарауына әсер етуі мүмкін. Мысалы, Павлодарда осындай медициналық алаяқтықтық нәтижесінде бірнеше азаматтар атынан кредит алынған. Глобалдық пандемия Қазақстан азаматтарын цифрлы ортаға жаппай көшуге мәжбүр етті. "Мәжбүрлі цифрландыру" процесі еліміздегі электронды коммуникациялар дамуының кемшіліктерін айқын көрсетті. Интернет желілерінің және технологиялардың барлық жерде таралмауы - ыңғайлы медициналық қызметтерінің таралу теңсіздігін айқындауда. Ауыл тұрғындарына дәрі-дәрмек жетімділігі қала тұрғындарына қарағанда 30% төмен болды [2]. Бұл алшақ аймақтарға медициналық көмекпен қамтамасыз етудің әлі де әлсіз екенін көрсетіп, әрі қарай дамытуды талап ететінін айқындауда. Цифрлы жүйеге өткеннен кейін медициналық сақтандыру қызметтерінің мәселелері шешілу процесінде бірқатар жетістіктер мен тиімділіктер байқалады. Онлайн қызметтердің дамуы пациенттерге медициналық сақтандыру қызметтерін қолжетімді түрде алу мүмкіндігін берді. Қазақстанда IT саласының эксплозивті дамуы медициналық сақтандыру жүйесін автоматтандыруға ықпал етіп, жергілікті басқару мен азаматтық қоғам арасында ашықтықтың артуы тиімді коммуникация орнатуға көмектеседі. Цифрлы маркетингтің дамуы медициналық сақтандыру қызметтеріндегі ақпаратпен қамтуды арттыруда. Аудандық қаржыландыруды бастапқы медициналық қызметтерді (БМК) теңестіру Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін дамытуда маңызды қадам болып табылады. Тарифті 180 теңгеден 486 теңгеге дейін арттыру, әсіресе ауылдық жерлерде медициналық қызметтерді қаржыландыруды жақсартуға бағытталған. Дәрігерлер санының 30%-ға артуы медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік берді, бұл халықтың денсаулығын бақылау мен емдеу шараларын жүзеге асыруда. Нәтижесінде, дәрігерлер саны 30%-ға артты, ал психологтар мен қосымша медбикелер сияқты жаңа медициналық қызметкерлердің лауазымдары енгізілді. Ауылдық жерлерде 49 мобильді медициналық кешеннің жұмыс істеуі денсаулық сақтау қызметтерін ауыл тұрғындарына жеткізуде үлкен рөл атқарады, бұл кешендер 871,000 адамға қызмет көрсетіп, медициналық көмекке қол жеткізуді жеңілдетеді. Осыдан түйіндейтін болсақ, жоғарыда тізбектелген мәселелер қарқынды цифрландырудан соң шешімін тауып жатқаны айқын. Әрине, бұл мәселелердің толықтай жоюлуына уақыт қажет, алайда олардың тиімділіктерінде күмән жоқ.

Нәтижелер. Әлеуметтік сауалнама нәтижесінде сандық және сапалық мәліметтер алынды. Төмендегі Кесте-1 де сауалнамадағы сұрақтар және жиі берілген жауаптар көрсетілген. Сұрақтардың 8-і сандық, ал 5-еуі с апалық жауаптарға негізделген.

№	Сауалнама сұрағы	Жиі кездесетін жауап
---	------------------	----------------------

1	Жас аралығыңызды таңдаңыз	40-тан жоғары (52.27%)
2	Жынысыңызды таңдаңыз	Әйел (65.91%)
3	Сіз медицина саласының қызметкерісіз бе	Жоқ (70.45 %)
4	Қазақстан медициналық қызметтерін цифрландырудан қаншалықты хабардарсыз?	Қанағаттандыратарлық(52.27%)
5	Қазақстан медициналық қызметтерін цифрлануын қалай бағалайсыз?	Қанағаттандыратарлық (54.55%)
6	Қарқынды цифрландыруға дейінгі сіз кездестірген мәселелерді таңдаңыз	Поликлиника секторларын дамыту процесстеріндегі жүйесіздік (24.32 %)
7	Жоғарыдағыдан басқа қандай мәселелер болды?	<ul style="list-style-type: none"> • Көмекке жүгіну ұзақ әрі ыңғайсыз • Көпсанатты жазылу процесісі
8	Қазір, цифрландыру арқылы, осы мәселелер қаншалықты шешілді?	Қанағаттандыратарлық(52.27 %)
9	Өмірден мысал келтіріңіз	Цифрландыруға дейін емханаға кезекке тұру ұзақ уақыт алатын. Ал қазір онлайн кезекке тұрып, дәрігерге жылдам жазылуға мүмкіндік бар.
10	Мед.көмектің цифрландырылуының жетістіктері кемшіліктерінен көп	50/50 (59.09%)
11	Бұл секторды цифрландырудың жетістігі қандай?	<ul style="list-style-type: none"> • Тез әрі қолжетімді тіркелу • Бюрократия азайды • Диагнозды ерте білу
12	Бұл секторды цифрландырудың кемшілігі қандай?	<ul style="list-style-type: none"> • База толық жетілдірілмеген • Сапасыз қызмет
13	Цифрландыру шеше алмаған мәселелерді сіз қалай шешер едіңіз?	<ul style="list-style-type: none"> • Дамыған елдермен тәжірибе алмасу • Білім сапасын арттыру

кесте 1. Сауалнама нәтижелерінің қорытындысы

Зерттеу қорытындыларына сәйкес жасалған зерттеу міндеттерінің нәтижелері:

1. Халықтың қажетті білім мен шынайы тәжірибелері бар. Алайда ақпарат жетіспеушілігі секілді мәселелер цифрландыруды жоғары дейгейде білуге кедергі келтіріп жатқаны анық. Яғни халық санасының біліктілігін арттыратын шаралар қолданылуы қажет;

2. Халық цифрландырумен жалпы қанағаттанған, яғни соңғы жылдары денсаулық сақтау жүйесінде көрінетін прогресс бар, сондықтан жүйені әрі қарай жетілдіру қажет;

3. Мәселелер шешімін тапты делінгенімен, халықтың көңіл толу деңгейінің төмен болуы, шешілмеген мәселердің басымдығын көрсетеді. Халық ойымен бірлесе жұмыс жасайтын программалар ойластыру қажет;

4. Жеке мысал келтіруде оң және теріс тәжірибелер кездескен, яғни цифрландырудың емделуші тұрғысынан кемшіліктері бар. Пациенттердің ұсыныстарына қарай жүйені жақсарту қажет.

Д. Зерттеу нәтижелерін талдау

GAP-анализі

Алшақтық/ Мәселе	Мақсат	Инициатива
Халық арасында медициналық қызметтердің цифрландыруы жайлы төмен білім деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> • Жалпы цифрлы сауаттылықты көтеру; • Халықты заман ағымына сай технологияларға бейімдендіру; • Негізсіз сынды жою. 	<ul style="list-style-type: none"> • Цифрландырудың негіздерін түсіндіретін семинарлар, конференциялар жүргізу және жеңіл әрі түсінікті, ресми нұсқаулықтар тарату; • Мектеп оқушылары мен ата-аналарға цифрландыру жайлы міндетті дисциплиналар жүргізу.
Жүйе кемшіліктері	<ul style="list-style-type: none"> • Цифрландырудың олақтықтарын жою; • Қызметтердің цифрлы жүйеленуінің оң әсерін арттыру; 	<ul style="list-style-type: none"> • Кемшіліктермен жұмыс жасайтан ІТ командалар құру; • “Халық үніне құлақ асатын мемлекет” секілді программалар арқылы мәселелерді анықтап, жұмыла шешім шығару.
Цифрлы бюрократия	<ul style="list-style-type: none"> • Дәрігерлердің басты назарын науқастарға бұру арқылы денсаулық деңгейін жақсарту; • Жалпы қағазбастылықты жою. 	<ul style="list-style-type: none"> • Цифрлы құжат толтыруда қажетсіз, артық ақпаратты сұрамау; • Дәрігерлерден сұралатын құжат толтыру процедураларын жеңілдету; • Алдыңғы ақпаратқа негізделіп процесстерді автоматтандыратын программалар жасау.

кесте-2

SOAR-анализі

Күшті жақтар (S)	Мақсаттар (A)
<ul style="list-style-type: none"> • Қолжетімді цифрлы құжаттама пациенттердің диагностика және емделуді жеңілдетуі; • Пациенттің өз денсаулығы мен сақтандыруда қатысушылығының аруты; • Жалпы цифрлы сауаттылықтың артуы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Халық денсаулық сақтау деңгейін жоғарлату; • Цифрландыруды бүкіл аймақтарда дамыту; • Сапалы әрі қолжетімді медициналық қызмет көрсету.
Мүмкіндіктер (O)	Қорытынды (R)
<ul style="list-style-type: none"> • Ортақ электрондық медициналық карталар базасын енгізу және оытайландыру мүмкіндігі; • Медициналық ұйым, дәрігерлер біліктілігі мен тәжірибесі жайлы біле алу; • Денсаулық сақтау статистикасын автоматты, нақты түрде жасау және анализдеу. 	<p>Әлі де даму үстіндегі медицинадағы цифрландыру жүйесінің артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Сол кемшіліктерді тауып, жою арқылы біз оның толық әлеуетін қолданып дені сау халық өсіре аламыз.</p>

кесте-3

Қорытынды. Зерттеу жұмысы барысында бірнеше кедергілер кездесті. 21-ғасырдағы маңызды мәселелердің бірі болғандықтан, қарастыратын ақпарат өте ауқымды болды. Көптеген әлемдік және қазақстандық ғылыми жобалардан қажетті ақпаратты синтездеу ұзақ уақытты қажет етті. Сонымен қатар, теориялық ақпарат пен сауалнама нәтижелерінің кейде қарама-қарсы болуы, зерттелінген ақпаратты негізді интерпретациялауға кедергі болды. Алайда, кей мәселелерге қарамастан, зерттеу барасы мені көптеген жаңа білім мен тәжірибеге үйретті. Цифрландыру туралы жаңа ақпарат жинап қана қоймай, халық арасындағы наразылықтар себебін жан-жақты түйіндей білдім. Мектеп қабырғасында алған білімім мен бұрынғы ғылыми жобалар жазу тәжірибесі зерттеу жұмысын жазуды оңтайландырыды. Құрылымын, сұрақтар болмысын сақтау және дұрыс анализдеуде GPPW секілді сабақтардағы зерттеу жобаларынан алынған тәжірибе нұсқаушы болды. Таңдалған мәселе әрдайым өзекті болғанымен, біздің елемізде 2020 жылғы пандемия кезіндегі тездету шараларынан соң ғана халық назарына аса түсті. Цифрландыру медицина саласын қызмет көрсету жүйесін тез, түбегейлі өзгертуі алғаш кері жауапқа себеп болды. Алайда, уақыт өте келе оның артықшылықтары айқындалды. Екі жақты ойлар әлі де көп болғандықтан, соларды біржақты қылуды мақсат

еттім. Халыққа түсінікті, ана тілде жазылған цифрландыру туралы ақпарат аз, сондықтан аудиторияға жан-жақты анализды жеткізуге тырыстым. Бұл жұмыс тек мектептік деңгейде емес, республикалық деңгейде жасөспірім мен ересектерге қызық әрі танымды болды деп сенемін. Орындалған зерттеу жұмысы өз міндеттерін орындап, қойылған сұрақтарға жауап берді. Көтерілген мәселелер мен берілген ұсыныстар, еліміздің медициналық цифрландыру бейнесін шынайы аша алды деп ойлаймын. Қазіргі прогрессті жеделдетіп, одан сайын дамыту мақсатында жан-жақты қамтылған қадамдар жасау қажет. Зерттеу нәтижесінде қажетті бағыттар анықталып, өз бастауларын алуда. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты ақпараттың ашықтығын арттырып, оны халыққа кеңінен тарату ұсынылады. Сонымен қатар, халықтың цифрландыру туралы сауаттылығын арттыру үшін арнайы бағдарламалар ұйымдастыру қажет. Әр жыл сайын жүйедегі өзгерістер мен кемшіліктерге талдау жасап, нәтижелерді халықпен ашық форматта бөлісу керек. Медицинаны цифрландыруды стратегиялық жоспарлау арқылы кезең-кезеңімен іске асыру және өткен қателіктерді ескере отырып, медициналық қызметтерді жетілдіру қажет. Сонымен қатар, квалификацияланған мамандарды даярлау және шетелдік тәжірибелерді енгізу арқылы біліктілікті арттыру, сондай-ақ ауылды аймақтар мен қалаларда цифрландыруды тең дәрежеде дамыту үшін барлық аймақтарды интернетпен қамтамасыз ету маңызды. Берілген ұсыныстар цифрландыру жайлы ашық, толық қамтылған ақпарат беру арқылы жалпы халық сауатын арттырып, негізсіз критиканы жоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, еліміздің медицина саласының әлемдік деңгейде бәсекелестілікке ие болуына көмектеспек.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2023 , қыркүйек 1)
<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikal-yk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
2. A. Turgambayeva , Z.Imanova , A.Tulegenova. Rural Healthcare in Kazakhstan: Problems and Trends(2021)
3. OECD. Health System Reviews: Kazakhstan (2018)
4. Ilya Seleznev, Raushan Alibekova, Alessandra Clementi. Patient satisfaction in Kazakhstan: Looking through the prism of patient healthcare experience (2020)
5. Zh.S. Abdrakhmanova¹, E.S. Nurekenova*², A.T. Karipova³, N.A. Kosarev. Digital transformation of the healthcare sector as a factor in improving the quality of medical services (2023)
6. G.R. Sheryazdanova. “Impact of digitalization and e-government on good governance: achievements and challenges in Kazakhstan”(2024)
7. Aida Omir et al., Measuring Healthcare Efficiency in Kazakhstan: An Application of Data Envelopment Analysis(2024).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР

Мүтәліп Ш.Н.¹, Сүлейменова Г.М.²

¹Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
12 сынып оқушысы,

E-mail: sherhan.mutalip@gmail.com

²Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің
тарих пәні мұғалімі,

(Шымкент, Қазақстан)

E-mail: suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

Аннотация. Қазақстан халықаралық стандарттарға сәйкес келуге бағытталған "Қазақстан-2050" стратегиясы аясында өзінің жоғары білім беру жүйесін жаңғыртуға басымдық береді. Жоғары білім беруді дамытудың 2029 жылға дейінгі Тұжырымдамасы жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған.

Зерттеу академиялық бағдарламалар мен оқытушылардың біліктілігіндегі прогресті анықтады, бірақ аймақтық қолжетімділік пен цифрлық инфрақұрылым саласындағы мәселелерді атап өтті. Үздік халықаралық тәжірибелер аккредиттеуді нығайтуға, академиялық ұтқырлықты арттыруға және ғылыми зерттеулерге инвестицияларды арттыруға баса назар аударады.

Негізгі ұсыныстарға зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайту, цифрлық ресурстарды кеңейту және сапаны қамтамасыз етуді жақсарту кіреді. Бұл қадамдар Қазақстанның әлемдік білім беру ландшафтына интеграциялануына және жоғары білім сапасын арттыруға көмектеседі.

Кілт сөздер: Жоғары Оқу Орындары, Халықаралық стандарттар, Білім беру сапасы, QS World University Rankings, Болон процесі, Аккредитация, Оқу бағдарламалары, Мұғалімдердің біліктілігі, Жоғары білім реформалары, Академиялық ынтымақтастық.

Annotatoin. Kazakhstan prioritizes modernizing its higher education system as part of the "Kazakhstan-2050" strategy, aiming to align with international standards. The Higher Education Development Concept until 2029 focuses on improving global competitiveness.

The study found progress in academic programs and faculty qualifications but highlighted challenges in regional access and digital infrastructure. International best practices emphasize strengthening accreditation, fostering academic mobility, and increasing research investment.

Key recommendations include boosting research funding, expanding digital resources, and improving quality assurance. These steps will help Kazakhstan integrate into the global educational landscape and enhance higher education quality.

Keywords: universities in the Republic of Kazakhstan, International Standards, Quality of Education, QS World University Rankings, Bologna Process, accreditation, research methods, regional universities, curricula, teacher qualifications, financing,

innovative methods, research activities, international mobility, digital resources, Foresight approach, Strategic Plan, higher education reforms, survey results, Foreign partnership, Bolashak program, innovative teaching methods, Kazakhstan universities, Ministry of Education and science, academic cooperation.

Кіріспе: Қазақстандағы жоғары оқу орындарының халықаралық стандарттарға сәйкестігі соңғы жылдары елеулі түрде жақсарды. 2023 жылғы QS World University Rankings дерегінше, 16 қазақстандық университет әлемдік рейтингке еніп, оның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті алғашқы 150 университетінің қатарына енді, ал Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 277-орында^{[1][2]}. Бұл - қазақстандық білім беру жүйесінің жаһандық деңгейде мойындалуының айғағы. Сонымен қатар, елімізде жоғары білімді дамытуға бағытталған 2023–2029 жылдарға арналған жаңа концепция қабылданды. Оның шеңберінде білім беру бағдарламаларын халықаралық талаптарға сәйкестендіру және ғылыми-зерттеу қызметтерін дамыту басымдыққа ие^[3]. Бұл шаралар қазақстандық ЖОО-лардың әлемдік білім беру кеңістігіне белсене кірігуіне ықпал етеді. Дегенмен, жекеменшік оқу орындарындағы студенттер санының азаюы мен кейбір шетелдік университет филиалдарының төмен көрсеткіштері де баршылық^[4]. Зерттеу гипотезасы бойынша егер қазақстандық жоғары оқу орындары халықаралық стандарттарға сай оқу бағдарламаларын жетілдірсе, онда білім сапасы өсіп, түлектердің бәсекеге қабілеттілігі арта түседі. Бұл жұмыста алынған нәтижелер мен қорытындылар ғылыми ортада пайдалы ақпарат береді және болашақ зерттеулерге арқау болмақ.

Негізгі бөлім

Халықаралық стандарттар жаһандық деңгейде білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді. Негізгі талаптар: Болон процесі мен Еуропалық Жоғары Білім Беру Аймағы (ЕНЕА) аясында дипломдық құрылымдарды үйлестіру және студенттердің ұтқырлығын қамтамасыз ету, халықаралық аккредитация арқылы білім беру бағдарламаларының тәуелсіз бағалануы, оқу бағдарламаларының нақты кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталуы, ішкі және сыртқы мониторинг арқылы үздіксіз жетілдіру, студенттер мен оқытушылардың халықаралық ұтқырлығын дамыту, ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастырып, халықаралық журналдарда жариялануға ынталандыру.

Қазақстан жоғары білім беруді интернационалдандыру бағытында бірқатар қадамдар жасады: 2010 жылы Болон процесіне қосылып, ECTS жүйесін енгізді; оқу бағдарламалары сыни ойлау, жобалық жұмыс және тәжірибелік дағдыларды дамытуға бейімделді; көптеген ЖОО-лар ACQUIN, EQAR сынды беделді агенттіктерден аккредитациядан өтті; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Назарбаев Университеті QS World University Rankings-те жоғары орындарға көтерілді; мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары іске қосылып, ағылшын тілінде сабақ беретін мамандар даярлануда.


Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін негізгі міндеттер: оқытушылардың кәсіби даму бағдарламаларын кеңейту, заманауи зертханалар мен цифрлық ресурстарға инвестиция салу, халықаралық ғылыми жобаларға

қатысуды арттыру, Болон процесі талаптарын орындау, мұғалімдердің жалақысын бәсекеге қабілетті деңгейге көтеру, "Болашақ" стипендиялық бағдарламасы арқылы шетелдік білім алуды қолдау.

Халықаралық стандарттарға сәйкестікті арттыру үшін Қазақстан мынандай стратегияларды жүзеге асыруы керек: академиялық бағдарламаларды жаңарту арқылы халықаралық деңгейде дипломдарды тануды жеңілдету, Еуропалық Жоғары Білім Беру Сапасын Қамтамасыз ету Қауымдастығы (ENQA) сияқты беделді агенттіктерден аккредитация алу, оқытушылардың біліктілігін арттырып, ғылыми зерттеулерге қатысуды ынталандыру, шетелдік университеттермен бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру және жарияланымдық белсенділікті қолдау.

Бұл шараларды жүзеге асыру үшін Білім және Ғылым министрлігі, халықаралық ұйымдар (ЮНЕСКО, Дүниежүзілік банк) және жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықты нығайту қажет. Осы стратегияларды іске асыру арқылы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мүмкін болады.

Зерттеу барысында adilet.zan.kz және enic-kazakhstan.edu.kz ресми сайттарынан алынған заңнамалық және статистикалық мәліметтер қолданылды. Сауалнама әдісі Microsoft Forms арқылы жүргізілді, оған 47 адам қатысты. Сұрақтар жоғары білім беру сапасы, халықаралық стандарттармен сәйкестік және аймақтық қолжетімділік тақырыптарын қамтыды. Сауалнама 8 сұрақтан тұрды: 6 жабық және 2 ашық сұрақ. Бұл зерттеу сенімді және ресми дереккөздерге сүйене отырып, жоғары білім беруді дамыту бойынша нақты ұсыныстар жасауға негіз болды.



Сурет – 1

Сауалнамаға қатысушылар әртүрлі жас аралықтарын қамтыды. Атап айтатын болсақ, сауалнамадан өтушілердің басым бөлімі(42.5%) 16-20 жас аралағындағы жастар құрады. Нәтиженің 26%-ын 21-30 жас аралығындағы

азаматтар құраса, 17.3% - ын 31-40 жас аралығындағы егде жастағы кісілер құрайды. Қалған 14.2% - ын 40 жастан асқан кісілер құрайды.



Сурет – 2

Сауалнаманың екінші сұрағы қатысушылардың Қазақстандағы жоғары білім беру сапасының соңғы жылдарда жақсарғандығын не өзгеріссіз қалғандығын анықтауға арналған. Нәтиже бойынша қатысушылардың 47% -ы жоғары білім беруде оң өзгерістер бар, бірақ кейбір мәселелер әлі толық шешілген жоқ деп санаса, 42%-ы білім беру жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады деген көзқарасты ұстанады. Ал қалған 11% қатысушылар ешқандай өзгерісті баймаған.



Сурет – 3

Бұл сұрақ респонденттердің Қазақстандағы жоғарғы білімінің қазіргі халықаралық стандарттармен салыстыра отырып, екеуінің сәйкестігін қалай бағалайтындығын анықтауға арналған. Жауап берушілердің 40%-ы сәйкестігін растаса, 10%-ы қарсы пікірде. Ал 50% қатысушы өзгерістер бар екендігін, бірақ әлі де жетілдірулердің қажет екендігін атап өтті.




Сурет – 4

Зерттеудің төртінші сұрағы қатысушылардың аймақтық университеттерде халықаралық стандарттарға сай білімнің қолжетімділігіне қатысты пікірін білуге арналған. 30 респондент өзгеріссіз қалды деп ойласа, 12 респондент жағдайдың сәл де болсын жақсарғанын атап өтті. Тек 5 қатысушы ғана айтарлықтай жақсарды деп өз ойын білдірді.



Сурет – 5

Бұл сұрақ қатысушылардың пікірі бойынша, жоғары білім беру саласындағы өзекті мәселелерді анықтауға арналған. Респонденттердің 35%-ы заманауи оқу бағдарламасының болмауын айтса, 25%-ы практикалық сабақтардың жеткіліксіз мүмкіндіктерін тілге тиек етеді. 23%-ы халықаралық материалдарға қол жеткізудегі тілдік барьерді негізгі мәселе деп атаса, 17%-ы білікті мамандардың жетіспеушілігі деп жауап берді.



Сурет – 6

Бұл сұрақ Қазақстандықтардың барлығы жоғарғы білімнің халықаралық стандарттарға сай болу керектігін қолдайтындығын дәлелдейді, тіпті көпшілік қауымның оны өте маңызды қадам деп қарастыратындығын көрсетті.

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін жетілдіру үшін қандай өзгерістер қажет деп ойлайсыз?

1	анонимді	Оқыту әдістемесіне халықаралық озық тәжірибелерді енгізу
2	анонимді	Шетелдік университеттермен серіктестік байланыс орнату
3	анонимді	Сандық кітапханалар мен онлайн оқыту платформаларына инвестиция салу
4	анонимді	Халықаралық ынтымақтастық Және Студенттермен Алмасу Бағдарламалары Үшін Мүмкіндіктерді кеңейту
5	анонимді	Мұғалімдердің Біліктілігін арттыру Және Оқыту
6	анонимді	Профессорлық-оқытушылық құрамды ғылыми зерттеулермен айналысуға және халықаралық деңгейде жариялауды ынталандыру
7	анонимді	Заманауи Білім Беру Ресурстары Мен Технологияларына Қолжетімділікті жақсарту
8	анонимді	Халықаралық Стандарттарға сәйкес Оқу Жоспарларын жаңарту

Сурет – 7

Сұрақ жауабы қатысушылардың Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге деген реформаларға үлкен ынтасы мен ұмтылысын көрсетеді. Негізгі бағыттар ретінде білім беру бағдарламаларын модернизациялау мен оқытушылық құрамды жетік білімдермен жаттықтырып, дамыту мен технологиялық жетілдіру қарастырылады.

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіне қатысты қосымша пікірлеріңіз немесе ұсыныстарыңыз бар ма?

1	анонимді	Университеттер ғылыми жобаларды қаржыландыру үшін салалармен ынтымақтасуы керек.
2	анонимді	Халықаралық ресурстарға қол жеткізу үшін ағылшын тілін білу деңгейін арттыру қажет.
3	анонимді	Білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін аккредиттеудің қатаң процестерін енгізу
4	анонимді	Ауылдық жерлерден және аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге қолдау көрсетіңіз.
5	анонимді	Ғылыми-Зерттеу Және Тәжірибелік-Конструкторлық Жұмыстарды Қаржыландыруды ұлғайту

Сурет – 8

Қатысушылар жоғары білім берудегі жетілдіру жұмыстарының кешенді тәсілдерін атап өтті. Негізгілер ретінде инвестициялар құю, тілдік дағдыларды жетілдіру және сапа кепілдігін арттыру айтылды. Зерттеудің екінші әдісі – сұхбат. IQAA (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі) өкілі, доцент Губашев Нұркен Маратовичтен алынған пікірлер қолданылды. Доцент Губашевқа жоғары білім беру саласының әлеуеті және соңғы жылдардағы реформалар туралы бірнеше сұрақ қойылды. Оның айтуынша, Болон процесіне сай дипломдық құрылымдарды өзгерту, оқу бағдарламаларын интернационалдандыру және цифрлық ресурстарға қолжетімділікті арттыру жұмыстары жүргізілуде. Мысалы, көптеген университеттер Еуропа мен өзге елдерде біліктілікті тануды жеңілдететін стандартталған дипломдық құрылымдарға ие Болон процесін қабылдады. Бұл шаралар Қазақстандық ЖОО-ның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін біршама арттырды.

Сондай-ақ, ол заңнамалық қолдау (adilet.zan.kz) және білім сапасын реттеуші құжаттар бар екендігін, бірақ аймақтық деңгейде іске асыру мәселелері әлі де толық шешілмегендігін атап өтті. Сонымен қатар, stat.gov.kz деректері жоғары білім беру секторындағы оң үрдісті көрсететін білім беру шығындарының және студенттерді қабылдау көрсеткіштерінің өскендігін дәлелдейді. Статистикалық талдауларға сәйкес, халықаралық бағдарламаларға көптеген студенттердің қатысуы білім беру нәтижелерін біртіндеп жақсартып келеді.

Ауылды және шалғай өңірлерді сапалы интернетпен, сандық техникамен, білікті кадрлармен қамту өзекті мәселе болып қала береді. Осы тұрғыда қалалық пен ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты жою үшін онлайн білім беру платформаларын жаппай қолданысқа енгізу қажет. Аккредиттеудің маңыздылығы да назардан тыс қалмады. Халықаралық агенттіктерден аккредитация алу арқылы ЖОО-лар білім беру сапасын күшейтіп, халықаралық деңгейдегі танымалдығын арттыра алады.

Зерттеу нәтижелерін талдау

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру орындарындағы білім сапасы халықаралық стандарттарға жақындап келеді. Соңғы жылдары ірі қалалардағы университеттер халықаралық рейтингтерге енді, заманауи оқу бағдарламалары енгізілді, профессор-оқытушылар құрамы біліктілігін арттыруда. Дегенмен, аймақтық университеттердегі білімнің қолжетімділігі мен сапасы өзгеріссіз қалып отыр. Бұл жағдай нақты жоспарлар мен жүйелі реформаларсыз болашақта да оң нәтижелерге қол жеткізе алмайтынымызды көрсетеді. Болашақта жоғары білім беру процесі халықаралық стандарттарға толық сәйкес келіп, барлық студенттер сапалы, әділ және қолжетімді білім алуы қажет. Бұл үшін заманауи технологиялармен жабдықталған оқу орындары, білікті оқытушылар және халықаралық ынтымақтастық жоғары деңгейде болуы тиіс. Қазақстанда жоғары білім сапасын дамыту үшін қолда бар ресурстар – ірі қалалардағы университеттер, ғылыми тәжірибеге ие профессорлар және білім жүйесін жетілдіру бағытындағы мемлекеттік реформалар. Бірақ, шалғай аймақтардағы шектеулі білім алу мүмкіндіктері, цифрлық құралдардың тапшылығы, халықаралық алмасу бағдарламаларының аздығы негізгі кедергілер болып отыр. Бұл кедергілерді жою үшін оқыту әдістерін дамыған елдер тәжірибесіне сүйеніп жанарту, профессорларды заманауи білім беру стандарттарына бейімдеу, цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру қажет. Сондай-ақ, шалғай аймақтардан келген студенттер үшін жатақханалар санын көбейтіп, онлайн білім беру платформаларын дамыту маңызды. Жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру үшін тілдік дағдыларды, әсіресе ағылшын тілін меңгеруді күшейту, ауылдық өңірлерден шыққан студенттерге қаржылай және психологиялық қолдау көрсету керек. Халықаралық студенттермен алмасу мүмкіндіктерін кеңейту және білім сапасын қатаң аккредиттеу арқылы жүйені жетілдіруге болады. Бұл мақсатқа жету үшін алдымен шешімдерді талқылап, барлық салалардағы кемшіліктерді анықтап, білім беру бағдарламаларын қайта қарастыру қажет. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру, технологиялық инфрақұрылымды заманауи талаптарға сәйкестендіру және жыл сайын мониторинг жүргізу – ұзақ мерзімді жетістіктің кепілі. Жоспарлы өзгерістерді жүзеге асыру үшін халықаралық тәжірибені пайдалану, цифрлық жүйелерді жетілдіру және білім беру сапасын тұрақты бағалау арқылы ғана Қазақстан жоғары білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіре алады.

Қорытынды

Зерттеу барысында бірнеше қиындықтар туындады: уақыттың шектеулігі мен сөздер лимиті зерттеудің қысқа жазылуына әсер етті. ЖОО сайттарындағы жүйесіз деректер нақты ақпарат жинауды қиындатты. ҚР-дағы білім сапасы мен

реформалар туралы толыққанды ақпараттың тапшылығы дереккөздердің сенімділігін тексеруде қиындық тудырды. Зерттеу деректерді талдау, сыни ойлау дағдыларын жетілдіріп, дәлелді қорытынды жасауға көмектесті. ҚР университеттерінің халықаралық стандарттарға сай білім беру қабілетін арттыру үшін келесі шараларды ұсынуға болады: стратегиялық жоспар құру және оны жүзеге асыруды бақылау; білім беру саласындағы жаһандық нормалармен таныстыру жұмыстарын жүргізу; оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін тұрақты мониторинг пен тренингтер ұйымдастыру; жас мамандарды қолдау және шетелдік сарапшылармен тәжірибе алмасу; цифрлық технологияларды дамыту және оқу үдерісіне енгізу. Бұл ұсыныстар ҚР жоғары білім сапасын жақсартып, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. [Study In Kazakhstan - QS 2023 рейтингіндегі қазақстандық жоғары оқу орындары](#)
2. [QS 2023 рейтингіндегі қазақстандық жоғары оқу орындары - Жаңалықтар - Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы \(enic-kazakhstan.edu.kz\)](#)
3. [Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](#)
4. [Қазақстан Республикасындағы жоғары білім \(2023ж.\) \(stat.gov.kz\)](#)
5. [Жоғары білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі: тараптар көзқарасы \(enic-kazakhstan.edu.kz\)](#)
6. Еуропалық Жоғары Білім Саласы. "Қазақстан және Болон процесі. (<http://ehea.info/page-kazakhstan>)
7. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі. "Қазақстанда жұмыс істейтін аккредиттеу Агенттіктері. (<https://www.edu.gov.kz>)
8. "Болашақ" Халықаралық Стипендиялық Бағдарламасы. Бағдарлама туралы. (<bolashak.gov.kz>)
9. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu?lang=en>
10. ЮНЕСКО-Қазақстандағы Білім <https://en.unesco.org/countries/kazakhstan/education>
11. Дүниежүзілік Банк-Қазақстан Шолу <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan/overview>
12. Назарбаев Университетінің Халықаралық Серіктестері <https://nu.edu.kz/about-nazarbayev-university/international-partners>
13. Еуропалық Жоғары Білім Сапасын Қамтамасыз Ету Қауымдастығы (ENQA) <https://enqa.eu/>

МӘДЕНИ ИНСТИТУТТАР: ТЕАТРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Еркебай Құдайберген¹ Сүлейменова Г.М.,² Баубекова Н.Ә.

¹ физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Email: (yerkebaykuda@gmail.com)

² физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәні мұғалімі Email: (suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz)

³ физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің география пәні мұғалімі Email: (baubekova_n@fmsh.nis.edu.kz)

Аннотация. Бұл зерттеу мәдени институттардың әлеуеті мен мәселелерін талдауға бағытталады. Мәдени институттардың жұмысы көрермендерге арналған іс-шараларға негізделеді. Олардың міндеті – ұлттық құндылықтарды насихаттау және мәдени алмасуды дамыту. Театрларда классикалық және заманауи қазақ пьесалары қойылып, концерттерде дәстүрлі және заманауи музыка ұсынылады. Қазақстан шетелдік өнер қайраткерлерімен байланыс орнатып, мәдени алмасу арқылы өз мәдениетін танытады.

Кілт сөздер: театр, рухани жаңғыру, рухани құндылық, мәдениет

КІРІСПЕ

Театр өнері ежелден шығармашылықтың ең терең және мәнерлі түрлерінің бірі болып табылады. Ежелгі дәстүрлерден бастау алған театр, оқиғаларды, эмоцияларды және идеяларды жеткізу үшін спектакль, музыка, диалог және көрнекі дизайн сияқты әртүрлі көркемдік элементтерді біріктіреді. Негізінде театр жеке және жалпы кейіпті бейнелейтін қоғамның айнасы қызметін атқарады. Бұл өнер түрі интроспекцияға, моральдық ізденістерге және қоғамдық сынға кеңістік ұсына отырып, ойын-сауықтан асып түседі.

Театр қоғамда эмоционалды реакцияларды ынталандырып қана қоймай, сонымен қатар интеллектуалды белсенділікті, эмпатияны және әлеуметтік сананы ынталандырады. Әңгімелеу арқылы көбінесе махаббат, әділеттілік, жанжал және сәйкестік сияқты әмбебап тақырыптарды қозғайды, бұл оны мәдениетті сақтау мен инновацияның қуатты құралына айналдырады. Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Тәуелсіздік жылдарында жаһандану мен вестернденуге қарамастан, біздің мәдени іргетасымыз беки түсті. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да, жинастыруымыз керек.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері

Мақсаты – қазақ мәдениеті мен қазіргі заманғы менталитеттің үйлесімін зерттеу арқылы театрдың рухани құндылықтарға әсерін анықтау.

Міндеттері:

- Театрдың рухани құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін зерттеу;
- Қазақстан театрларының дамуы мен аймақтық ерекшеліктерін талдау;

- Театрлардың қазіргі қиындықтарын анықтау және шешу жолдарын ұсыну;
- Қазақ мәдениетінің бәсекеге қабілеттілігі мен театрдың ықпалын бағалау.

Зерттеу сұрақтары

- Театрдың жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі қандай?
- Театрлардың халықты тартудағы негізгі мәселелері қандай?
- Қойылымдар арқылы эмоция мен моральді жеткізу мүмкіндігін қалай арттыруға болады?

Негізгі бөлім

Театр - өнер, философия элементтерін ерекше біріктіре отырып қоғамда рухани құндылықтар мен моральдық бағдарларды қалыптастыруда қуатты құрал ретінде қолданылады. Қазақстанда театр әлеуметтік реализмнің ықпалымен дамыды. Алғашқы кезеңде социализм, ұжымдастыру және индустрияландыру үшін күресті көрсететін маңызды қойылымдар жасалды. Бір мысал - 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Амангелді Имановтың қазақ батыры туралы "Амангелді" пьесасы[3]. Ол Кеңес өкіметінің идеологиясына сәйкес келетін әділеттілік үшін халықтың қаһармандық күресін көрсетті. Одан бөлек 1942 жылы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында сомдалған «Қобыланды» эпосы өз халқына адалдық, рухани тәрбиенің негізі болып табылатын ортақ игілік үшін жанқиярлыққа дайын болу сияқты әмбебап құндылықтарды санаға сіңіре білді[3].

2018 жылы көрермендерді 16,6 мың спектакль қуантты. Алайда, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 0,2% - ға аз. Қазақстандағы барлық театр мекемелерінің ішінде ең танымал драмалық (35 театр), қуыршақ театрлары (12) және Жас көрермен театрлары (5).

Театр қойылымдарына осы жылы 2,9 миллион көрермен келген — бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,9% - ға көп. Оның ішінде 1,3 млн көрермен — балалар (келушілердің жалпы санының 43,4%). Ең ынталы театрлар ірі мегаполистерде тұрады, онда мәдени өмірге ең жақсы қолжетімділік қамтамасыз етілген: Алматы (603,7 мың келуші), Астана (410,6 мың) және Шымкент (304 мың көрермен) [4].

Қойылымдар әр заманның өз ерекшеліктеріне байланысты және жеке қоюшы режиссердің ізденімпаздығы мен оның интеллектуалды ойын жеткізе отырып сомдалатыны мәлім. Осы тұрғыда И. Сапарбайдың жазған "Сыған серенадасы" музыкалық драмасының екі нұсқасына салыстырмалы түрде талдау жүргізілді:

Алғашқы сахналанған жұмыстардың бірі — **Е. Обаевтің М. Әуезов театры** ұжымымен атқарған жұмысы. Бұл қойылым трагедиялық тұрғыда Шәмші Қалдаяқовтың өз басынан өткізген қиыншылықтарынан басталады. Осы сәтте көрерменге қазақ менталитетіне сіңген «Жұрт не демек» деген ойы салынады. Кейінірек бұл сахна арқылы кейіпкердің өз мамандығына деген сенімі мен жұмысын жалғастыру қабілеті арқылы аудиторияға ортаның ойына ермеу, өзіңе деген сенімді арттыру қажеттігі туралы ой салады. Одан бөлек қойылымның ерекше назар аударатын сәті, мұндағы жігіттің намысшылдық қасиеті мен ішкі сезімі сыртқа, жігіттер арасындағы «жанжал» арқылы сахналанады. Бұл да

адамға жеке шектерді сақтау, және әрқашан өзінді қорғауға дайын болу қажеттілігін көрсетеді

Екінші нұсқасы — **Қ. Қасымовтың Ж. Шанин атындағы театрдағы жұмысы.** Екі режиссердің де бір автордың жұмысын сахналағанымен, екеуінде де жергілікті диалектке қатысты ерекшеліктері кездеседі. Мұнда сыған ұлтының бейнесі Әуезов театрынан ерекше, үлкенді, яғни ақсақалды сыйлаған және айтқанын екі етпей тыңдаған рөлде сомдалады. Ал композитордың анасына арнап жазған әніне үлкен леп беріліп, ананың бейнесі мен орны сыйластықпен көрсетіледі.

Екі театрда да отбасы араздығы көрсетіліп, оны үлкендердің қатысымен, жақсы толқында шешілгені баяндалады. Екеуіндегі айырмашылық, екі театрдың екі аймақта орналасуында екендігінде. «Сыған серенадасы» әнінің тарихына үңілсек, бұл Алматының аумағында, сыған ұлтының ортасында шығарылады. Осыған сәйкес қойылымда да сыған ұлтының бейнесі айқын, анықталынып, олардың күнделікті өмірі кішігірім іс-әрекеттерімен анық бейнеленсе, осыған сәйкес «Ана туралы жыр» әні де, Шәмші Қалдаяқовтың туып өскен жерінде жазылғандықтан, Шанин театрында ананың бейнесі композитордың ішкі сезімін көрерменге нақты жеткізе отырып сахналанады. Бұл өзгешеліктерден айқындалатын нәрсе, жергілікті аймақтық диалект пен менталитетке байланысты театрлық көріністер таңдалынып, жергілікті мекеннің ұстанымдарына адаптацияланады.

Қазақстан халқының рухани құндылықтары көпқырлы әрі бірегей. Әр аймақтың өзінің мәдени дәстүрлері мен ерекшеліктері бар, бірақ жалпы құндылықтар ортақ. Қазақ тілінің сақталуы мен дамуы халықтың негізгі рухани құндылықтарының бірі болып табылады. Жастардың арасында да тілге деген қызығушылық артуда. Осы арқылы ұлттық тіл және дәстүрлер сақталынып, «трендке» енуде. Сонымен қатар зайырлы құндылықтар да маңызды рөл атқарады. Комедиялық жас буынға арналған қойылымдар осы тарапта алға тартып, ел арасында танымал болуда. Бұл өзара түсіністік пен толеранттылықтың жоғары деңгейіне әкеледі. Жаңа буынның көзқарастары заманауи білім мен технологияларға сүйенеді, бірақ олар ұлттық дәстүрлермен үйлесімде дамып келеді.

Театрлардың халықты өзіне шақырудағы негізгі мәселелері мен жалпы мақсаты нақтыланбауының себебі неде?

Қазіргі қазақ мәдениеті жаһандану, технологиялық даму және ұлттық бірегейлікті сақтау қажеттілігімен тығыз байланысты. Мәдени институттар, соның ішінде театрлар, мұражайлар, кітапханалар, мәдениет үйлері және өнер орталықтары маңызды рөл атқарады. Алайда, олар көптеген қиындықтарға тап болуда. Интернет желісі мен үлкен ақпараттық қолжетімділік халықтың мәдениет үйлеріне баруын азайтуда. Онымен қатар елімізде коммерциялық бағыттағы жүргізіл жатқан фильмдер өз танымалдығына байланысты театр есігінің ауқымын кемітуде. Мәселенің негізгі себептері:

1. Маркетингтік стратегиялардың болмауы: Театрлар аудиторияны зерттеуге, заманауи контент жасауға және жарнамаға жеткілікті көңіл

бөлмейді. Жастарды тарту үшін цифрлық технологияларды қолдану маңызды болғанымен, билеттерді әлі де кассадан алу қажеттігі сақталуда.

2. Заманауи технологияларды қолданбау: Театр ғимараттарында акустикаға жеткілікті назар аударылмайды, техникалық жабдықтардың жетіспеуі дыбысты естуге және көріністі толық қабылдауға кедергі келтіреді.

3. Бағдарламалардың жаңашыл болмауы: Театрлар дәстүрлі қойылымдармен шектеліп, жастар мен түрлі әлеуметтік топтардың қызығушылығын ескеретін заманауи тақырыптарды аз қояды.

4. Қоғамдағы мәдениеттің төмендеуі: Қазіргі уақытта адамдардың бос уақытты өткізу тәсілдері өзгерді, көптеген жастар кинотеатр, интернет және әлеуметтік желілерді қалайды, театрға баруды ескермей жатады. Жалпы бақыт гормонын әлеуметтік желілер арқылы 1 минутқа жетпес бейнероликтерден алып үйренуі, қойылымдағы ұзақ акттерге назар салудан алыстатады [5].

Халыққа қарапайым көрсетілімдер мен қойылымдар арқылы белгілі эмоция мен моральді жеткізу мүмкіншілігін қалай арттыруға болады?

Халыққа эмоция мен моральді тиімді жеткізу үшін театрлар қойылымдарды қарапайым және түсінікті етіп ұйымдастыруы қажет. Көбінесе тілдің ауырлығы көріністі түсінуле қиыншылықтар туғызып жатады. Осыған қоса қойылымдардың халық өміріне жақын болуы көрерменнің өзінің өткізіп жатқан оқиғасы ретінде сезінуіне жол беріп, театрлық қойылымның танымалдылығын арттыра алады. Сонымен қатар театрдағы қойылымның сәтті шығуының басты кілттерінің бірі актерлердің шынайы эмоциялық ойыны мен дұрыс таңдалған музыкалық фон қойылымы. Визуалды элементтер, сахна декорациясы мен жарықтандыру да аудиторияның назарын аударып, эмоционалдық атмосфераны күшейтеді. Бұл адамға тікелей сезімдерді жеткізудегі негізгі қадамдар.

Музыкалық концерттердегідей, документалды емес қойылымдарда интерактивті элементтерді қосу, мысалы, көрерменмен тікелей байланыс орнату, оларды қойылымға белсенді түрде араластырып, эмоционалдық қатысуды арттыру түру де көрерменнің қызығушылығын оятып, халықтың назарын осында аударады. Қысқартылған бейнелердің таратылып, әлеуметтік желіде танымалдылығының арттыруы да мүмкін.

Театр репертуарындағы өзекті мәселелердің бірі, өзекті тақырыптың таңдалмауы. Қоғамдық мәселелерді қозғап, аудиторияның жас ерекшеліктеріне сай тақырыптарды таңдау, сондай-ақ, оқиғалар мен кейіпкерлердің терең ішкі жан-дүниесін ашып көрсету арқылы көрерменге оқиғаның моральдық жағын жан-жақты жеткізуге болады. Қойылымнан кейін талқылау өткізу де көрермендерге ойды тереңірек түсінуге көмектеседі, осылайша, театр эмоция мен моральді жеткізудің тиімді құралына айналады.

Осы қадамдар арқылы театр қойылымдары көрермендерге әсерлі эмоцияны және терең моральдық құндылықтарды тиімді жеткізіп, олардың санасына терең әсер ете алады. Бұл, қойылымдардың әсерін күшейтіп, аудиториямен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Зерттеу қорытындыларын түйіндеу

Әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері сандық және сапалық деректерден тұрады, бұл зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастыруға жол ашады. Сұрақтардың 5-еуі сандық жауаптарға, ал 4-еуі сапалық пікірлерге бағытталған. Жиналған ақпаратты талдай отырып, мынадай қорытындылар шығаруға мүмкіндік бар.

№	Сауалнама сұрағы	Жиі кездесетін жауап
1	Біздің еліміздегі казак мәдениетінің қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз?(44)	<ul style="list-style-type: none"> ● 39% - Орташа деңгейде
2	Сіздің ойыңызша, казак мәдениеті басқа шетелдік мәдени ағымдармен салыстырғанда әлемдік аренадағы бәсекелестік деңгейі қандай?	<ul style="list-style-type: none"> ● 28% - Төмен
3	Жастар арасында рухани және мәдени құндылықтарды қалыптастыруда театр қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?	<ul style="list-style-type: none"> ● 39% - Тәлім-тәрбиелік
4	Сіздің ойыңызша, бүгінгі таңда казак дәстүрлерін сақтау мен ілгерілетуде қандай мәдениет институттары ең ықпалды?	<ul style="list-style-type: none"> ● 49% - Кинотеатр
5	Театр саласындағы негізгі мәселелер?(44)	<ul style="list-style-type: none"> ● 41% - Жеткіліксіз маркетинг ● 41% - Қаржыландыру төмендігі ● 39% - Актерлардың шеберлігі ● 27% - Тақырыптың өзектілігі ● 18% - Аудиторияның аздығы ● 14% - Әкімшілік қысым ● 9% - Техникалық жабдықтың төмендігі, технологиялардың жеткіліксіздігі
6	Жас ұрпақтың рухани тәрбиесінде казак мәдениетінен қандай үміт күтесіз?	<ul style="list-style-type: none"> ● Қазақ мәдениеті жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар мен тарихты терең түсінуге көмектеседі деп сенемін. Бұл олардың тамырына деген мақтаныш сезімін оятып, елінің болашағына жауапкершілікпен қарауға бағыттайды. ● Мәдениет арқылы жастар рухани құндылықтар мен адамгершілікті бойына сіңіреді деп үміттенемін. Бұл олардың моральдық қасиеттерін күшейтеді. ● Мәдениет арқылы жастар рухани құндылықтар мен адамгершілікті бойына

		сіңіреді деп үміттенемін. Бұл олардың моральдық қасиеттерін күшейтеді.
7	Елден тыс жерлерде казак мәдениетінің танымалдылығын арттыруға қандай шаралар ықпал етуі мүмкін?	<ul style="list-style-type: none"> ● Халықаралық мәдени шаралар мен фестивальдерге қатысу – Қазақ мәдениетін әлемдік сахнада көрсету үшін дәстүрлі музыка, би, өнер көрмелері арқылы таныстыру. ● Шет елдерде мәдени орталықтар ашу – Бұл қазақ тілі мен мәдениетін үйренуге және насихаттауға мүмкіндік береді. ● Шет елдерде мәдени орталықтар ашу – Бұл қазақ тілі мен мәдениетін үйренуге және насихаттауға мүмкіндік береді.
8	Казак мәдениетін жас ұрпақ үшін қол жетімді және тартымды етуге не көмектесе алады деп ойлайсыз?	<ul style="list-style-type: none"> ● Цифрлық платформада таныстыру – Элеуметтік желілер, видеоблогтар, және мобильді қосымшалар арқылы қазақ мәдениетінің мазмұнын жас буынға бейімдеп жеткізу. ● Оқыту форматын жаңғырту – Мектептер мен университеттерде интерактивті әдістермен қазақ мәдениетін оқыту. ● Оқыту форматын жаңғырту – Мектептер мен университеттерде интерактивті әдістермен қазақ мәдениетін оқыту.
9	Мәдени және рухани құндылықтарды тиімдірек жеткізу үшін театрлардың халықпен өзара әрекеттесуін қалай жақсартуға болады?	<ul style="list-style-type: none"> ● Қойылымдарды онлайн платформалар арқылы трансляциялау – Қол жетімділікті арттырады, әсіресе жастар үшін. ● Театр қойылымдарын ашық кеңістіктерде немесе халық жиі жиналатын орындарда ұйымдастыру – Бұл театрды жақындатып, кең аудиторияны тартуға көмектеседі.

Осы зерттеудің нәтижелерін талдау негізінде зерттеу міндеттері келесі нәтижелерге қол жеткізді:

1. Театрдың рухани құндылықтарға ықпалы:

Театр жастарды тәрбиелеуде және моральдық құндылықтарды насихаттауда маңызды рөл атқарады. Сауалнама мен сұхбат нәтижелері оның тәлімдік және шабыттандырушы әсерін растады.

2. Қазақстан театрларының мәселелері:

Негізгі кедергілер – маркетингтің әлсіздігі, заманауи технологиялардың аз қолданылуы, қаржыландырудың жеткіліксіздігі және тақырыптардың өзектілігінің төмендігі.

3. Аудиторияға әсерді күшейту жолдары:

Қойылымдарды қарапайым әрі түсінікті ету, заманауи технологияларды

енгізу, интерактивті элементтерді пайдалану және визуалды-музыкалық құралдарды тиімді қолдану ұсынылады.

4. Қазақ мәдениетінің бәсекеге қабілеттілігі:

Сауалнама нәтижелері ұлттық өнердің әлемдік деңгейде әркелкі бағаланатынын көрсетті. Бұл шетелдік өнермен байланыс орнату және ұлттық мәдениетті дамыту қажеттігін айқындайды.

Қорытынды

Зерттеу жұмысы барысында біршама қиыншылықтар туды. Ең негізгі мәселе жергілікті театрлар туралы ақпараттың интернет желілеріндегі аздығында, яғни бұл саланы тереңірек зерттеген адамның көмегінсіз үлкен қиындықтар туады. Алайда, сұхбат беруші маманның арқасында бұл сұрақтар өз жауабын таба алды. Сонда да статистикалық, біржақты және детальді ақпараттардың аздығы жұмыстың шектілігін, әлі де жетілдіруді қажет екендігін көрсетеді. Мектепте алған GPPW сабағында алынған қосымша білімім мен тәжірибием, атап айтқанда деректерді жинау мен талдау дағдылары, зерттеу жұмысын жазу барысында маған үлкен көмек болды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, жүйелеу және нақты қорытындылар жасау да тәжірибиемен шыңдалғандықтан аса қиындық туғызған жоқ. Сұхбаттың нәтижелері маған зерттеу мен талдау барысында кәсіби тұрғыдан одан әрі даму жолында шабыт берді.

Қорытындылай келе, театр мәдени институт ретінде қоғамның рухани және мәдени құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын байқаймыз. Театрдың рөлі тек ойын-сауықпен шектелмей, көрермендердің ой-санасын, дүниетанымын және мәдени талғамын дамытатын ерекше ғылым саласы ретінде кеңінен өз қырларын ашады. Зерттеу барысында театрдың халыққа жақын болуын арттыруға бағытталған мақсаттар мен қадамдар ұсынылды. Кәсіби мамандарды тарту, жас мамандарды қолдау, шетелдік және жергілікті театрлармен тәжірибе алмасу және жаңа шығармашылық идеяларды қолдау театрдың алдағы дамуына үлкен ықпал етіп, оның көрермендер арасында танымалдылығын арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Осы ұсынылған іс-шараларды жүзеге асыру арқылы театр қоғамда мәдениеттің және рухани құндылықтардың тұрақтылығын сақтауда өз үлесін қоса алады және аталып өткен барлық ақпараттар зерттеу жұмысына, меніңше, жеткілікті деңгейде жауап бере алады. Бастысы, ұсынылатын кеңестер мен мәселенің шешу жолдарына құлақ асып, шешімін табуда белгілі жұмыстар атқару.

Қазақстан Республикасының мәдениет институттарына және жеке театрларға ұсыныс:

1. Мекеме туралы ашық ақпараттар мен жетістіктері туралы жеке, ресми сайтта жариялау және ашық түрде ақпарат тарату;
2. Мамандардың шеберлігін арттыруда қосымша шеберлікті арттыру сабақтарын өту;
3. Халықты театрға шақыру жұмыстарын атқарыду интерактивті шаралар өткізу;

4. Қойылым залдарындағы техникалық жабдықтар қолайлығын тудыру;

Бұл ұсыныстар мәдениет институттарының жұмысын жақсартуға ықпал етіп, мәдени өрлеу жолында өз үлесін қосады. Нақтыланған жоспарлы іс-әрекеттер жасалған жағдайда дер кезінде өз пайдасын және жұмыс нәтижесін көруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «2012 жылғы Қазақстан президентінің халыққа жолдауынан» (2023) // Қазіргі әлемдегі Қазақстан: Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 12-сыныбына арналған

2. «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» бағдарламасы (2021, 9-наурыз) // <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-bilim/press/article/details/42748?lang=ru>

3. «Қобыланды эпосы құндылықтарды санаға сіңіре білді» (2024, 18-наурыз) // (2024, 27-ақпан) // <https://24.kz/ru/news/culture/item/640525-spektakl-po-motivam-eposa-koblandy-vpervye-predstavili-v-aktobe>

4. «Театрдағы көрермен» (2021, 21-ақпан) // [За год казахстанские театры посетили почти 3 млн зрителей | Inbusiness.kz](https://inbusiness.kz)

5. Назар аудару мәселелері (2023, 8-қыркүйек) // <https://trends.rbc.ru/trends/social/64fb2fe49a794780754f9959>

6. Сурет 1-5: Forms.App сайтында жасалған сауалнамадан қорытындылар // <https://jbxee10d.forms.app/opros-o-teatre>

**«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК САБАҚТАРЫ:
ЖҰМАБЕК ТӘШЕНЕВТИҢ МҰРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

11 сәуір 2025 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической конференции
**«УРОКИ НАЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕРЕСА И ГОСУДАРСТВЕННОСТИ:
НАСЛЕДИЕ ЖУМАБЕКА ТАШЕНЕВА»**

11 апреля 2025 г.

MATERIALS

of international scientific and theoretical conference
**" LESSONS OF NATIONAL INTEREST AND STATEHOOD: THE LEGACY
OF ZHUMABEK TASHENEV"**

April 11, 2025

Ғылыми редактор Л. Динашева
Жауапты хатшылар А. Сандыбаева, А.Малдыбек

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.

Редакцияның мекен-жайы:
161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ.
Оқу ғимараты. Рабиға Сұлтан Бегім к., 14 А

Халықаралық туризм және меймандостық университеті ресми сайтында
жинақтың электрондық нұсқасы шықты

Электрондық басылым 10.04.2025 ж. мақұлданды.
Шартты баспа табағы 8,12. Тапсырыс 11 © ХТЖМУ, 2025

